

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**Казахский язык и литература
в русской школе**

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

1/2011 ҚАҢТАР

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ,
Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан
ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия
КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Оль-
га МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА,
Күлпәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.**

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар отауы

Мәкеш МҰҚАМБЕТҚАЛИЕВА.	Қазақ халқының дүниетанымы арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру.....	3
Әмина МАҒЗҰМБЕКОВА.	Тақырыптық сөздер арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретудің психологиялық негіздері.....	9

Мұғалімдерге көмек

Тұрсын МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.	Интерактивті оқытудың тиімділігі.....	18
Кенжегүл ҚАШҚЫНБАЕВА, Алмаш ОТАРБАЕВА.	Қазақ тілі сабақтарында аймақтық компоненттерді қолдану.....	25

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Ш. ЖАНЫБЕКОВА.	Мағжан Жұмабаев. «Қарағым».....	31
Айгүл ҚАСЕНОВА.	Ш.Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы.....	34
Рабиға АТАЕВА.	Сәкен Сейфуллин. «Ананың хаты».....	38

Тиімді әдіс – баришаға ортақ

Жібек ДЮСЮПОВА.	Сөйлеуді ұйымдастыру процесінде мұғалім мен оқушының бірлесіп әрекет жасауы.....	43
Назигүл ШАҚПАҚПАЕВА.	Етістіктің райлары.....	51

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Гүлшат ҚАРЖАУБАЕВА.	Шылау.....	57
Гүлзира МАКИШЕВА.	Үшінші сыныптағы сөздік қор.....	61
Аяужан КАРБОЗОВА.	Тіл үйреткен саз өнері.....	64
Индира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ.	Жаңа сөздер - «Ұлттық киімдер» дүкенінде.....	67
Әсемгүл БЕКІШЕВА.	Ізетті баланың грамматикалық білімі.....	71
Болатқазы ҚАЖЫҰЛЫ.	Терісі бағалы аңдардағы етістіктің болымсыз түрі.....	75
Бақытгүл ЖАНҒОЖАЕВА.	Отбасылық сөйлеу дағдысы.....	79
Баян ӘБІЛМӘЖІНОВА.	Сөйлеу тілінде - қазақтың ұлттық аспаптары.....	82

Педагог пайымы

Гүлжан ҚАЗБЕКОВА.	Қазақ тілі сабақтарында жеке тұлға белсенділігін арттыру.....	87
Айнаш ИМАНҒАЛИЕВА.	Абай қарасөздерінің гibrаты.....	91
Әлия МҰНТАЕВА.	Қазақ тілін жоғары, сапалы деңгейде оқытудың басты факторы - интерактивті технологиялар.....	94

Әдеби кеш

Айгүл САДЫҚОВА.	Абай мен Мұхтар.....	98
-----------------	----------------------	----

Білім сынағында

Гүлзада КӘРІМОВА.	Ұлттық Бірыңғай Тестіге арналған танымдық сұрақтар.....	108
Күлбарам ҚАЙМАҚОВА.	Тіл дамыту жолдары.....	116
Сәуле ҚАЙЫРБАЕВА.	Мемлекеттік аралық бақылауға дайындауға арналған 150 сұрақ.....	120

Точка зрения

Айгуль САПАРОВА.	Использование интернет ресурсов.....	127
------------------	--------------------------------------	-----

Мұғалім мінбесі

Мейрамгүл ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ	Оқушылардың сөздік қорын дамытудың тиімді жолдары.....	137
-----------------------	--	-----

Мәкеш МҰҚАМБЕТҚАЛИЕВА,
Тұрар Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дың
доценті, педагогика ғылымдарының
кандидаты.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақстанда білім жүйесін реформалау бірнеше салаға бағытталған. Олар: құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржы-экономикалық, саяси-әлеуметтік. Отандық білім беру жүйесі ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, әлемдік деңгейдегі сапаға жеткізу үшін ұлттық білім беру жүйесінің стратегиясын дамыту үстінде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттері: азаматтық пен елжандылық, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктерін, қазақ халқы мен республиканың барлық халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге баулу» - деп көрсетілген [1]. Осыған орай өзге ұлт өкілдеріне тіл үйрету барысында студенттердің дүниетанымын кеңейту үшін қазақ халқының ұлттық құндылықтарын пайдалану мақсаты алға қойылады.

Дербес тұлғаны жаңа заман талаптарына лайық даярлау жолында оқытушының көтерер жүгі ауыр. Әр адам өзінің өмір сүру жолында түрлі әрекеттерді игереді. Осындай әрекеттердің бірі – тіл үйрену. Қазіргі заман талабы - мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, іс-қағаздарын сауатты жаза білу. Қазақ тілін меңгеру барысында

ұлтық дүниетанымды кеңейтіп, халықтың аса құнды байлықтарын танып-білу арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру іске асырылады.

Сабақ барысында қазақ халқының асыл қазынасы болып саналатын ауыз әдебиеті жанларының түрлерін, тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды, ырымдар мен тыйым сөздерді, әдет-ғұрып, ишараларын, ұлағатты нақыл сөздерді, халықтың тәрбиелік дәстүрлері сияқты тағы да басқа тағылымдарды үйрету арқылы студенттердің танымды кеңейтіледі. Осылайша дербес тұлғаның дүниетанымы кеңейіп, тіл үйренуге ұмтылысы артады. Кез келген сабақ таным әрекетін іске асыруға бағытталады.

Таным - адамдардың жаңа білімді игеру үдерісі. Түсіндірме сөздікте «таным – білімге қол жеткізу, тиісті білімді алу», «тану – заттардың пайда болуын, маңызын білдіреді» деп көрсетілген. Таным – адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани байлығының өсуі. Тіл үйрету барысында студенттердің дүниетанымын кеңейту – сол халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, тарихы, әдебиетін үйреніп, зерттеп-білумен тікелей байланысты. Таным – ақиқатқа жету, бұрын таныс емес шешімдерді іздеу, жаңалық ашу, оны іздеу. Соның нәтижесінде ғана оны практикалық өмірде пайдалануға жол ашылады [2].

Қазіргі заманауи жаңалықтардың бірі - құзыретті білім беру болып табылады. Құзыреттілік – бұл өте күрделі мінез-құлықтардың кешені. Оған білімді меңгеруге бағытталған интеллектуалдық ақыл-ой және дағдылар жүйесі, біліктер, түрлі психикалық қасиеттер, т.б. кіреді.

ЮНЕСКО-ның бағдарламалық құжаттарында құзыреттілік - дағдылар жиынтығы, ол әрбір дербес тұлғаға тән делінген. Сонымен қатар құзыреттілікте мына біліктіліктер бір-бірімен үйлесім табады. Олар – әлеуметтік мінез-құлық, топта жұмыс істей білу, бастамашылдық, тәуекелге бел байлау [3].

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға

енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Оның пайымдауынша, құзыреттілік термині грамматика білімдеріне негізделеді.

«Құзыреттілік» термині сөздіктерде білімді меңгеру, одан хабардар болу, беделді болу сияқты мағыналарды қамтиды. Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз - жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Ақпараттандыру ғасырындағы білім берудің парадигмасының өзгеруіне орай дербес тұлғаға білім беру тек қана білім және біліктердің болуымен ғана шектелмей, оның құзыретті болуына көп мән беріледі.

Ғалымдар К.Устемиров, Н.Р.Шаметов, И.В.Васильевтердің пікірінше: «құзыреттілік – маман өзінің кәсіби білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, еңбекте жоғары сапалық және сандық нәтижелерге қол жеткізу мақсатында нақты бір мамандық шеңберіндегі белгілі бір жұмыс түрлерін кәсіпқойлықпен орындай алу қабілеттіліктері»[4] болып табылады.

Қазақ тілін орыс бөлімі студенттеріне үйретуде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру басты орында тұрады. Тіл үйрету үрдісінде адамның дүниетанымы дамып, тереңдеген сайын түрлі әлеуметтік сұрақтарға жауаптар беруге дайындықтар жасалып, көзқарастар пайда бола бастайды. Түрлі сұрақтарға жауап беру үшін дұрыс ұғым, дүниенің өзгеруі мен дамуы туралы ой-пікірлер қалыптасады.

Тіл үйретуде тек қана грамматикалық ережелерді жаттатып қана қоймай, студенттің дүниетанымын кеңейту мақсаты алда тұрады. Үйреніп жатқан тілінің ерекшеліктеріне мән беріп, тілдік қатынасқа еркін түсуге не кедергі екендігін анықтап алу қажет.

Студенттерді қазақ халқының өзіне тән дүниетанымымен таныстыру да – тіл үйретудегі маңызды әрекеттердің бірі. Қазақ халқының тілі, тарихы, мәдениеті, өнері, ауыз әдебиетінің жанрлары, өмір салты, салт-санасы, әдет-ғұрыптары, шаруашылығы өзіне тән ерекшеліктерімен белгілі.

Қазақ халқының дүниетанымына тереңірек үңілсек, мақал-мәтелдер, айтыс өнері, жыраулық өнер, шешендік, тіл байлығын қастерлеу сияқты тағылымдар атадан балаға мирас болып жеткен. Танымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін осындай халықтың баға жетпес құндылықтарын тіл үйретуде орынды пайдаланудың нәтижесі зор. Жалғастырушы топтарда қазақ тілін еркін меңгерту үшін сөз мәйегін, яғни, мақал-мәтелдерді сөйлесімде қолдану жолдарын үйрету әдістемесі әлі де даму үстінде. Студенттер ойын еркін әрі тиянақты жеткізу үшін сөйлемдерді әрлеп, мақал-мәтелдерді орынды қолданып үйренулері қажет. Әрбір мақал-мәтелден өмір тұжырымдарын, философиялық, даналық ойларды байқауға болады. Осылар арқылы студенттің дүниетанымы кеңейіп, сол халықтың тілін үйренуге құштарлығы артады.

Қазақ халқы мақал-мәтелдерді белгілі бір шешім қабылдауда, ой тоқтамына келтіруде, уәжге дәлел ретінде және шешен сөйлеу үшін қолданып отырған. Рухани ойдың байлығын тіл байлығы арқылы көрсетуге болады. Халықтың даналық сөздерінің мағынасын терең меңгерген студенттің тіл байлығы артып, шешен сөйлеуге машықтанады. Сондықтан дүниетанымды кеңейту арқылы көркем, мәнерлеп сөйлеуге үйрету іске асырылады.

Жалғастырушы топ студенттерін қазақ тілінде еркін сөйлеуге үйрету барысында мақал-мәтелдерді орынды қолдануға үйретудің маңызы зор. Ол үшін мақал-мәтелдердің айтайын деген түпкі ойын табуды алғашқы сабақтардан үйрету керек. Содан кейін барып, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде тиісті мақал-мәтелдерді іріктеп алып, айтайын деген ойын қысқа да нұсқа түрде жеткізуге арналған жұмыс түрлері орындалады.

Қазақ халқы мақал-мәтелдерге өте бай. Мақал-мәтелдердің көтеретін тақырыптары өте көп. Олардың әлеуметтік, тәрбиелік, танымдық мәндері бар. Біз олардан халықтың ой елегінен өткізген, өмірде дәлелденген, әбден нақтыланған тұжырымдарын көреміз [5].

Студенттерді мәнерлеп сөйлеуге үйретуде оның тек қана сыртқы формасына мән берілмей, ішкі когнитивтік мазмұнына да көңіл бөлінуі қажет. Сабәқ барысында тақтаға мақал-мәтелдер беріліп, олардың қандай тақырыптарды көтеретіндіктері анықталып, сөйлемдерде қолдана білу білігін арттыруға арналған жұмыс түрлері орындалады. Мақал-мәтелдерді үйрету арқылы студенттердің сөздік қорын байытуға болады. Мақалдардың айтары: өсиет, ұлағат, тәлім-тәрбие, парасат, ізгілік, адамгершілік екендігін олардың мазмұнын меңгерту арқылы түсіндіреміз. Ол үшін түрлі жаттығулар топтамасын ұсынуға болады.

Оқыту үрдісі негізінен студенттің жеке-дара шығармашылықпен еңбек етуінің көрінісі болып табылады. Ол көбіне үздік жұмыстарды орындау кезінде байқалады. Сондықтан оқытушы әр студенттің жеке қабілеттерін дер кезінде аңғарып, соған сай тапсырмалар беруді ыңғайластыруы қажет. Әр студентке жеке тапсырма беру олардың білімді саналылықпен игеруіне дағдыландырады, ой қабілетін жоғарылатып, үйренетін тіліне, сол халықтың өнерін, мәдениетін, салт-дәстүрін оқып білуге құштарлығын арттырады.

Студенттердің танымдық құзыреттілікті қалыптастыруға арналған мақал-мәтелдердің тақырыптарын беру арқылы орындалатын топтық жұмыстары оқу міндеттерін шешуде бірнеше адамнан құралған белгілі бір топтың бір жұмысты бірігіп орындауынан құралады.

Мұндай жұмыс істеу кезінде топ мүшелерінің әрқайсысының білім дәрежелері, ойлау қабілеттері, шығармашылықпен жұмыс істей алуы, ой-өрісінің кеңдігі, топ мүшелерімен тіл табыса алуы, көшбасшы болуға ерекше қабілетінің болуы, кез келген қиын жағдаяттан шыға білуі сияқты қасиеттері мен ерекшеліктерінің болуы тапсырманың нәтижелі орындалуына әсер етеді.

Оқытушының басты назары әр студенттің ерекше қасиеттерін көре білуге бағытталуы тиіс. Топтық жұмыстардың ерекшелігі - ортақ мүддені, мақсатты көздейтіндігінде. Әрбір студенттің өзін көрсете білуі осы кезде байқалады. Осындай шығармашылықпен

жұмыс істейтін топтық жұмыс түрлерін орындау кезінде студенттердің ойлау қабілеттері артып, тіл байлықтарының ерекшеліктері байқалып, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар өз ойын тұжырымдап жеткізуге машықтанады.

Танымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында мақал-мәтелдер арқылы дүниетанымды кеңейтуге, тіл байлығын арттыруға арналған жұмыс түрлерін түрлі ойындар арқылы беруге болады. Бұл ретте командалар арасында мақал-мәтелдер жарыстары ұйымдастырылады. Ол үшін топ мүшелері 2 командаға бөлініп, өздерінің көшбасшыларын сайлайды.

1-тапсырма. Топ мүшелері өздерінің мақал-мәтелдерге байланысты тақырыптарын береді. Мысалы: еңбек, достық, адамгершілік, сауда, ақша, туған жер, т.б. Екінші команда мақал-мәтелдер арқылы жауап беріп, әр мақалды түсіндіреді.

2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің көтерген тақырыптарын анықтау. Ол үшін кәртішкелерге жазылған мақал-мәтелдер команда мүшелеріне таратылады. Команданың әрбір мүшесі өзінің қолындағы тапсырмаға жеке жауаптарын дайындайды. Осы кезде белсенді студенттер әлсіз топ мүшелеріне көмекке келеді.

3-тапсырма. Берілген мақалдардың баламалары басқа ұлттарда кездесе ме? Осы кезде өзге ұлт өкілдерінің ана тілінде мақал-мәтелдер арқылы сөйлей алу біліктіліктері анықталады. Студенттердің тіл байлықтарының қаншалықты екендіктері осы кезде байқалады.

4-тапсырма. Бірінші топ мүшелері мақалдарды бастайды да, келесі топ оны аяқтайды. Мысалы: *Оқусыз білім жоқ,....Атаңның баласы болма,....Еңбек түбі –береке,....Досы көпті жау алмайды,....Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше,....Байлық - мұрат емес,.... Тегін тапқан теңгеден,....Туған жердей жер болмас,Жан қиналмай жұмыс бітпес,....Бейнетің қатты болса,....Кісі елінде сұлтан болғанша,....*

Бұл жұмыс түрлерін орындату нәтижесінде студенттердің

дүниетанымын кеңейтуге арналған мақал-мәтелдерді орындап, еркін сөйлеуге үйретуге мүмкіндіктер туғызылады. Осындай ойын түрлерін орындату арқылы студенттердің тіл байлықтарын жетілдіруге болатындығына көз жеткізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319. 27.07.2007.
2. С.Мырзалы. Философия. А., 2008. 642-б.
3. Доклад международной комиссии по образованию, представленной ЮНЕСКО. «Образование: сокровитное сокровище. М., ЮНЕСКО, 1997.
4. Профессиональная педагогика. Под.ред. К.Устемирова. Научно-метод. центр проф.обр. АИПА, А., 2005. 432-с.
5. Д.Кішібеков. Философия (оқулық). Алматы, 2006. 354-б.



Әмина МАҒЗҰМБЕКОВА,
Лев Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
практикалық қазақ тілі
кафедрасының аға оқытушысы.

ТАҚЫРЫПТЫҚ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әлемдік аренада бәсекелестікке қабілетті мемлекеттің дәрежесіне жету үшін қоғамның әр саласында еңбек ететін мамандар жоғары кәсіптік, зияткерлік құзырлықты, өз бетімен білім алуға қабілетті, озық технологияларды жетік меңгерген,

жеке тұлға ретінде толық қалыптасқан мәдениетті азамат болуы тиіс. Сапалы білім, саналы тәрбие бере отырып осындай тұлға қалыптастыру үшін алдымен әр оқытушы - психолог болуы шарт, өйткені, әр баланың психологиясын жақсы білмейінше, оларға білім беру де, дұрыс тәрбие беру де мүмкін емес.

И.А.Зимняя педагогикалық психологияда Ф.Н.Гоноболін анықтаған педагогикалық қабілеттердің (дидактикалық, академиялық, перцептивтік, экспрессивтік, авторитарлық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық) маңызы зор екенін және бұл түсіндірмені (трактованы) Н.Д.Левитов, В.А.Крутецкий, т.б. ғалымдардың дамытқанын айтады. В.А.Крутецкий перцептивтік қабілеттің мазмұнын былай ашады: «Перцептивные способности - способности проникать во внутренний мир ученика, воспитанника, психологическая наблюдательность, связанная с тонким пониманием личности учащегося и его временных психических состояний. Способный учитель, воспитатель по значительным признакам, небольшим внешним проявлениям улавливает малейшие изменения во внутреннем состоянии ученика» [1.42].

Ұлы әдіскер ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретінін білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болуы керек» деп оқытушының білімді, білікті болуымен қатар баланың психологиясын жақсы білуі керектігін айтқан [2.433].

«Объективтік сипаттағы бірінші қасиет мұғалімнің өзі оқытып отырған пәнін білу дәрежесінде, берілген мамандық бойынша, туыстас пәндер, кең білімдегі ғылыми даярлық дәрежесінде жатыр, содан кейін пән әдіснамасымен, жалпы дидактикалық ұстанымдармен таныстықта және ең соңында, мұғалім жұмыс

стемеуіне тура келетін балалар жаратылысының қасиеттерін білуде жатыр; субъективті сипаттың екінші қасиеті – оқытушылық өнерде, жеке педагогикалық талант пен шығармашылықта жатыр» [3.595].

Жеке пәндер әдістемесінде психологияның алатын орны ерекше. Тіл үйрету барысында ойлау, қабылдау, түсіну, ес, дағды сияқты психикалық құбылыстарды зерттеп-білудің маңызы зор. Осы құбылыстарды білмейінше өзге тілді ұлт өкілдеріне қазақ тілін жүйелі, сапалы түрде меңгерту мүмкін емес.

Халқымыздың «Сөз - ойдың көрінісі, ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр» деген нақыл сөзінен ақыл-ойдың тілден көрінетіндігі байқалады. Ойлау мен сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты, яғни, тілдік қатынастың психологиялық негізі адамның ойлау жүйесіне байланысты. Жаңа сөздерді меңгерте отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету үшін студенттерді ең алдымен ойлана білуге баулу керек. Әр сабақта олардың логикасын дамыту, ұғымдарын кеңейту жұмыстары ұдайы жүргізілуі тиіс. Баланың логикасын дамыту, ұғымдарын өсіру науқандық жұмыс емес. Ол – әрбір сабақ үстінде ұдайы жүргізілетін жұмыс. Ол үшін орындалатын жаттығулар мен тапсырмалар қызықты, мақсатты, дұрыс таңдалуы қажет.

Адам ойлау арқылы сыртқы дүниені бейнелесе, сөз арқылы өз ойын басқа біреуге жеткізеді, яғни, ойлау – сыртқы дүниені мида бейнелеудің ең жоғарғы формасы. Өз ойын басқаға тиянақты, байланыстыра отырып жеткізу үшін студенттің сөздік қоры мол болуы тиіс. Тіл мен сөйлеу ежелден бері жеке адамның да қоғамдық ой-санасын жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Адам айналасындағылармен пікірлеседі, өзінің күнделікті сөйлеу тәжірибесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді, біртіндеп сөздік қоры молаяды. Сөздік қоры молайған сайын ойын тура, нақты жеткізеді. Психологтар ойлауды дамыту ес дамуымен тығыз байланысты: 19 жаста мнемикалық функциялар логикалық функциялардан гөрі тезірек дамиды, 20 жаста кері көрініс байқауға болады, ал 22 жаста екі функцияның да көрсеткіштері төмендейді, 18-19 жаста ойлау функцияларының салыстырмалы тұрақтануы

байқалатынын айтады.

Ойлаудың бастапқы формасы – ұғым. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Ұғым қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау үшін де оқытушының психологиялық білімі қажет. Сонда ғана студенттің сөздік қорын тақырыптық сөздер арқылы байыта отырып, оларды сөйлем құрауға, ойын жүйелі, бірізділікпен айтуға, яғни, байланыстырып сөйлеуге үйретуге болады. Ол үшін мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады: жаңа сөздерге морфологиялық талдау жасау; синонимдік, антонимдік қатарларын табу; сөзден сөз тудыру, яғни, жаңа сөздер жасау; жаңа сөздермен сөйлем құрастыру; шығармашылық жұмыстар жүргізу, т.б.

Сөз қоршаған ортаны нақтылы мағынамен көрсете келіп, адам ойының сөйлем арқылы сыртқа шығуына негіз болады. Сонымен қатар қатысымдық тұлға ретінде қолданғанда ішкі мән-мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркесу ерекшелігі жағынан да, айтылымы мен жазылымы тарапынан да, дауыс ырғағынан байланысты қосымша реңімен де тіл үйренушінің назарын аудартады. Сөйтіп, сөз сөйлемнің жасалуына әсер етсе, сөйлем мәтіннің ұйтқысы болады. «Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі - сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлілігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз - екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы. Ойы таяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды. Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни, әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы» [4.414].

Студенттер белгілі-бір тақырып аясындағы сөздерді жетік меңгеріп, байланыстырып сөйлеуді меңгергенде сол тақырып төңірегінде өз ойын мазмұнды, жүйелі жеткізуге, мәнерлі, айқын

сөйлеуге үйренеді. Ол үшін оқытушының да мәнерлі сөйлей білуінің, дауыс ырғағының, білімі мен біліктілігінің маңызы ерекше. В.А.Артемов «Учитель должен быть современным, обладать достаточным запасом знаний и высоко культивированной речью (в психологическом, языковом и коммуникативном отношении), быть выразительным и воздейственным» дейді [5.147].

Сондықтан оқытушы сөйлеу барысында интонацияны, ым-ишара мен қол қимылдарын пайдаланып отырса, бұл тіл үйретуді эмоциялық жағынан толықтырып жеңілдетеді. Жақсы мұғалім оқу бағдарламасы мен оқу құралы жаман болса да жақсы білім береді. Өз ісін жақсы меңгерген, жан жақты біліммен қаруланған, бала жанын жақсы түсіне білетін ұстаз кез келген сабақты өз мақсатына жеткізе біледі.

Профессор Нұржамал Оралбаева қазақ тілі пәні мұғалімінің сабақты тартымды етіп өткізуі үшін қажетті деген жағдайларды атап көрсетеді:

«...*біріншіден*, мұғалім мен оқушының сабақ кезеңіндегі қарым-қатынасы, мұғалімнің өзін-өзі ұстау мәнері, сөйлеу мәдениеті, тіл үйренушіге талап қоюмен қатар, оны сыйлай білуі; *екіншіден*, сабақтың тақырыбының нақтылығы; *үшіншіден*, мұғалімнің білім деңгейінің тереңдігіне оқушының сенімі; *төртіншіден*, оқушылардың мұғалімге деген жақсы көзқарасы, мұғалімнің оқушылар алдындағы абыройы; *бесіншіден*, сабақ кезінде мұғалімнің оқушы зейінін тек қана сабаққа аудару білуі; *алтыншыдан*, сабақ барысында оқушылардың барлығының іспен шұғылдануын қамтамасыз етуі [6.245].

Психологтар да бала өмірінің жағдайын дұрыс ұйымдастырудың, оның әрекетінің (ойын, оқу), онымен қарым-қатынас және ынтымақтастық жасаудың, яғни, бала дамуының мақсаттарына жауап бере алатын білім беруші ортаның дұрыс ұйымдастырылуы өте маңызды екенін айтады.

Шынында да, оқу-білім беру, әсіресе, жүйелі түрде оқу мен өзін-өзі оқыту адамның ой белсенділігінің жоғары деңгейін, оның

интеллектуалдық жұмысқа қабілеттілігін қолдап отыратын өте күшті және үнемі әрекеттегі фактор болып табылады.

Күрделі психикалық үдерістердің бірі – ес. Ес дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін үдеріс [4.375]. Ес адамның қабылдау, ойлау, қиял сияқты құбылыстарымен тығыз байланысты. Ол, әсіресе, ойлау үшін аса қажет. Жүсіпбек Аймауытұлы «... еске түсіру дегеніміз – ойлау өнері. Өз жадымызда, не шәкірттеріміздің жадында бір нәрсені берік орнату үшін саналы күшімізді із қалдыруға, тұтуға жұмсағаннан да, жаңаны бұрынғы таныс нәрсемен байланыстыруға жұмсауымыз керек. Байланыстырудың мәнісі ойлау деген сөз» дейді [7.162].

Жаңа сөздерді студент саналы түрде меңгеріп, есінде ұзақ сақтап, оны сөйлеу барысында дұрыс пайдалана білуге үйрету үшін жағдаятты тапсырмалар орындау, әр түрлі оқиғаларға өз көзқарасын білдіру, сөйлесім құрастыру, әсіресе, мәтінді әңгімелеуде жаттандылықтан аулақ болуға баулыған жөн. Оқытушы мәтінді студенттің өз сөзімен, мәтіндегі оқиғаға өз көзқарасын, ойын білдіре отырып әңгімелеуін үнемі талап етіп отыруы тиіс. Психолог ғалым Құбығұл Жарықбаев «Есте қалдырылуға тиіс шығарманы адам мүмкіндігінше өз сөзімен құрастырған сөйлемдермен айтып бергені абзал. Егер бала мұғалімнің айтқанын не өзінің кітаптан оқығанын сөзбе-сөз айтып беретін болса, мұндай жағдайда оның есте қалдыру қабілеті жақсармайды» дейді [4.381].

Кез келген тілді екінші тіл ретінде үйрету барысында басты назар жаңа сөздерді меңгертуге бөлінеді. Жаңа сөздерді көрнекі құралдар арқылы немесе ана тіліне аудару арқылы меңгерту тиімді ме деген мәселені қарастырушы ғалымдар жаңа сөздерді көрнекілік арқылы меңгертудің тиімді екенін айтады. «...Слова, усвоенные наглядным образом, сохранялись дольше, чем слова, усвоенные переводным способом. Картина влияет на запоминание слов в двух противоположных направлениях: а) яркие образы являются

опорой при воспоминании особенно трудного материала, влияя на логическую конструкцию рассказа и порядок припоминания слов; б) вместе с тем зрительное восприятие образа имеет тенденцию трансформироваться в новые образы, часто несходные с начальными впечатлениями, вследствие чего ослабляется начальная связь с картинкой. Осмысление материала не противоречит наглядности введения слов, а включает ее. Эмоциональная окраска материала, более яркая при воспроизведении образов предметов или их изображений на картинке, создает добавочные стимулы для активизации речи и при понимании слов на иностранном языке» [5.247].

Педагог-психологтар студенттің білмейтін сөзін сурет арқылы көрсетудің нәтижесінде сөзді лезде үйреніп алатындығын айтады, яғни, он рет айтқаннан, бір рет көрсеткеннің пайдалы екені рас. Көрнекілік көрсету барысында тыңдаушының көру, есту, ойлау сияқты бірнеше сезімдері оянады да, оған материалды ұғыну мен есте сақтау едәуір оңайға түседі.

Қазіргі кезде өзге тілді азаматтарға (студенттер мен қызметкерлерге) қазақ тілін үйрету үрдісінде интерактивті тақталар мен мультимедиалық кабинеттердің рөлі айрықша болып отыр. Интерактивті тақталар арқылы көрнекілік пайдалану студенттің жаңа сөзді саналы түрде меңгеруіне ықпал жасайды және ойлау қабілеттерін арттырады. Мысалы, туризм мамандығында оқитын студенттерге «Турист өміріне қауіп төндіретін факторлар» деп аталатын лексикалық мәтінді меңгертуде осы тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді көрнекілік арқылы көрсеткенімізде сөздердің студент есінде жақсы сақталғанын байқадық.

Тақырыптық сөздер арқылы байланыстырып сөйлеуді меңгертуде адамның қабылдау үдерісінің де рөлі ерекше. «Қабылдау дегеніміз - дүниедегі заттар мен құбылыстардың біздің сезім мүшелерімізге әсер ету нәтижесінде пайда болып, сол заттар мен құбылыстардың тұтас қасиеттерінің адам санасындағы бейнесі» [8.183]. Қабылдауда заттар мен құбылыстардың формасы,

т.б. қасиеттері тұтас күйінде бейнеленеді. Жаңа сөздерді сурет көрсету арқылы меңгерткенде студенттер оны көру түйсіктері арқылы қабылдайды. Тіл үйрету үрдісінде қабылдаудың мәні ерекше. Сондықтан студенттердің қабылдауларын тәрбиелеп, дамыту бірден-бір қажет мәселе болып табылады. Қабылдауды дамыту үшін студенттің байқағыштық қасиетін дамыту аса қажет. «Байқағыштық жаңа фактілерді білуге құмарлықты, олардың егжей-тегжейін білуді, адамның әрдайым қабылдауға даярлығын тілейді» [4.365].

Тіл арқылы қарым-қатынас жасау байланыстырып сөйлеу арқылы ғана жүзеге асатын болғандықтан байланыстырып сөйлеу үшін дайындалған материалдар мен оны оқыту әдістері тіл үйренушінің психологиялық жағдайларына, атап айтқанда, олардың қабілетіне, қазақ тілін үйренуге деген ынтасына қарай іріктеледі.

Студенттік кез – бұл ерекше әлеуметтік категория, жоғары білім беру институтымен ұйымдастырыла біріктірілген адамдардың ерекше қауымдастығы. Студенттік шақ білім мен кәсіби іскерлікті мақсатты, жүйелі игеруші, табанды оқу еңбегімен айналысатын адамдарды қамтиды. Әлеуметтік топ ретінде кәсіби бағыттылығы мен болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасқандығымен сипатталады. Бұның өзі кәсіби таңдаудың дұрыстығының, студенттің таңдаған мамандығы жайлы ойының болуы мен толықтығының мәні болып табылады. Студент болашақ маман ретінде мамандық қоятын талаптар мен кәсіби іс-әрекеттерді білуі тиіс. Психологтар студенттердің мамандық жайлы елестетулер деңгейі, оның оқуға деген қатынасының деңгейімен теңестірілетінін айтады. Студент өзінің болашақ мамандығы туралы неғұрлым аз білсе, соғұрлым оның оқуға деген қатынасы жағымсыз болады. Сондықтан оқытушы студенттің тілін болашақ мамандығына қатысты терминдермен дамытып қана қоймай, оларға болашақ мамандығы туралы мәліметтер беріп отырғаны жөн. Оқыту мақсаты тіл үйренушінің меңгеріп жатқан

тілге деген қатынасын да анықтайды. В.А.Артемов «...Известна и другая форма отношения к иностранному языку, определяемая степенью его необходимости для деятельности лиц, изучающих иностранные языки, особенно для реально ощутимой ближайшей деятельности. Лица, которые изучают иностранный язык, для того чтобы через год поехать в интересную заграничную командировку или экскурсию, усваивают язык несравненно быстрее и тщательнее, чем лица которым кажется, что иностранный язык не принесет им никакой реальной пользы» дейді [5.146].

Сондықтан оқытушы студенттің болашақ маман ретінде қазіргі мемлекет тарапынан қойылып отырған талап бойынша мемлекеттік тілді жақсы білуі тиіс екендігін, тек болашақ мемлекеттік қызметкер ретінде ғана емес, өз Отанының патриоты ретінде, Қазақстанның азаматы ретінде мемлекеттік тілді міндетті түрде білуі олардың азаматтық парызы екендігін түсіндіруі қажет. Тілді меңгерудің осындай мақсаттары мен қажеттілігі тіл үйренушінің тіл үйренуге деген қызығушылығын туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.А.Зимняя. Психология обучения иностранным языкам в школе. М., «Просвещение», 1991.
2. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. Алматы, «Ана тілі», 1992.
3. П.Ф.Каптерев. Дидактические очерки. Теория образования// Изб.педагог.соч. М., 1982.
4. Қ.Жарықбаев. Жантану. Алматы, «Шұғыла», 2008.
5. В.А.Артемов. Психология обучения иностранным языкам. М., «Просвещение», 1969.
6. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, «Ана тілі», 1996.
7. Ж.Аймауытұлы. Психология. Алматы, «Рауан», 1995.
8. Қ.Сейталиев. Жалпы психология. Алматы, «Білім», 2007.



Тұрсын МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,

Астана қаласындағы

Қазақ ұлттық өнер

университетінің

аға оқытушысы.

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылар терең ойланып, парасатпен оқуға, мәтін ішіндегі ойды түсініп, оларды әр түрлі көзқарас тұрғысынан зерделеуге үйренеді, мәтіннің стилі мен жанрын бағалауға, оқуды өз басындағы мәселелерді шешуде қолдануға дағдыланады.

Қазақ әдебиеті сабақтарындағы мәтіндік қызмет екі бағытта жүргізіледі: оқу мәтіндерін оқу және әдеби (бос уақытта) оқуды ұйымдастыру немесе А.А.Леонтьевтің анықтамасы бойынша «еңбектену ретінде оқу және демалу мақсатында оқу». Оқи білуді оқытудың дәстүрлі әдістемесі «Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз» сияқты тапсырмалардан құралған оқу белгісінен тұрады. Бұдан кейін оқылған мәтінді қаншалықты дәрежеде түсінгенін, сөздерді есте сақтағанын тексеру мақсатында, кейде оқылғанды талқылау үшін, бірқатар тапсырмалар беріледі. Сабақ барысында оқу мәтіндерін интерактивті оқуға үйрететін қазіргі әдістеме үш кезеңнен тұрады: мәтінді оқуға дейін, мәтін оқу кезінде және мәтінді оқығаннан кейін. Оқырмандардың белсенділік дәрежесін көрсететін үшбұрыш түрінде ұсынылған сызбада оқуға және жазуға үйретудің қазіргі тәсілі мүлде басқаша жасалған, яғни, аударылған үшбұрышты еске салады. Мұнда дәстүрлі әдістемеге қарағанда мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін мәтінді оқуға дейінгі қызметке көп көңіл бөлінеді, ал дәстүрлі әдістеме бойынша

мәтінмен интерактивтік және коммуникативтік сипатта жұмыс жасалады. Мұндайда мәтінді оқудан кейінгі жұмыс жұптық негізде орындалады.

Оқуға және жазуға үйрету.

Оқудың қалыпты түрі **Интерактивтік оқу**

Мақсат: мағынасын құрастыру.



Мәтінді сәтті меңгеру үшін оқушы мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу стратегиясының бірнеше тәсілдерін білуі керек. Стратегияны өз қалауы бойынша таңдауға болады, бірақ таңдау жасау үшін оқушы тәжірибесінде стратегиялар репертуары болуы керек. Қазіргі кезде әдебиет пәнінің мұғалімдерінде оқудың әр кезеңіне арналған стратегиялар репертуары бар, бұл – сабақта арнаулы мәтіндік қызметті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және барлық білім алушыларды оқылым үдерісіне белсенді жұмылдыруға көмектеседі.

Мәтінді оқуға дейінгі кезеңде білім алушыларға олардың бойындағы білімді және тәжірибені, сезімдер мен болжамдарды талдауға және бағамдауға және тағы басқаларды талқылауға бағытталған бірқатар тапсырмалар беріледі. Мұғалім мәтінді оқуға дейін мазмұнын тақырып бойынша болжау, сұрақтарды талдау, ойлау әрекеті, «білемін – білгім келеді – білдім» (Б-Б-Б) және т.б. сияқты стратегияларды қолданады.

Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгімесін» меңгерудің қиындығы – оның бейнелі, метафоралық тілмен

жазылуында, орыс тілді мектеп оқушылары оны бірден түсіне алмайды.

Сабақта сөздік жұмысын міндетті түрде жүргізу қажет, бұл білім алушыларға қазақ тілінің сұлулығын көруге және сезуге мүмкіндік береді.

Ойтүрткі: Автобиография (өмірбаян) дегеніміз не? Автобиография – (авто – менің, био – өмір, графия – жазу). Жазушылар не туралы жазады? (Қашан, қай жерде туды? Сол өлкенің ерекшелігі қандай? Ата-анасы кім? Қандай балабақшаға барды, өздерінің тәрбиеші апайларының есімін еске ала ма? Мектептегі алғашқы мұғалімін ұмытқан жоқ па?).

Балалар 5 топқа бөлінеді, әр топқа тапсырма беріледі. Олар мәтіннің үзіндісін оқып, аударып, содан соң басқа тапсырмаларды орындайды (15 минут).

1-топ. Ғ.Мүсіреповтің өмірбаянымен танысып, берілген сұрақтарға жауап беру.

Ғабит Мүсірепов – академик, Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері.

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің проза, драматургия, публицистика, журналистика салаларының дамуына үлес қосқан суреткер-жазушы.

2-топ. Өз өмірбаяныңды жаз. Сұрақтарға жауап бер.

1. Аты-жөнің кім? Атыңды кім қойды?
2. Қашан, қай жерде тудың?
3. Сол өлкенің ерекшелігі қандай?
4. Ата-анаң кім?
5. Отбасыңда басқа балалар бар ма?
6. Қандай балабақшаға бардың?
7. Өзіңнің тәрбиеші апайларыңның есімі есінде қалды ма?
8. Мектептегі алғашқы мұғаліміңді ұмытқан жоқсың ба?

Оқу кезеңінде мұғалімдер оқу мәтінінің түріне байланысты стратегияны қолдану арқылы мәтіндік қызметті ұйымдастырады. Ақпараттық мәтіндермен жұмыс істеуде, әсіресе, ақпараттық

кәртiшке, белгілеу арқылы оқу, сұрақтар қою, анықтау картасы, айғақтар пирамидасы, Венн диаграммалары сияқты және т.б. стратегияларды қолдану тиімді. Мәселен, оқушы ақпараттық кәртiшкемен жұмыс істей отырып, оны кілт сөздермен толықтырып қана қоймай, сонымен қатар ол ақпаратты серіктестің кәртiшкесімен салыстырады, өз кәртiшкесіне жеткіліксіз ақпаратты басқа түспен көшіреді, содан соң оқушылар бір-біріне сұрақ қояды және не туралы білгендерін, нені анықтағандарын өз сөздерімен айтып береді.

Көркем мәтіндермен жұмыс барысында келесі стратегияларды қолдану қызметті жақсы ұйымдастыруға көмектеседі: әңгімелеу картасы, әңгіме пирамидасы, кейде тоқтап оқу, сұрақтар қою, мәтінді ықшамдау, аңдатпа – қысқаша мазмұндау – мазмұндау және т.б.

3-топ «Автобиографиялық әңгіме» шығармасымен жұмыс жасайды.

Мәтінді оқы, түсінуге тырыс, сұрақтар құрастыр.

- Қазіргі кезде, яғни, еліміз егемендік алған шақта, Наурыз мерекесі қалай тойлануда?

- *Мен жыл басы – 22 Наурыз күні киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен. Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қора үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берген.*

Оқушылармен жұмыс мәтінде кездесетін жаңа сөздермен, фразеологизмдермен жүргізіледі, себебі оқулықта олардың талдауы берілмеген.

Сөздік: 22 наурыз – 22 марта;

бірсыпырасы – многие;

үбірлі-шүбірлі – многодетная семья;

жер сілкіну – землетрясение;
күн мен айдың тұтылуы – затмение;
сәби – младенец;
қалжа сүйегі - кость (сәби туғаннан кейін қойдың етінен тағам
жасалып, босанған ананы және қонақтарды тамақтандырады);
ұйқастыра ат берген - младенцу давали имя созвучное с
именами других детей в семье.

Мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңде оқырмандық пікірді, бағаны
білу мақсатында *мәтіннен кейінгі талқылау* жүргізіледі, білім
алушылар пікір алмасып, нені білгендерін, нені анықтағандарын
ортаға салады. Кластерлерді, графиктер мен сызбаларды,
синквейндерді құрастыру, пікірталасқа түсу, эссе жазу жұмыстың
әдеттегі стратегияларына айналды.

4-топ мәтіннен метафораларды тауып, мағынасын ашуға
тырысады.

– *«Ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған
сияқтымын: жылауық болмаппын». «Сәби туған күні жер де
сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран
да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған».*

Осы сөйлемдердің мағынасын аш.

Мәтіннің мағынасын ажырату (15 минут ішінде оқушылар
мәтіннің мағынасын қалай түсінгенін, ой-қиялында қандай
көріністер туғанын, әдеби тілдің қандай ерекшеліктерін
анықтағанын көрсетуге тырысқанын байқадық).

Үйге тапсырма: мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер,
«Менің өмірбаяным» деген тақырыпта шығарма жазып келіңдер.
«Автобиографиялық әңгіменің» басқа үзінділерін оқып, мазмұндап
бер, өзіңнің ой-пікіріңмен бөліс». Орыс әдебиетінде өмірбаяндық
туындыларды кімдер жазған? (Л.Толстой, М.Горький). Сол
туындылардың үзінділерін қазақ тілінде тауып, оқып келіңдер.

Білім алушылар Ғабит Мүсіреповтің “Автобиографиялық
әңгімесін” оқу және талдау барысында мәтіннің орыс тіліне
соншалықты дұрыс және әдеби аударылғанын ескеріп,

маңыздылығын түсінді. Себебі: әңгімені бірінші рет оқығанда оларға көп нәрсе түсінікті болған жоқ. Білім алушылардың өз өмірбаяндарын құрастыруы оларға жазушының өз өмірбаянын мазмұндау логикасын түсіну, жазушының тілі мен стилінің ерекшеліктерін анықтау, өздерінің сөздік қорларын байыту оңай болды.

Нақтылау, жеке көзқарасты кеңейту немесе өзгерту әр алуан мәтіндік қызметтің нәтижесі болып табылады, бұл оқуда ынтымақтастық жасауға, сонымен қатар кең репертуарлы стратегия құруға көмектеседі, ал білім алушыларға әр түрлі мәтінді әр түрлі мақсатта оқуға мүмкіндік береді. Мұндай оқу «эмоционалдық және зияткерлік тұрғыдан бірге уайымдау, бірге ойлау, бірге әрекет ету» құбылыстарын туындатады және жеке танымдық әрі шығармашылық дербестікке әкеледі. Осылайша, оқу жаттаудан, зымырап оқудан тұрмайды, ол берілгенді түсіну арқылы жүзеге асырылады.

Біз мәтіндік қызмет стратегияларын оқытуды нұсқаулармен жұмыс стратегиясынан бастаймыз. Білім алушылар берілген тапсырмадан кілтті сөздерді табуға үйренеді, олардың астын сызып немесе маркермен ерекшелеп, мынадай сұрақтарға жауап береді: «Біз не істейміз?» және «Біз мұны қалай істейміз?». Білім алушылар «ойға алғандарын естіртеді», тапсырманы орындау тәсілдері туралы пікір алмастырады. Бұл стратегия барлық пәндер бойынша қолданылады және білім алушыларға тапсырмаларды орындауда мұқият, соған сәйкес табысты болуға мүмкіндік береді.

Нұсқаулықты дұрыс пайдалану іскерлігі, әсіресе, жоғары сынып оқушыларын бірыңғай ұлттық тестілеуге дайындау кезінде аса маңызды. Себебі: тапсырманы дұрыс түсінбеу оны бұрыс орындауға әкеліп соғады.

Оқушыларға күрделілігіне қарай үш деңгейден тұратын сұрақтар беріледі, олар «Сұрақтар ағашы» және «Сұрақтар теңізі» стратегияларында берілген. Осыдан сұрақтар тобының шартты атауы туындайды. Шын мәнінде, бұл - бір стратегияның әр

алуан түрі, бұл балаларға таңдау мүмкіндігін тудыру мақсатында жасалған. 1-топ – беткі немесе үстіңгі сұрақтар: *Кім? Не істеді? Қайда? Қашан?* 2-топ – «Су астындағылар» немесе «Тамырлар». Сұрақтары: *«Неге?, Қалай?, Егер ... болса, онда ...?, Солай бола ма?»* және т.б.» сөздері мен сөз тіркестерінен басталады. 3-топ – «Сандық ішіндегі сұрақтар». Бұл сұрақтардың мәні - мәтінді өмірмен, оқырман тәжірибесімен байланыстыру: *мәтін сенің өміріңдегі оқиғалармен қалай байланыстырылған? Егер сен ... орнында болсаң, онда не істер едің? Бұл неге ұқсайды? Бұл бүгінгі күні болып жатқандармен байланысты ма?*

Біздің ойымызша, балаларға барлық күрделі деңгей бойынша сұрақтар қоя білуді үйрету маңызды. Біз сол арқылы олардың мәтінді түсіну дәрежесін байқай аламыз. Ақпарат айғақтық, концептуалдық және мәтіндік болып үшке бөлінеді. Бірінші топтағы сұрақтарсыз айғақты ақпарат жоғалады, онсыз мәтінді қысқаша мазмұндау мүмкін емес. Екінші топтағы сұрақтарсыз мәтіннің құрылымдық-логикалық байланыстарын түсіну мүмкін емес, автордың ойын аңғару және мәтіннің толық мазмұнын айту қиын. Үшінші топтың сұрақтары мәнмәтінді түсінуге көмектеседі.

Балаларымызға үйреткен тиімді стратегиялардың тағы бірі- «сұрақтар мен жауаптар арасындағы қатынас» стратегиясы. Бұл стратегия мәтінді түсінуге, сұрақтардың жауабын табуға көмектеседі. Біздің білім алушылар мәтін бойынша сұрақтарға жауап бермес бұрын «жауаптың қайда екенін» түсіну керектігін біледі. Кез келген сұрақтың жауабы не мәтінде, не жауап берушінің басында болуы мүмкін. Егер жауап мәтінде болса, онда ол бір сөйлемнен немесе бірнеше сөйлемнен тұруы мүмкін, не болмаса мәтіннің әр түрлі бөліктерінен табылуы мүмкін. Екінші жағдайда, оқушылар мәтіннің әр түрлі бөліктерінен жауап іздейді. Егер сұрақтың тікелей жауабы мәтінде болмаса, бірақ оны автор түсіндіріп өтсе, онда мұндай жауапты біз «автор және мен» деп атаймыз, себебі, мен авторды зерделеп отырмын. Егер сұрақтың жауабы мәтіннен тыс жерде болса, бірақ сұрақ қоюшы жауап

берушінің сұрақ-жауабын білетіндігін білсе, онда мұндай жауапты біз «тек мен» деп атаймыз.

Мәтіндік қызметті ұйымдастыру білім алушылардың оқырмандық және ақпараттық құзыреттілігін дамытуға көмектеседі, бұл «өз бетінше іздеуге, талдауға, сұрыптауға, өңдеуге және ауызша, жазбаша ақпараттық технологиялардың көмегімен қажетті ақпаратты тарату іскерлігі қабілетінің» болуын көрсетеді. Білім алушылар жаңаша оқуға үйрене отырып, бастауыш сыныптағы үйірмеде оқу жолынан әдеби конференцияға, жоғары сыныптардағы пікірталастарға өтеді. Ақпаратпен жұмыс істеу іскерлігі жобалық-зерттеу қызметінде де көмектеседі.

Интерактивтік оқытудағы стратегиялық тәсіл білім алушылардың өз бетінше оқу деңгейін жоғарылатуға, оқылғанды есте сақтауға, білім алушылардың оқырмандық құзыреттілігін, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға көмектеседі.

**Кенжегүл ҚАШҚЫНБАЕВА,
Алмаш ОТАРБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Риддер қаласындағы
орта мектептің мұғалімдері.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Еліміздің егемендік алуы, ұлттық сана-сезімнің өсуі, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу білім беру саласында аймақтық компонентті енгізуді қажет етеді. Аймақтық компонент білім берудің негізгі бөлігі

болып табылады.

Бұл тұрғыда ең негізгі артықшылықтың бірі - жеке тұлғаны қалыптастыру, көп ұлттың өкілдері тұратын қоғамға сәйкес отансүйгіш азаматты тәрбиелеу.

Аймақ – ортақ белгілеріне қарай біріккен аудан, аумақ немесе елдердің ірі тобы не болмаса облысы деген сөз.

Компонент – бір нәрсенің құрамды бөлігі, яғни, аймақтық компонент – белгілі бір облыстың не ауданның бөлігі деген сөз. Еліміздегі әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістер оқытылатын пәндердің мазмұнына тікелей әсер етуде. Қазақстан Республикасының жаңа білім беру саясатына байланысты аймақтық компонентті енгізу білім беру саласының ең маңызды бір бөлігі болып отыр. Аймақтық компонентті енгізудегі құндылық – адамдарды табиғатпен, қоршаған ортамен өзара байланысты екендігін көрсету, туған өлкеге, туған қаласына, «Отанына» деген азаматтық тұрғыдағы көзқарасын тәрбиелеу. Осы талаптарды жүзеге асыру мақсатында бағдарлама жасалды. Бағдарлама бойынша қазақ тілі сабақтарында мынадай модуль сабақтары енгізілген:

- өлкеміздің табиғаты, экономикасы;
- өлкеміздің тарихы;
- географиялық жағдайы;
- тұрғылықты халықтың ұлттық құрамы;
- ұлы адамдар өмірі, шығармашылығы;
- осы аймақта тұрып жатқан тұрғындардың салт-дәстүрлері;
- ғылымның, спорттың, мәдениеттің дамуы;
- аймақтың экологиялық жағдайы.

Аймақтық компонентті енгізудің мақсаттары мен міндеттері қандай?

Оқытудағы мақсаттар: 1. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін арттыру; 2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2030» даму бағдарламасы мен Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын орындап, азаматтық тәрбие

беру; 3. Оқу – тәрбие ісінде аймақтық компонент туралы көптеген шаралар өткізу; 4. Барлық білім салаларында аймақтық компонентті кеңінен пайдалану. Осы мақсаттарды орындау үшін, өз өлкеміздің патриоттарын тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындау керек. **Міндеттері:** өз аймағымыз бойынша өз өлкеміздің тарихы, әдебиеті, экологиясы, өнертанушылары жайында түсінік беріп, мәліметтер жинау. Өз өлкеміздің тағдырына үлес қосатындай сезім қалыптастыру.

Жүргізілетін жұмыстардың әдістері	Жұмыс түрі (формасы)
1. Әңгімелесу (дәріс, баяндама, әңгімелеу, түсіндіру). 2. Көрнекілік (байқау, саяхат, демонстрация). 3. Практикалық.	1. Жекеше. 2. Топпен. 3. Ұжыммен. 4. Жас ерекшеліктеріне байланысты. 5. Жалпы сыныппен. 6. Сыныптан тыс.

Күнтізбелік жоспарда көрсетілген тақырыптар бойынша сабақты дайындау барысында ең алдымен материалдарды жинақтаймыз. Әдебиеттерді жинақтауда мынадай принциптерді басшылыққа аламыз: ғылымилығы, тиімділігі, мазмұндылығы, өзектілігі, оқушылардың жас ерекшеліктерін, ұлттық ерекшеліктерін ескеру. Әдеби материалдар оқушыларға қызықты тақырыптар төңірегінде топталады. Мысалы: Шығыс Қазақстан қалалары, өзен-көлдердің тарихы, «Менің қалам», «Біздің қала туралы өлеңдер, әндер», «Белгілі адамдар», «Туған өлке туралы аңыз-әңгімелер», т.б. «Отан отбасынан басталады» десек, туған облысымыздың, қаламыздың тарихын, атаулы оқиғалар, айтулы адамдардың өмір жолдарымен таныстырудың мәні зор.

Қолданылатын көрнекіліктер: физикалық карта, суреттер, бейнефильм. Оқушыларды мәтінмен таныстырып, толығырақ мәлімет беру мақсатында бейнефильмді көрсетеміз. Картадан

сол жерді немесе өзен-көлдің қайда орналасқанын табу. Бұл жерде пәнаралық байланысты көруге болады. Белгілі адамдардың өмірі, шығармашылығы жайында айтқанда мынадай үлгіні пайдаланған тиімді: өмірбаяны – шығармашылығы – диалог – монолог – абзацқа бөлу – сөйлем – сөз – септеу – тәуелдеу, т.б. лексиканы грамматикалық тапсырмамен байланыстыра беруге болады. Жергілікті ақын-жазушылардың өмірінен деректер келтіру.

Бастауыш және орта буынды сыныптарда «Жыл мезгілдері» тақырыбы жиі кездеседі. Мақсаты: туған өлкеге сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, отансүйгіштікке баулу, табиғатты, қоршаған ортаны қорғау, жергілікті суретшілердің жұмыстарымен таныстыру. Сабақтың көрнекілігі: суреттер, буклеттер, мектеп мұражайына, қалалық өлкетану мұражайына саяхат. Риддер қаласының табиғатымен салыстыра суреттеу, әңгіме құрату, бейнефильмнен Риддердің табиғатын көрсету.

Аймақтық компонент білім беруде тек білім саласымен шектелмейді. Бұл, ең алдымен: тарих, мәдениет, әдебиет, салт-дәстүр. Мектептерде аймақтық компоненттерді енгізуді үш бағытта қарастыруға болады: 1-бағыт – оқушылардың оқу кезеңі; 2-бағыт – оқушылардың оқудан тыс кезеңі; 3-бағыт – оқушылардың мектептен тыс кезеңі.

1-бағыт – оқушылардың оқу кезеңі. Бұл бағытта аймақтық компонентті сабақтың әр түрлі кезеңдерінде, сонымен қатар тіл дамыту сабақтарында да қолдануға болады. Мысалы: шығарма, мазмұндама, диктант жазу, мәтінмен жұмыс, реферат жазу және т.б.

2-бағыт – оқушылардың оқудан тыс кезеңі. Олар: сыныптан тыс оқу, сыныптан тыс сағаттар, конференциялар, ақын-жазушылармен, белгілі адамдармен кездесу. Іздену-зерттеу жұмыстары. Бұл жұмыстардың нәтижесі оқушылардың ғылыми жұмыстары болуы мүмкін.

3-бағыт – оқушылардың мектептен тыс кезеңі. Олар: үйірме жұмыстары, көрмеге, мұражайға саяхат, олимпиадаға, байқауларға


катысу. Оған мысал ретінде қалалық білім бөлімі тарапынан өткізіліп тұратын дәстүрлі «Абай оқулары», «Оралхан Бөкей оқулары», «Қазақтың хас батыры» байқауларын атауға болады.

Қазақ халқы - тамыры тереңге тартқан ұлы ұлыстардың бірі. Бірақ тәуелсіздік алғанға дейін еліміздегі мәдениет, білім, ғылымның даму тарихы халық арасына барынша бұрмаланып, орталықтың қалауы бойынша ғана насихатталып келген. Осындай саясаттың кеселінен еліміздің біршама тарихынан, тарихи ескерткіштері мен тарихи тұлғаларынан қол үзіп қалғаны мәлім. Туған елімізді айтпаған күннің өзінде, туған өлкеміздегі қаншама тарихи мұраларымыз осы күнге дейін жеткілікті жарияланбай, халық арасына өз деңгейінде жетпей келе жатыр. Тіпті, қазірге дейін Шығыс Қазақстан өлкесі тек қана орыс революционерлері мен орыс мәдениетінің ошағы болған сияқты әсер қалдырады.

Еліміз егемендік алғанға дейін де Шығыс өлкемізде көптеген мәдениет ошақтары мен тарихи тұлғалардың болғаны жөнінде отандастарымыз біле бермейді. Мысалы, республикамыздағы алғашқы мектептердің бірі біздің облысымызда болғандығы — өзімізге мақтаныш. Солардың бірі — Шыңғыстай ауылындағы іргесі 1907 жылы қаланған орыс-қазақ мектебі. Өкінішке қарай, белгілі себептермен бұл мектепті де жерлестеріміз сақтап қала алмағаны — бізге халық алдында үлкен сын. Ал, осы мектептің іргесінен қазақтың талай тарихи тұлғалары шыққан. Сондай ұлы тұлғалардың бірі — Сәрсен Аманжолұлы Аманжолов екенін газет беттерінен, осы аймақты зерттеуші ғалымдардың мақалаларынан оқып білдік, сол сияқты Оралхан Бөкей, Әлібек Асқаров, Дидахмет Әшімханұлы сияқты ұлы тұлғалар өмірі мен шығармашылығын таныстыру, облыс, қаламыздың тарихын оқушыға жете таныстыру — біздің, яғни, мұғалім алдындағы үлкен міндет.

Сабақта, сабақтан тыс жұмыста жергілікті жер материалдарын пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мысалы: Марқакөл туралы аңыз, Зайсан көлінің шуылына байланысты «Қоңыраулы көл» деп аталатыны, «Алакөлдің «бір

жері ақ, бір жері көк, бір жері қара» болғандықтан солай аталғаны, Семей қаласының «жеті шатыр» деген аттан шыққаны оқушылардың өте қызықтырады. Аймақтық компонентті қолдануда оқушылардың шығармашылық жұмыстарын қалай ұйымдастыруға болады? Мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетін мына кесте арқылы түсіндіруге болады:



Ш.ЖАНЫБЕКОВА,

Астана қаласындағы

№ 31 мектеп-гимназияның мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «ҚАРАҒЫМ»

Сабақтың мақсаты: *Білімділік:* өткен тақырып бойынша білімді жинақтап, ой қорыту, тіл байлығын, сөздік қорын молайту. *Дамытушылық:* өлең мазмұнына көңіл аударту, негізгі идеясын ашу. *Тәрбиелік:* өлеңнің тәртіп мәнін түсіндіріп, өздеріне керек жерінен тәлім алуды ескерту. Мұның терең ойлы нақты мақсатының бар екенін айыру.

Сабақтың көрнекілігі: портреттер, суреттер, буклеттер, кәртішкелер, т.б мақалдар (білім-өнер) ойын түрінде жазылған, сөздер жазған плакаттар (үлестірмелі материалдар).

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс тілі, тарих, орыс әдебиеті.

Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер: дамыта оқыту технологиясы, әр түрлі сатыдағы деңгейлік тапсырмалар.

Сабақтың түрі: дәстүрлі аралас сабақ.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру сәті: а) амандасу; ә) сабақтың тақырыбын, мақсатын айту; б) кезекші рапорты.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

3. Жаңа сабақты меңгерту.

4. Сабақты бекіту.

5. Үйге тапсырма беру.

Сабақты фонетикалық жаттығудан бастау, өлең оқу, түсінік қалған әріптерге көңіл бөлу.

Мұғалім сұрақтары: 1) фонетикалық талдау жаса (ауызша);

2) өлеңнің авторы кім? 3) Абай мен қазақ әдебиетін бөліп қарауға бола ма? 4) Қазақтың тағы қандай ақын жазушыларын білесіңдер?

- Үй тапсырмасы қандай?

- Ж.Аймауытов «Әнші» әңгімесінің екінші бөлімін оқу, мазмұнын айту.

Интерактивті тақтада әңгіменің мазмұнына байланысты суреттер көрсетіліп тұрады.

Мұғалім: - Бұл әңгімеде қазақ халқының қандай мерекелері туралы айтылады? Халқымыздың қандай дәстүрі туралы білдік?

Оқушылар жауап береді.

Мұғалім: Бұл әңгіменің негізгі тақырыбы не туралы, немесе кім туралы? Әңгіменің негізгі кейіпкері?

Осы кезде бірнеше оқушыға үлестірмелі кәртішкелер таратылады.

Мұғалім: Әңгіме шынында қандай әнші туралы? Бұл қандай әншінің прототипі?

Жауап: - Әміре Қашаубаев.

Мұғалім: - Әншілік өнер туралы не айтар едіңдер?

Өнер туралы мақал-мәтелдер жарысы өткізіледі.

Жаңа тақырып туралы хабарлау. Мақсатын қою. Белсенді игеруге дайындау.

Интерактивті тақтадан мектеп, кітап, глобус суреттерін көрсете отырып, сұрақ қойып, пікір туындату.

Мұғалім: - Дәптерлерімізді ашып, сабақтың тақырыбын жазып қояйық: Мағжан Жұмабаевтың «Қарағым» өлеңі.

Мұғалім: - Бүгінгі тақырыпқа мына суреттердің қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар?

Оқушылардың жауаптары.

Суреттер сырын аша отырып, пікірлерді жүйелеп, ортақ шешімге келеді.

Мұғалім: «Қарағым» өлеңінің авторы туралы қысқаша мәлімет береді.

- Енді сөздік жұмысын өткіземіз.

Интерактивті тақтадағы сөздікті дәптерге жазамыз.

Өлең мәнерлеп оқылады. Мұғалім сұрақтары: 1) өлеңдегі мәселе не туралы? 2) ақын өлең арқылы сендерді неге шақырады? 3) автордың тағы басқа қандай өлеңдерін білесіңдер? Оқушылар жауабы.

- Бұл өлең қай ақынның өлеңімен мазмұндас? Жауап.

Әрі қарай өлеңді түсініп оқып, талдау. Бұл жай емес, өсиет өлең екенін айтып түсіндіру.

Тест түрінде «Шығарманың жанрын анықта» атты ойын өткізіледі.

Екінші ойын: «Ойлан, тап». Абай, Мағжан, Мұқағали, Ыбырай шығармаларынан үзінділер оқылып, авторларын табу ойыны. Дәптермен жұмыс. «Кітап бойынша тапсырмалар орындалды».

Мұғалім сұрақтары: 1) Шығарманың негізгі идеясы не? 2) Оқу, білім туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

- Ақынның құптайтын және құптамайтын әрекеттері туралы не айтар едіңдер? Оқушылар жауабы.

Сабақты бекіту.

1) Бүгінгі сабақтан қандай тәлім алдың?

2) Сабақ сендерге ұнады ма?

Үйге тапсырма беру:

1) Өлең, сөздік жаттау;

2) Өлең, сөздік, автордың өмірбаяны;

3) Өлең, сөздік, мақал-мәтел, автордың екі шығармасын оқып, мазмұнын айтуға дайындалу.



ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

(10 - сынып)

Сабақтың мақсаты: Шортанбай Қанайұлы туралы тың деректер ала отырып, өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Жаңа мағлұматтар, деректер беру.

Білімділігі: Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» шығармасына талдау жасайды. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын айқындайды.

Дамытушылығы: Ш.Қанайұлының өлеңіне талдау жасай отырып, теориялық білімдері беки түседі. Шығармашылық қабілеттері шыңдалады, ойлау, таным белсенділіктері арттырылады.

Тәрбиелігі: ұлттық рухани құндылықтарды бағалай білуге, адамгершілік қасиеттерін ұштай отырып бірін-бірі сыйлауға, пікіріне құрметпен қарауға қалыптасады.

Сабақтың типі: білім, білік дағдыларын бекіту.

Сабақтың түрі: конференция. Іздендіру сабағы.

Әдіс-тәсілдері: тапсырмамен жұмыс, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: таратпа кестелер, интерактивтік тақта, Шортанбай Қанайұлының суреті.

Пәнаралық байланыс: тарих.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. 1 мин.

а) Оқушыларды түгелдеу; ә) Оқушы назарын сабаққа аудару.

II. Сабақ тақырыбы мен мақсатын таныстыру.

Мұғалім: – Бүгінгі конференциямызда Шортанбай Қанайұлының өмірімен танысуды әрі қарай жалғастырып, «Зар заман» шығармасын талдаймыз. Қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Шортанбай Қанайұлы. Ол 1818 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында дүниеге келген. Ақын 63 жасында қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданында қайтыс болған. Балалар, Шортанбай Қанайұлы 1818 жылы туған екен, олай болса оның өмір сүрген кезіндегі тарихи жағдайлар туралы не айта аласыңдар? (Оқушылар жауабы.)

Мұғалім: - міне, Шортанбай Қанайұлының ақындық, азаматтық кезеңі осындай қиын кезеңмен тұспа-тұс келген екен.

Конференцияға қатысушылар кұр қол келмеген, Шортанбай Қанайұлы туралы мәлімет жинап, екі презентация жасап әкелген. Соларды назарларыңызға ұсынайық. Бәріміз мұқият тыңдайық, сұрақтарға жауап берейік. **Презентация. 3 мин.**

1-сұрақ. Осындай қиын заманда өмір сүріп, еңбек еткен Шортанбай Қанайұлы өз шығармаларында нені жырлады?

Оқушылар жауап береді.

Мұғалім: - XIX ғасырда өмір сүрген Дулат, Мұрат, тағы басқа ақындар Шортанбай Қанайұлы сияқты ел мұңын жырлаған.

Ардақ: - Иә, бұл ақындарды жерлесіміз, заңғар жазушы, классик Мұхтар Әуезов «зар заман ақындары» деп атаған.

2-сұрақ: «Зар» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Оқушылар жауап береді. **2 мин.**

Мұғалім: – Ардақ, өзіңіз осы сұрақ бойынша түйіндеме жасасаңыз жақсы болар еді.

Ардақ «Зар» деген сөздің мағынасын тағы да ашып береді.

Мұғалім: – Құрметті конференцияға қатысушылар, естеріңдеме, қай ғалым-зерттеуші «Орхон-Енисей жазбаларын» зерттеген? (Оқушылар жауап береді.)

Мұғалім: - Дұрыс. В.В.Радлов. Шортанбай Қанайұлының шығармасын алғаш зерттеген де - орыс зерттеушісі В.В.Радлов.

Ардақ : – Ол отаршылдықтың қазақ ұлтына әкелген зияны туралы былай депті: «Зар заман» толғауы арқылы бір дәуірге ат берген шығарманың астарынан көп нәрсені аңғарамыз».

Мұғалім: – Құрметті конференцияға қатысушылар, сіздерге қазір Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» өлеңдер топтамасынан бір өлеңін тыңдауға ұсынамыз.

3-сұрақ: «Зар заман» өлеңінде заманның бұзылған белгілерін табайық, неліктен заман бұзылып тұр? Себебі?

4-сұрақ: Заманның бұзылған белгісі тек адамда ғана ма, жоқ, әлде, табиғатта да бар ма?

5-сұрақ: Заманды бұзған кімдер?

6-сұрақ: Бүгінгі таңда осының белгілері біздің ортамызда бар ма, біз оған қалай қараймыз? Себебі не?

- Дәл осы бойынша алдарындағы «Шығарма кестесін» жасап жіберейік.

Мұғалім: – Ардақ, келген қонақтарымызға да бір-бір кесте үлестіріңіз.

Оқушылар екі топқа бөлініп, өлеңді оқып талдайды.

1 және 2-бөлімін оқып, кесте толтырады. Ауызша талдайды.

Мұғалім: – Құрметті конференцияға қатысушылар және қонақтар! Бәрімізге мәлім, қазіргі күнде көнеден келе жатқан ұлттық «Қара жорға» биі әйгілі Гиннестің рекордтар кітабына алтын әріптермен жазылды. Ғасырлар қойнауында қалып, бертін келе арамызға қайта оралған осынау би үлгісі бүгінгі ұрпақтың орындауында тіпті жандана түскендей. «Қытайдағы ұлтжанды қандастарымыз 10 мыңдай адамның басын қосып, «Қара жорғаны» бір деммен орындап шығыпты» деген хабарды ел-жұрт бірден іліп әкетті. «Қара жорға» болмаса, тойдың сәні келмейді» демекші, бүгінде қазақтың көп жиындары мен той-томалақтары осы бір ерекше, ғажап бисіз өтпейді.

Ардақ: - Сондықтан біз де бүгінгі конференциямызда осы биді билеп, бойымызды сергітейік. Бәріміз тұрайық.

Сергіту сәті. «Қара жорға».

3 және 4-бөлімін оқып, кесте толтырады. Ауызша талдайды.

Адлен: – Құрметті конференция ұйымдастырушылары, қонақтар. Біз жігіттермен осы Шортанбайдың қазақ үшін жаны күйіп жазған өлеңінің бір шумағына көрініс дайындағанбыз, соны көрсетсек қайтеді?! (Көрініс көрсетіледі.)

Конференцияны қорыту.

Мұғалім: - Шортанбайдың «Зар заман» өлеңдер топтамасы – адам сипатынан түңілген, халық үшін жаны күйінген жанның толғанысы, дәуір айнасы. Оған жаңа көздерің жетті. Сонымен, қорыта келгенде, мынадай сұраққа жауап беріндерші:

- Шортанбай Қанайұлының шығармаларының негізгі идеясы не?

Оқушылар ойларын айтады.

Заманның зарын айтқан, ел келешегіне назаланған Шортанбай Қанайұлының еңбектерінің тақырыбы мен идеясы өз заманының қайғы, мұңы еді. Болашақ ұрпақты жаман әдеттерден тыю, ұлттық рухымызды асқақ ұстауды ұрпаққа аманат еткен.

Бағалау.

Үйге тапсырма: «Зар заман ақынынан» алатын тағылым» деген тақырыпқа эссе жазып келу.



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. «АНАНЫҢ ХАТЫ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - жаңа технологияға байланысты, жобалық оқытудың мақсаты - оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік жұмыстары арқылы оқушыларды С.Сейфуллиннің өмірімен, өнерімен таныстыру; **дамытушылық** - білім стандартының талаптарына сай қарапайым білім мен түсінік деңгейіндегі тапсырмаларды кеңейту, оқушылардың сөздік қорын, тіл байлығын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** - өткен тарихын меңгерту арқылы өз Отанын, жерін, тарихын, ата-анасын құрметтеуге баулу, С.Сейфуллиннің өмірін үлгі етіп, оған деген сүйіспеншілігін арттыру. **Түрі:** ауызша жұрнал. **Әдісі:** проблемалық сұрақтар, кластер әдісі, топпен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, информатика, орыс тілі; **Көрнекілігі:** портрет, бейнелі суреттер, кітап көрмесі, компьютер.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Ауызша жұрнал.

III. Сабақтың қорытындысы.

IV. Бағалау.

V. Үйге тапсырма.

«Туған жерім – Сарыарқа»

1894 жылы туған

1938 жылы қайтыс болған

Ғалым

С.Сейфуллин

Сыншы

Жазушы

Ақын





Баласы мен әкесі

С. Сейфуллиннің әке – шешесі

Әкесі-домбырашы,
саятшы, аңшы.


Шешесі-адал, әде-мі,
ақылды, әңгімеші.






Жолдасы - Гүлбаһрам, балалары – Аян, Лаура.

С. Сейфуллиннің оқыған оқу орындары:



1. Ауыл молдасы.
2. Нілдегі орыс-қазақ мектебі.
3. 1908-1913жж. Ақмоладағы 2 жылдық училище.
4. 1913-1916жж. Омбыдағы мұғалімдер семинариясы.

«Мен халық үшін жазамын»



«Менің сүйікті өлеңім» (Өлеңдерден үзінді оқу.)

«Дала»

Құшағын жайған кең дала
Төсін ашқан анадай.
Қаладан келген сағынып
Бейне бір жас баладай.

«Наурыз»

Адам да, мал да өзінше
Жүр жадырап далада.
Жаңа жылды қарсы ап тұр
Кәрі де, жас та, бала да.


«Ананың хаты»

Байғұс ана хат жазыпты,
Депті: «Балам, сағындым,
Ұмыттың ғой бізді, тіпті,
Бір келмедің, не қылдым?»


Қалжырадым, сағындым мен,
 Бір кеп көрін көзіме.
 Ұмытқандай не қылдым мен?
 Жауап қайтар сөзіме»

«Сен білесің бе?»

1. Кластер құрыңыз.



2. Сөзжұмбақ шешу.



Сөздердің аудармасын табыңыз.

- | | |
|--------------|-------------|
| 1. Вырасти. | 4. Качать. |
| 2. Баюкать. | 5. Скучать. |
| 3. Помогать. | |

3. Мәтіннен мына сөздердің синонимін тауып жазыңыз:

- | | | |
|---------------|---------------|------------|
| 1. Келмедің – | 3. Шаршадым – | 5. Қайғы – |
| 2. Ақыл – | 4. Үлкен – | |

4. Ана мен бала туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.



**Жібек ДЮСЮПОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№ 9 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**

СӨЙЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫНЫҢ БІРЛЕСІП ӘРЕКЕТ ЖАСАУЫ

Орыс мектебінде оқитын балаларға қазақ тілін үйретудің түпкі мақсаты-өз ойын сол тілде жеткізе білуге және халқымыздың мәдениетін, әдет-ғұрпы мен әдебиетін түсіне білуге үйрету. Ол үшін менің міндетім - мәдениетті түрде біліміммен, іскерлігіммен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, осы мақсатқа тез жететіндей тиімді жол іздеу.

Нағыз сабақ - әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, кеңесе, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Өз іс-тәжірибемде оқушыға ауызекі сөйлеу тіліне үйрету барысында өтілген материалдарды бекітіп, белгілі бір тақырыпта сөйлеу дәрежесін көтеру үшін пысықтау, сөйлеу, тілдік жаттығуларды пайдаланамын.

Сабақтың алғашқы бөлімінде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, яғни, күнделікті сабақ процесіне қажетті практикалық мәні бар жұмыс жүргізу. Жалпы суретпен жұмыс жүргізудегі мақсат - жаңа сөз үйрету, жай сөйлемдерді есту, қайталап айту жолымен оқушылардың тілін ширату, сұрақ-жауап әдісі арқылы қазақ тілінің ерекшелігі, сөйлеу сазымен практика жүзінде таныстыра беру.

Әр сабақта 4-5 сөздің суреті салынып үйретілсе, жаңа сөздер

оқушылардың естерінде жақсы сақталады. Оқушылар, әдетте, көрнекі құралдың қай жерге ілінгенін, сонан соң бірінші суретте не салынғанын, оның астына қандай сөз жазылғанын ойша көз алдарына елестетеді, заттың қазақша атын сонан кейін барып естеріне түсіреді. Оқушылардың өткен сабақтағы суретті мынадай психологиялық жолмен ойларына түсіруіне мұғалімнің жаңа сөз үйретудегі тәсілі (сурет пен сөзді кезек жауып тұру) себеп болады.

Тіл үйретудің негізі-оқушылардың сөздік қорын байыту және сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сондықтан қазақ тілі сабағында бұл жұмысқа көңіл бөлуге тиіс. Оқушылар тек сөз біліп, сөйлем құрап қана қоймайды, жүйелі сөйлеуге, пікір айтуға дағдыланады.

Оқушыларды жүйелі сөйлеуге үйрету үшін мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1. Әңгіме оқытып, оның мазмұнын айтқызу.
2. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.
3. Көргендері жөнінде әңгіме айтқызу.

Бұл жұмыстарды ұйымдастырғанда алға қоятын мақсат-оқушыларды еркін, өз сөзімен әңгімелеуге, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Оқылған ертегі бойынша әңгіме жұмысы былай жүргізіледі. Алғашқы кезде әңгіменің мазмұнын айтқызу үшін мұғалім мәтін бойынша сұрақ қояды, сұрақ арқылы ауызекі әңгімеге енетін сөйлемдер түгел құрылады. Осындай дайындықтан кейін оқушылар әңгіменің бір бөлігін айтқызғандай етіп үйренеді.

Сурет мазмұны оқушылардың тілден алған дағдысына сай болуға тиіс. Суреттің мазмұны айқын болса, әңгіме құрап айтуға оңай болады.

Мұғалім алдымен сурет бойынша сұрақ қояды. Сұрақ оқушыларды өз біліміне сай әңгіме құруға бағыттауға, әңгіменің көлемін, мазмұнын белгілеуге тиіс. Оқушылар суретке қарап мұғалімнің сұрағына жауап береді. Осындай дайындықтан соң олар сурет бойынша әңгімені түгел айтады.

Оқушылардың көргендері, өздерінің істері жөнінде әңгіме

ұйымдастырғанда да осы тәрізді жұмыс жүргізіледі.

Қазақ тілі сабағында жүргізілетін жұмыстың бір түрі-оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіріп, оқығандарын ауызша айтқызуға (түсінгені бойынша) дағдыландыру. Демек, оқушылардың көру, есте, айту, есте сақтау қабілетін үнемі дамытып отыру қажет.

Оқушыларды қазақша сөйлетуге жаттықтыру үшін сурет, кәртiшкелер немесе заттың өзі пайдаланылады. Мысалы, «қайда?» сұрағына байланысты портфельді немесе оның суретін көрсетіп, кітап, қарындаш, дәптер, қалам, т.б. оқу құралдарын портфельдің ішіне салып немесе жанына қойып, сұрақ-жауап әдісімен сөйлем құрастырылады. Сонымен қатар «қайда?» деген сұраққа жауап беретін сөздердің тұлғасы, мәні ашыла түседі. Бұл сияқты көрнекі түрде түсіндірілген сабақ оқушылардың есінде ұзақ сақталады.

«Кімде?» сұрағын дұрыс қолдану үшін жеке сөздер, сөз тіркестері мен қысқа сөйлемдердің тізімін алдын ала дайындап қойған дұрыс.

Кімде? Маратта - өшіргіш Маратта, дәптер Маратта.

Қысқа сөйлем: Маратта ақ, қызыл өшіргіш бар.

Осы сияқты сөз тіркестері мен қысқа сөйлемдерді оқушылардың өздеріне де ойлатуға болады. Осындай жұмыстар оқушыларды қызықтыратыны анық. Бұл сияқты тіл дамыту жұмыстары қазақ тілін жақсы білетін оқушыларға сүйене отырып, мұғалімнің жетекшілігімен орындалады.

Оқушы әр тақырып бойынша сабақта тілдік жағдайды түсініп, қолданып, әр түрлі жағдайда сөйлейтін дағды алса, ол өмірде өзінше басқа адамдармен қарым – қатынас жасай алады.

Тілді үйретуде қатысым үстемдік алып, қатысым әдісіне көшкенде ғана тіл үйрену нәтижелі болады. Мысалы, оқушылардың үй ішімен, табиғат аясында достарымен, сыныптарымен түскен суреттерін сабаққа әкелгізіп, оқушыларды бір - бірімен сөйлетуге болады.

- **Бұл кім?**

- Бұл - менің әкем.

- **Ол жұмыс істей ме?**

- Иә, істейді. Ол - мұғалім. Мектепте сабақ береді.

- **Бұл кім?**

- Бұл - менің досым.

- **Оның аты кім?**

- Оның аты - Саша.

- **Ол қай мектепте оқиды?**

- Ол № 9 мектепте оқиды.

- **Қайда тұрады?**

- Ол Абай көшесіндегі № 15 үйде тұрады.

Осы сияқты жұмыс түрлерімен монолог, диалог, сұрақ – жауап, мәтін бойынша жұмыстарға көп көңіл бөлу тілдесім әрекетін жандандыра түседі.

Бастауыш сыныпта ауызекі сөйлесе алу, кез келген тақырып бойынша қысқаша өз пікірін білдіру, өз ойын жазбаша сауатты жеткізе алу, мәтінді оқып әңгімелей алу, мәтін бойынша сұрақ-жауап ұйымдастыру, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал, өлең, сергіту сияқты тапсырмалардың айырмасын біліп, нақышына келтіре оқу жұмыстарын жүйелі жүргізіп, оқушыны коммуникативтік тілдік қатынас деңгейіне жеткізу - мұғалімнің тікелей борышы.

Сондықтан да алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуіміз керек.

Қазіргі таңда тестілік бағалау жүйесі кеңінен пайдаланылып отыр. Жаңа өмір талабына сай ҰБТ жүйесі енгелі біз де бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай, бағдарламаға сәйкес әр тоқсан сайын әр тарау бойынша тестілік бақылау жүйесін тәжірибемізге енгізудеміз.

«Тест» – ағылшын сөзі - «сынау», «тексеру» деген мағынаны білдіреді.

Тестік бақылау жүйесі - оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекетін арттырады, оқытудың тиімділігіне қол жеткізеді, ойлау

қабілетін, шығармашылық әрекетін белсендіреді. Осыларға қоса оқушылардың алған білімдеріндегі олқылықтарын анықтайды, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Мен, мысалы, 3-сыныпта: 1) ашық тестіні қолданамын (оқушы жауапты өзі құрастырады).

I тоқсан

Біздің сынып

1. Біздің сынып қандай?
2. Сенің сыныбың нешінші қабатта?
3. Қабырғада не ілулі тұр?
4. Терезенің алдында не тұр?
5. Сыныпта неше терезе бар?
6. Сыныпта сен не істейсің?

II тоқсан

Уақыт

1. Сен сағат нешеде тұрасың?
2. Сағат нешеде мектепке келесің?
3. Түскі тамақты қашан ішесің?
4. Кешкі тамақты қашан ішесің?
5. Апта күндерін ата.
6. Бір жылда неше күн бар?

III тоқсан

Біздің қала

1. Сен қай қалада тұрасың?
2. Семей қандай қала?
3. Көшелері қандай?
4. Қалада саябақтар, ескерткіштер, мектептер көп пе?
5. Қалада қандай үйлер бар?
6. Сен қалаңды жақсы көресің бе?

IV тоқсан

Азық-түлік

1. Азық-түлік дүкені қандай?
2. Дүкенде қандай азық-түліктер бар?

3. Дүкен қай көшеде?

4. Сүт тағамдарын ата.

5. Сүт қандай тағам?

6. «Нан» туралы мақал білесің бе?

Оқушылардың білім деңгейін тест арқылы жан-жақты тексеріп, бағалау арқылы жетістіктерге де жеттік. Мысалы, 4-сынып оқушысы Кузьмина АРИНА 2009 жылы қазақ тілі пәнінен облыстық интеллектуалдық «Тұлпар» конкурсында 1-орынға ие болып, мақтау қағазымен марапатталды.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі болуына байланысты, сабақ өткізу әдіс-тәсілдеріне де жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Сол технологиялардың арасында оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытуда үлкен орын алатыны - «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы. «Сыни тұрғыдан ойлау» (СТО) бағдарламасының ерекшеліктерін, психологиясын түсінгеннен бастап, бұл бағдарламаның стратегияларын (әдістерін) өзіміздің сабақ беру жүйемізге үздіксіз енгізіп келе жатырмыз. Оқушы ұтымды әдістерді пайдалану арқылы өзінің білімге деген ынтасын ұштайды, таным-білім көкжиегін кеңейтеді, еркін ойлауға, өз ойын дәлелдеуге үйренеді. Осының дәлелі ретінде 4-сыныпта «Күз» тақырыбы бойынша өткен сабағымды мысал ретінде көрсеткім келеді.

Күз - молшылық айы

Сабақтың мақсаты: мәтін мазмұнын, негізгі ойды ұғындыру. Таным мүмкіндіктерін анықтау. **Міндеттері:** қоршаған ортаның сырларына қызықтыру арқылы табиғатқа деген көзқарасын қалыптастырады. Мәтінді талқылап, зерттеп, салыстырып талдау жасай алатын болады. Өз ойларын еркін айта білу қабілеттерін дамытады, сөздік қорларын толықтырып жетілдіреді. Табиғат қамқоршысы болуға, ынтымақтастыққа, бірлікке тәрбиелейді.

Түрі: аралас комплексті сабақ. **Әдіс-тәсілі:** «Сыни тұрғыдан ойлау» стратегиялары. **Көрнекіліктер:** компьютерлер, суреттер, кестелер.

Сабақтың барысы:

1. Қызығушылықты ояту.

Компьютерден судың сарқыраған ағысы, құстар әуендері естіліп тұрады.

- Балалар, сендер көздеріңді жұмып, осы әуендерге байланысты әсем табиғатты көз алдарыңа елестетіндерші.


Мұғалім осы уақытта тақтада жабық тұрған «Күз» суретін ашады. Оқушылармен тілдік жаттығу жұмысы жүргізіледі.

- Балалар, кімнің көз алдына елестеткен табиғат бейнесі осы суретке ұқсас?

- Сендерге судың сарқыраған дыбысы, құстар әуендері әсер етті ме? (Оқушылар жауап береді.)

2. Ой қозғау.

- Балалар, «Күз» сөзін естігенде ойларыңа не келеді? Соны жазайық.



3. Мәтінмен жұмыс.

а) Оқушылар компьютерлерін қосып, жаңа сөздермен танысады:

молшылық-богатство;

азық-түлік қоры - запасы;

бүрі - почка;

санырауқұлақ - гриб;

кептіреді - сушит;

күн қысқа - дни короткие;

күн ұзақ - дни длинные.

ә) «Insert» («Түртіп алу») стратегиясы.

- Балалар, сендер мәтінді іштеріңнен оқып, мына белгілерді

қойып отырасындар.

V (білемін)	- (білмеймін)	+ (мен үшін жаңа мәлімет)	? (бұл мәселені тереңірек білгім келеді)
«Кім еңбек етсе, сол - тоқ», «Қыс азығын күз жина»	Түрлі жемістерді жинап, кептіреді де, қыста жейтін азығын дайындайды.	Ақ тиін ағаш қуысына саңырауқұлақ, қарағайдың бүрін тасиды.	Жан-жануарлар қысты қар-сы алуға қалай дайындалады?

Оқушылар тапсырманы орындап болған соң, белгілер бойынша сөйлемдерді дауыстап оқып, талдайды.

4. Ойтолғаныс (Дискуссиялық карта).

Топпен жұмыс. Күздің пайдасы бар ма?

Иә	
1. Кім еңбек етсе, сол - тоқ.	5. Ексең егін,
2. Қыс азығын күз жина.	Ішерсің тегін.
3. Еңбексіз өмір - сөнген көмір.	6. Еңбек,
4. Жердің сәні - егін, Ердің сәні - білім.	Еңбек бәрін жеңбек.

5. Үйге тапсырма: 1-топ: «Күз – молшылық айы» тақырыбына эссе жазып келеді; 2-топ: 5 жол өлең құрастырады; 3-топ: кестені толтырады.

Ретімен сұрыптап, қолданылған стратегиялардың қай-қайсысы болмасын қазақ тілі сабағының сапасын арттыруға үлесі зор екеніне көзіміз жетуде.

Тіл үйренуде, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуда сол тілдің грамматикалық заңдылықтарын меңгеру басты шарттардың бірі болып саналады. Оқушы алғашқы кезден бастап қазақ тілінің грамматикалық құбылыстарымен танысады, сол үлгі бойынша

дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйренеді. Осы грамматикалық үлгілерді пайдалануда «Оқытудың компьютерлік әдісі» жақсы көмектесіп, оқушының ақпаратпен жұмыс істеуін қалыптастыруға, қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей білуге, қатынас қабілетін дамытуға әсер етеді.



Назигүл ШАҚПАҚПАЕВА,
Семей қаласындағы
№35 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

(Жалғасы. Басы 2010ж. №11 санда.)

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

(5-сынып)

Бөлімі	Сабақ саны	Модульдің мазмұны	Уақыты
КІРІСПЕ	1-сабақ	Модульдің құрамын түсіндіру. Грамматикалық тақырыпты сызба бойынша түсіндіру. Сөздік жұмысы. Лексикалық тақырыпты түсіндіру. Бекіту.	5 минут 10 минут 8 минут 12 минут 10 минут

СӨЙЛЕСУ	2-сабақ	1. “Алматы - менің қалам”. Топпен жұмыс. “Қарлы кесек” ойынын өткізу.	45 минут
	3 -сабақ	1. Жұппен жұмыс. “Менің қалам”. Сұхбат құру	45 минут
	4- сабақ	1. “Қала”. Үш деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.	45 минут
	5-сабақ	1. “Менің қалам”. “Брейнг-ринг” ойынын өткізу.	45 минут
ҚОРЫТЫНДЫ	6-сабақ.	Тест. Диктант.	10 минут 35 минут
		1 .Қатемен жұмыс.	45 минут

Оқушы нені білуі тиіс:

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, сөздерді, дұрыс айтуды, сауатты жазуды;
2. Зат есімнің түрлерін ажырата білуді, сұрақтарын дұрыс қоя білуді;
3. Сөйлемдерде сөздердің орын тәртібін сақтауды, дұрыс қолдануды.

Оқушы нені үйрену қажет:

Лексикалық тақырыпты өз сөздерімен әңгімелеуді. Зат есімнің түрлерін ажыратуды. Сауатты жазуды. Лексикалық тақырыпқа байланысты сөздерді, сөз тіркестерін пайдалануды.

Кіріспе бөлім.


1-сабақ.

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Модульдің құрамын айту.
- III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.
- IV. Грамматикалық тақырып.

Тақтада тірек-сызба ілулі тұрады. Мұғалім осы сызба

арқылы грамматикалық тақырыпты түсіндіреді.

Загтың атын білдіретін сөздерді ЗАТ ЕСІМ дейміз. Кім? Не? сұрақтарына жауап береді. “Кім?” сұрағы адамдарға, соларға тән мамандық атауларына қойылады. Басқа сөздердің (жанды, жансыз) барлығына “Не?” сұрағы қойылады. Мысалы: сиыр, ит, торғай, кітап, Астана.



СЕПТІК ЖАЛҒАУ (ПАДЕЖНОЕ ОКОНЧАНИЕ)

Септіктер	Сұрақтар	Жалғаулары
Атау (Именительный)	Кім? (кто?) Не? (что?)	Адам, көз
Ілік (Родительный)	Кімнің? (кого?) чей?)	-ның, -дың, -тың, -нің, -дің, -тің Адам+ның, көз+дің
Барыс (Дательно- направительный)	Кімге? (кому?) Неге? (чему?) Кайда? (куда?)	-ға, -қа, -на, -а -ге, -ке, -не, -е Адам+ға, көз+ге
Табыс (Винительный)	Кімде? (кого?) Нені? (что?)	-ны, -ды, -ты -ні, -ді, -ті, -н Адам+ды, көз+ді
Жатыс (Местный)	Кімде? (у кого?) Неде? (у чего?) в чем? на чем?)	-да, -та, -нда -де, -те, -нде Адам+да, көз+де

ШЫҒЫС (Исходный)	Кімнен? (от кого? у кого?) Неден? (от чего? из чего?) Қайдан? (откуда?)	-дан, -тан, -нан -ден, -тен, -нен Адам+нан, көз+ден
Көмектес (Творительный)	Кіммен? (с кем?) Немен? (с чем?) Қалай? (как?)	-мен, -менен -бен, -бенен -пен -пенен Адам+мен, көз+бен

Оқушылар берілген сызбаларды қарап, ережелерді оқып шығады.

Сөздік жұмысы:

Оңтүстік – юг; ықшамаудан – микрорайон; солтүстік – север; қойылым – спектакль; батыс – запад; шағын – небольшой; шығыс – восток; сүйікті – любимый; азық-түлік – продукты; кілем – ковер;	жасау – делать; ескерткіш – памятник; шығару – выпускать; саябақ – парк; тоқу – здесь: ткать; сауда – торговля; әкелу – здесь: привозить; өнім – продукция; сату – продавать; мата – ткань.
---	--

Сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіру, сөздік дәптерлерге жазу. Дұрыс айтуға дағдыландыру.

- Мұғалім мәнерлеп оқиды;
- Оқушылар дауыстап қайталайды;
- Оқушылар тізбекпен оқиды.

Сөздермен сөз тіркестерін құрастыру. Олардың синоним, антоним, омоним қатарын табу. Сөйлемдер құру.

VI. Лексикалық тақырып.

Сызба бойынша мұғалім лексикалық тақырыпты түсіндіреді.



VII. Бекіту:

- Тірек-сызбадағы жалпы және жалқы есімдерді теріп жазу;

- Грамматикалық тірек-сызба бойынша зат есім туралы

айтып, мысалдар келтіру;

- -шы, -ші, -лық, -гер, -қып жұрнақтары арқылы жасалған зат

есімдердің мысалдарын келтіру.

VIII. Үйге тапсырма беру.

Жаңа сөздерді жағтап келу.

СӨЙЛЕСУ БӨЛІМІ:

I. Ұйымдастыру кезеңі;

II. Үй тапсырмасын тексеру;

III. Сабақтың мақсаты, барысын айту;

IV. Топтық жұмыс.

“Алматы - менің қалам”, “Алматы”, “Алматының көрікті жерлері”, “Алматының өндірісі” мәтіндері бойынша жұмыс.

“Қарлы кесек” ойыны. Ойынның шарты:

Сынып оқушыларын 4 топқа бөліп, А,Ә,Б,В деген үстелге отырғызамыз. Әр үстел өз тапсырмасын алады. Дайындыққа 20 минут уақыт беріледі. Дайындалып болған соң оқушылар “I тур басталды” деген кезде өз үстелдеріне отырып, жауап береді. Әр үстелде, қолдарына берілген “жүру бағыты” парағына өзіне ұнаған жауаптың нөмірін белгілейді. Яғни, әр оқушы “жүру бағыты” парағы мен соның нөміріне сәйкес, үстелдің нөмірі жазылған парақты кеудесіне тағып алады. Әрі қарай II турда оқушылар

жүру бағыты” парағында көрсетілген үстелге барып, реті бойынша сөйлейді. Осылай 4 турда 4 үстелге отырып, жауап беріп, тыңдап шығады.

А тобы - “Алматы - менін сүйікті қалам” мәтінін аударады.

Ә тобы - “Алматы” мәтінін аударады.

Б тобы - “Алматының көрікті жерлері” мәтінін аударады.

В тобы - “Алматының өндірісі” мәтінін аударады.

Ойынның соңында “жүру бағыты” қағазы жиналып, әр оқушының жинаған ұпайы есептеледі. Оны сызба бойынша көрсетуге болады.

<i>Үстел</i>	<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>Ең жақсы жауап</i>
А						
Ә						
Б						
В						

V. Үйге тапсырма беру. Зат есім туралы ережені жаптап келу.



Гүлшат ҚАРЖАУБАЕВА,
Ақтөбе облысының
Темір ауданындағы
Шұбарши орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШЫЛАУ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: өтілген тақырыптар бойынша оқушылардың дүниетанымын кеңейту, пысықтау.

а) Білімділік: түрлі жұмыстар, жаттығулар, тест орындау арқылы теориялық білімдерін жинақтау, қорытындылау;

ә) Дамытушылық: ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, мәтінді мазмұндауға дағдыландыру, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту;

б) Тәрбиелік: оқушыларды өз заманының озық ойлы, мәдениетті азаматы болуына тәрбиелеу; Отанын, елін, туған жерін сүйуге, оны қорғауға, құрметтеуге баулу; патриоттық сезімін ояту.

Түрі: білімді жинақтау, пысықтау сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** ойын, сұрақ-жауап, тест, карта, интерактивті тақта, суреттер.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы, тәуелдік жалғау көрнекіліктері.

Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі (Психологиялық тренинг).
Әр оқушы өзінің атын айтып, атының бас әрпінен басталатын өз бойындағы жақсы қасиеттерді атайды.

Мысалы: - Ардақ – аяулымын.

- Балалар, сіздер қандай грамматикалық тақырыпты өттіңіздер?

- Шылау.

- Ал, қандай лексикалық тақырыптарды өттіңіздер?



- Ауруханада.

- Олай болса, кәне, балалар, осы өтілген өзімізге таныс тақырыптар бойынша білетін сөздерімізді 5 минут ішінде жазып шығайық. (50 сөз -60%)

БиС технологиясы бойынша сөздік қорыңызды анықтау мақсатында жүргізілетін жұмыс.

1 2

1 2



Әр оқушының жазған сөздерінің жалпы санын шығарып, тиісті тор көздерге жазамын.

Оқушылардың сөздік қоры анықталды.

- Енді, балалар, бір-бірімізге ризашылығымызды білдіріп, бәріміз бірге қолдарымызды 3 рет шапалақтайық.

Тақтаға назар аударайық.

Сөздікпен жұмыс.

Шылауларды есінде ұста:

Не, немесе –или;	себебі – потому что;
Сондықтан – потому;	өйткені – потому что;
Егер – если;	онда – тогда;
Үшін – для;	сол үшін – для того;
Туралы – о (об),про;	дейін – до того;
Шейін – до;	содан кейін – после;
Бірге – вместе;	содан соң - после;
Үстінде – над;	астында – под.

Қасында, жанында – возле, около;

Қайталау - білім анасы.


1. Шылау дегеніміз не?
2. Шылаудың қандай түрлерін білесіңдер?
3. Уақыт мезгілдерін атаңдар.

4. Уақыт мезгілдеріне шылаулар тіркеу арқылы сөйлемдер құрастырыңдар.

Оқулықпен жұмыс.

2-тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті дене мүшесінің атауын қойып айт.



Сызбаны толтыр:

Дене мүшелері
(части тела человека)



Сергіту сәті :

– Балалар, шаршаған сияқтысыздар, ә? Олай болса, «Елім менің» әнінің бір шумағын бәріміз қосылып орындап көрейік. Әнді орындау үшін денемізді босатып, қолымызды тіземізге қойып, бөлімізді еркін ұстайық. Әннің сөзі тақтада жазулы тұр.

“Елім менің”.

Ұрпақ үшін, ел үшін,
Атамекен жер үшін
Берекең мен бірлігің,
Таси берсін ырысың!

Тапсырма.

Өлең шумағындағы шылауларды табыңдар.

Өлеңде не туралы айтылған, мазмұнын ашыңдар.

- Ал, балалар, ән ұнады ма? Ұнаса, тақтаға назар аударайық осы


өлең шумақтарындағы шылау сөздерін тауып көрейік (мен, үшін).

- Ән не туралы?

- Олай болса «Отан» сөзін қалай түсінеміз?

Топтастыру стратегиясы (қалғанын белгіле).

жер



Тест сұрақтары:

1. Шылаудың басқа сөз таптарынан қандай айырмашылығы бар?

а) Сөйлем мүшесі бола алмайды.

ә) Көңіл-күйді білдіреді.

б) Заттың атын білдіреді.

2. Шылау тұрған қатарды тап:

а) он бес, қырық; ә) ғана, ғой, бірақ; б) келді, оқыды.

3. Шылаудың неше түрі бар?

а) 5; ә) 3; б) 2.

4. Берілген сөйлемнен шылауды тап:

Егер жау берілмесе, оны құрту керек.

а) жау; ә) керек; б) егер.

5. Мақалдан шылауды тап:

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

а) отан; ә) күймейсің; б) үшін.

Кілті. 1 – а; 2 – ә; 3 – ә; 4 – б; 5 – б.

Бекіту.

- Екі көзің не үшін керек?

- **Жақсыларды көру үшін.**

- Екі қолың не үшін керек?

- **Елге көмек беру үшін.**

- Құлақ деген не үшін керек?

- **Ақыл – кеңес тыңдау үшін.**

- Тіл мен жағың не үшін керек?

- **Ақиқатты айту үшін.**

- Ал аяғың не үшін керек?

- **Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін.**

- Ал, шылау не үшін қажет... (сұрақ... ой – толғаныс)

Қорытынды:

- Иә, туған жерге жету үшін екі аяғың қандай қажет болса, қазақ тілінің дәрежесі жоғары болуына шылау сынды сөз табының қосар үлесі зор. Міне, балалар, жүйелі ойлау, ой-өріс кеңістігіміздің кеңеюіне шылаулар да үлкен ықпал етеді.

Оқушы білімін бағалау.

Үй тапсырмасы: “Шылау патшалығы” тақырыбына ертегі құрастыру.



Гүлзира МАКИШЕВА,

Жамбыл облысының

Тұрар Рысқұлов ауданындағы

Көгершін ауылының

Ақтоған орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

ҮШІНШІ СЫНЫПТАҒЫ СӨЗДІК ҚОР

Сабақтың мақсаты: *білімділік* - модуль бойынша алған білімдерін саралау. *Әңгімелей білу* дағдыларын байқау; *дамытушылық* - модуль бойынша алған білімдерінің олқылықтарын байқап, қайталау, пысықтау жұмыстарын жасау; *тәрбиелік:* оқушыларды ұйымшылдыққа, ұжымшылдыққа,

бірлікке, достыққа баулу. **Көрнекілігі:** мақал-мәтелдер, өлең, сөзжұмбақтар, суреттер, кесте. **Түрі:** қайталау сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап.

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сәлемдесу. 2. Кезекшілік жұмыс.

3. Ауызекі сөйлеу.

- Бүгін нешесі?

- Сен нешінші сыныпта оқисың?

- Ауа райы қандай?

- Сен нешедесің?

II. Үй тапсырмасын сұрау.

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту. Үйге берген тапсырманы сұрап, шешуін табу.

IV. Сөздікпен жұмыс. а) тақырып бойынша кездескен бейтаныс сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіріп, аудару, сөйлемдер құрау; ә) дұрыс айтуға дағдыландыру.

V. Суретпен жұмыс. Сурет бойынша сөйлеп үйрену.

VI. Диалогпен жұмыс. Диалогты досымен оқыту.

– Бұл не?

– **Бұл - сынып.**

– Бұл нешінші сынып?

– **Бұл - үшінші сынып.**

– Үшінші сынып нешінші қабатта?

– **Үшінші сынып екінші қабатта.**

– Сыныпта неше парта, неше үстел, неше орындық, неше терезе, неше есік, неше тақта бар?

– **Сыныпта үш терезе, бір есік, екі тақта, он үш парта, бір үстел, орындық бар.**

VII. Мәнерлеп оқу дағдысын тексеру мақсатында «Кезекші» атты өлеңді оқыту.

VIII. Жазба жұмысы.

4-тапсырма. Оқушылар сыныпқа кірді. Болат партаға отырды. Ол сөмкесін ашты. Сөмкесінен күнделік, кітап, дәптер, қалам алды. Әлия тақтаға шықты. Сабақ қызықты өтті.

жазбаша жұмыс жүргізу.

X. Кім зерек? Сөйлем құрап үйрету.

Кезекші.

Антон – кезекші.

Антон – бүгін кезекші.

Антон – сыныпта кезекші.

XI. Сөзжұмбақтар шешу, кластер құру, есте сақтау

қабілетін тексеру мақсатында сынақ өткізу.

Ү	т	с	қ	к	к
с	а	ө	а	і	Ү
т	қ	м	л	т	н
е	т	к	а	а	д
л	а	е	м	п	е
			қ		л
			а		і
			с		к

1). Ү дыбысы.

2). Әріп сөзжұмбағы.

1) Баланың аты – Үсен.

1) Стол.

2) Түн құсы – Үкі.

2) Доска.

3) Сан атауы – үш.

3) Сумка.

4) Кішкентай үй – үйшік.

4) Ручка.

5) Үй құсы – үйрек.

5) Книга.

6) Дневник.

Қорытындылау.

Бағалау.

Үйге тапсырма: «Кезекші» өлеңін жаттау.



ТІЛ ҮЙРЕТКЕН САЗ ӨНЕРІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - оқушылардың өткен тақырыптар бойынша игерген білімін еске түсіру, жинақтау, пысықтау; дамытушылық - тілді үйрену белсенділігін арттыру, ойлау, еске сақтау қабілеттерінің дамуына жол ашу; тәрбиелік - ұлттық музыка туындылары мен музыка аспаптарына танымдық түсіну, сүйсіну сезімдерін ояту арқылы эстетикалық, ұлттық тәрбие беру.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, музыкалық аспаптар, көрме, фишка.

Пәнаралық байланыс: музыка, әдебиет, информатика.

Әдісі: сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау жобасы, топтық.

Түрі: сайыс сабақ.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Күй ойнап тұрады.

Сәлемдесу.

Мұғалім сабақтың барысын, мақсаты мен міндеттерін айтып өтеді, топтар таныстырылады.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Домбыра мен қобыз туралы аңыз.

3. Сайыс кезеңі.

- Домбыра, мұнша шешен болдың неге?

Күй толған көкірегің шежіре ме?

Сыр қозғап, ғасырлардан жөнелесің,

Саусағым тиіп кетсе, ішегіңе, - деп Қ.Аманжолов жырлағандай, домбыра - халқымыздың сан ғасырдан бері келе жатқан асыл мұрасы. Бүгінгі қорытындылау сабағымыздың тақырыбын мына сөзжұмбақты шешу арқылы ашайық.

Сөзжұмбақ.

- 1) Құрмалас сөйлемнің түрі.
- 2) Құрманғазының шәкірті.
- 3) Ішекті аспап түрі.
- 4) Өмірде мәңгілік не?
- 5) Алматыда туған сазгер, дирижер.
- 6) Құрманғазының алғашқы күйі.
- 7) Қобыздың атасы.
- 8) Дәулеткерей кім?

				С	а	л	а	л	а	с
	Д	и	н	А						
қ	о	б	ы	З						
				Ө	н	е	р			
				Н	ұ	р	ғ	и	с	а
к	і	ш	к	Е	н	т	а	й		
		Қ	о	Р	қ	ы	т			
к	ү	й	ш	І						

- Кілт сөз – «Саз өнері». Яғни, сабағымыздың тақырыбы ашылды.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Слайд. Қазақ музыка аспаптарының түрлері. Оқушылар аспаптар туралы қысқаша мәлімет айтады.

Мұғалім: - Балалар, не себепті аспап жетіген деп аталады? (жетіген туралы аңыз айтылады)

- Жетігеннің тиегі неден жасалған? (асықтан)

- Асық туралы не білесіңдер? (ұлттық ойын)

Сұрақ-жауап. Нөмірленген асықтар арқылы білімдерін тексеру.

1. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолы.
2. Күй дегеніміз не?
3. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулық шылаулары.
4. Сүгірдің ұстазы.
5. «Былқылдақ» күйінің авторы.
6. Желбуаз аспабын кім және қай оркестрде қолданды?

Интерактивті тақтамен жұмыс. Слайд. Музыкалық аспаптарда ойнаған тұлғалар. Оқушылар күйші, сазгерлер туралы әңгімелейді.

Мұғалім: - Қазіргі заманда осы аталған аспаптарда кімдер ойнайды? (слайд, жетігенде Қарақат Әбілдина, домбырада Асылбек Еңсепов, т.б.). **Өнер көрсету** (ән, би).

Мұғалім: - Мақал-мәтелдердің жалғасын табайық.

Ата өнері - ... мұра.	алтын алтын
Жігітке ... өнер де аз, ... өнер көп емес.	дана ісі
Өнерсізден ... жүр, Өнермен ... шашып жүр.	балаға
Өнерді көп білетін ... болар Өнерсіздің ... шала болар.	кең
Өнерлінің өрісі ...	жеті жетпіс
Өнерлінің қолы - ... Өлеңшінің сөзі - ...	қашып үлгі

Синонимдік қатар құру. Мақал ішіндегі синоним бола алатын сөздермен синонимдік қатар құру.

Сөйлем құрастыру, синтаксистік талдау жасау.

4. Қорытынды. Семантикалық карта.

5. Үйге тапсырма беру. «Мені таңқалдырған өнер» тақырыбында эссе жазу.

6. Бағалау. (Фишкаларды жинап, санау).

ЖАҢА СӨЗДЕР - «ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР» ДҮКЕНІНДЕ (8-сынып)

Сабақтың мақсаты: *білімділік* - қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстыру, мәтін бойынша сөздік қорларын қалыптастыру, әңгімелеуге дайындау, толымды және толымсыз сөйлемдерге байланысты білімдерін бекіту; *дамытушылық* – тақырыпты өрбітіп, ауызекі сөйлей білуге, мәнерлеп оқуға үйрету, алған білімдерін шығармашылықта қолдана білуге дағдыландыру; *тәрбиелік* – ұлттық дүниетанымды құрметтеуге, дәстүрді қастерлеуге, әдемі де таза киіне білуге тәрбиелеу; **Типі:** жаңа білімді меңгерту;

Сабақтың ұйымдастырылу түрі: білім мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру;

Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі: суреттер, үлестірмелер, деңгейлік тапсырмалар.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: ҚР мемлекеттік әнұранын орындау. Амандасу, түгелдеу.

Өткен тақырыпты пысықтау.

1. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесің?
2. Қонақасы дегеніміз не?
3. Сүт өнімдерін атайық.
4. Ұлттық сусындар туралы не білесіңдер?
5. Қымыздың қандай қасиеттері бар?

Жаңа сабақ.

Жаңа тақырыпты сұрақ қою арқылы анықтау.

Кез келген халықтың ұлттық ерекшелігін неден тануға болады? Оқушылар жауап береді.

Қазақ халқы киімге ерекше көңіл бөлген. Олардың жеңіл, әдемі, жас ерекшелігіне қарай ыңғайлы болуына аса мән берген. Қазақ ұлттық киімдерін бас киім, сырт киім, аяқ киім деп топтастыруға болады. Енді, ұлттық киімдермен әшекей бұйымдарға көңіл бөлейік. Олардың ішінен сендер нені білесіңдер? Өздерің байқағандай, ұлттық киімдердің түрлерін анықтау сендерге қиындық тудырып тұр. Олай болса, тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен, яғни, ұлттық киім, әшекей бұйым атауларымен танысайық.

1) Сөздік жұмысы:

Жейде – рубашка;

Ішік – шуба;

Тақия – тюбетейка;

Кимешек – национальный женский головной убор;

Бөрік – шапка;

Кебіс – калоши;

Мәсі – ичиги;

Білезік – браслет;

Шолпы – украшение для волос;

Жүзік – кольцо;

Бұйым – вещь;

Өрнектелген – покрыт узором;

Насихаттау – пропагандировать;

Бұрмелі көйлек – платье с сборками.

а) сөздерді аудармасымен оқытып, қайталау;

ә) берілген сөздермен сөз тіркестерін құрау;

б) сөздік дәптерлеріне жазып, жаттап алу;

2) Суретпен жұмыс. Суретке қарай отырып, сұрақтарға жауап беру.

Тақтада сәукеле, мәсі, шапанның суреті ілініп тұрады. Топтық

жұмыс. I топ – сәукеле, II топ – шапан, III топ – мәсі. Ортақ сұрақтар:

1. Суретте не бейнеленген?
2. Ол қандай киімге жатады?
3. Оны кімдер киеді?
4. Неден тігілген?
5. Қалай әшекейленген?

3) Грамматикалық тақырыпты қайталау және бекіту.

1. Жай сөйлем сөйлем мүшелерінің қатысына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

2. Толымды сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір.
3. Толымсыз сөйлем дегеніміз не? Мысал келтір.

Сурет бойынша құрған сөйлемдеріңнен бір толымды, бір толымсыз сөйлем көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасаңдар.

4) Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқыңдар. Төмендегі деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

I деңгей.

Төмендегі сөйлемдердің аудармасын табыңдар.

1. Я этому очень обрадовалась.
2. После пошли в отдел ювелирных изделий.
3. Место, где пропагандируют национальные костюмы – магазин «Национальная одежда».

II деңгей.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жазда Баян отбасымен қайда барды?
2. Қазақтың ұлттық киімдер бөлімінде не сатады?
3. Қамзол неден тігілген және қалай өрнектелген?

III деңгей.

Төмендегі сөздерді құрамына қарай талдаңдар, олармен сөйлем құраңдар:

1. Отбасымызбен.
2. Қаласына.
3. Бөлімдерін.

5) Интерактивті тақтамен жұмыс.

Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем
1	2
4	3

Бас киім	Сыртқы киім	Аяқ киім
Сәукеле	Шапан	Мәсі
Тақия	Қамзол	Кебіс
Бөрік	Күпі	Шәркей

Оқулықпен жұмыс.

6-тапсырма бойынша 4 оқушы «ұлттық бұйым» бөлімінде жағдаятты өрбітеді. Қалған оқушылар оқулықтағы диалогті оқып, ішінен бір сөзді алып, «Полиглот» ойынын ойнайды. Мысалы: – Сәлеметсіз бе? Здравствуйте, Hello.

Сабақты қорыту. Тақтада берілген суреттерді пайдалана отырып, қыз баланы ұлттық киімге киіндіру.

Оқушыларды бағалау.

Жинаған суреттері бойынша бағаларын айту. Бас киімдер көп болса, «5» деген баға, сырт киімдер – «4», аяқ киім – «3» деген бағаның көрсеткіші.

Үйге тапсырма. Мәтін мазмұнын айту. 7-тапсырма жазу.

Оқушыларды бағалау. Рефлексия жүргізу.

«Үкілі кәмшат» әнін орындау.



Әсемгүл БЕКІШЕВА,
Ақмола облысының
Жақсы ауданындағы
Лозовой мектеп- бақшасының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ІЗЕТТІ БАЛАНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ БІЛІМІ

(6 - сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - достық туралы ойларын толықтыру, грамматикалық білімдерін тереңдету және мәтінді түсінуге, жаңа сөздерді дұрыс қолдана білуге үйрету; дамытушылық - оқушылардың ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; тәрбиелілік: оқушыларды бірін-бірі сыйлауға, ой бөлісе білуге, достықты қадірлеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: сөздікпен және топпен жұмыс, сұрақ-жауап, топтастыру.

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, мақал-мәтел кітабы, үлестірмелі тапсырмалар, «Сиқырлы сандық» ойыны.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а/ Сәлемдесу.

ә/ Кезекші сөзі.

II. Үй тапсырмасын тексеру. 3-тапсырма. 18-бет.

«Досымның отбасы» деген мәтінді түсініп оқу, сөздіктерді жаттау.

III. Өткен сабақты нысықтау мақсатында сөздік диктантын жүргізу.

Дружба-жолдастық;	не грубить-қатты сөзге келмеу;
Общаться-араласу;	ровесники-түйдей құрдас;
Воспитанный - тәрбиелі;	костёр-алау;

Ценить- қадір тұту; аккurateпнй-ұқыпты;

Искренний - адал; верный- сенімді.

ІУ. Жаңа сабақ. «Ізетті бала» мәтіні.

а) сөздік бойынша жұмыс.

ізетті-вежливый; теріс қарау-отвернуться;

елгезек-чуткий; оқасы жоқ-ничего страшного;

ізет-почёт, уважение; ұялу-стыдиться;

үнсiз - безмолвно; нұрлану-светиться;

кінәлі-виноват; ренжу-обидеться;

күлімсірей қарау - смотреть улыбаясь;

мән-жайды білу - разведать обстановку.

1. Сөздіктегі сөздердің мағыналарын түсіндіру, аудару.

2. Сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға дағдыландыру.

* Мұғалім сөзді мәнерлеп оқиды.

* Оқушылар қайталайды.

* Оқушылар сөздікті тізбектеп оқиды.

3. Жаңа сөздерден сөз тіркесін құрау.

Ізетті бала, елгезек оқушы, ізет көрсету, бала ұялды, оқушы кінәлі, үнсiз отыру, елгезек ұл.

4. Сөздіктерді пайдаланып сөйлем құрау.

Оқушылар сабақта үнсiз отырады. Біздің мектепте елгезек оқушылар өте көп.

5. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.

Ү. Оқулықпен жұмыс.

Достастыру мәтіні бойынша жұмыс;

а) Мәтінді тізбектей оқу;

ә) Мәтінді бір рет іштей оқып шығу;

б) Сұрақ-жауап.

«Сиқырлы сандық» ойыны.

Сандықтан сұрақтар жазылған кәртiшкелерді алып, толық жауап беру.

1) Айдос, Асхат, Мақсат - үшеуі қайда шықты?

2) Жол бойында Асхат пен Мақсат не істеді?

- 3) Асхат пен Мақсаттың қасына кім келді?
- 4) Мән-жайды біліп алған Айдос Мақсатқа не деді?
- 5) Асхат не деп жауап берді?
- 6) Мақсат Асхаттан кешірім сұрады ма?
- 7) Айдос Мақсат пен Асхатқа не айтты?
- 8) Достар не істеді?

ҮІ. Сергіту сәті:

4-тапсырманы «Ізетті бала» өлеңімен өткізу.

Ерлан қандай елгезек,
 Берді ағайға жол кезек:
 - Алға, ғапу етіңіз!
 -Алға қарай өтіңіз!
 - Оқасы жоқ, ұланым,
 Ізетіңмен ұнадың!-
 деп, ағай да Ерланды
 Жаксы көріп нұрланды. (Ә.Табылдиев).

ҮІІ. Жазбаша жұмыс.

1-тапсырма. Мәтінді етістіктермен толықтырып оқып, көшіріп жазу.

Бүгін демалыс. Айбар сабақ ... еді. Оның үйіне Ерасыл....

Екеуі сабаққа бірге.... Сабақтарын қайталап болған соң, олар шахмат...Оған Айбар шахмат ойнауды... . Айбар мен Ерасыл - дос.

Керекті сөздер: білмейтін, ойнайды, келді, үйретті, дайындалды, оқып отыр.

ҮІІІ. Талдау жұмысы.

Мына сөздерге фонетикалық талдау жасау:

1. Ізет: і-ашық буын, -зет- бітеу буын, 4 әріп, 4 дыбыс, 2 буын.

і- дауысты, жіңішке, езулік, қысаң;

з- дауыссыз, ұяң;

е- дауысты, жіңішке, езулік, ашық;

т- дауыссыз, қатаң.

2. Момын: мо- ашық буын, -мын- бітеу буын, 5 әріп,

3 дыбыс, 2 буын.

м- дауыссыз, үнді;

о- дауысты, жуан, еріндік, ашық;

м- дауыссыз, үнді;

ы- дауысты, жуан, езулік, қысаң;

н- дауыссыз, үнді.

IX. Тіл дамыту жұмысы.

2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі баламасын

тауып, жаттап алу.

1. Жаман жолдастан

таяғым артық.

1. С добрым человеком

сдружисься-цели своей
достигнешь.

С дурным сдружисься-
в дураках останешься.

2. Күлме досыңа-

келер басыңа.

2. Одежда хороша новая,

а друг старый.

3. Досы көппен сыйла.

Досы азбен сырлас.

3. Над бедой друга не смейся,

Тоже может случиться с тобой.

4. Заттың жаңасы жақсы,

Достың ескісі жақсы.

4. Крепкая палка лучше

плохого попутчика.

5. Жақсымен жолдас

болсаң, жетерсің мұратқа,

Жаманмен жолдас

болсаң- қаларсың ұятқа.

5. Дружи с тем, у кого

приятелей много,

откровенничай с тем,

у кого друзей мало.

X. Сабақты қорытындылау.

- Сонымен, бүгінгі сабақта не білдік, не үйрендік?

Жалпы, дос, жолдастық туралы білімімізді бекіту мақсатында

топтастыру әдісін жүргізейік. Қандай достар болады?

XI. Оқушылардың білімін бағалау.

XII. Үйге тапсырма беру.

ТЕРІСІ БАҒАЛЫ АҢДАРДАҒЫ ЕТІСТІКТІҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың жалпы мәдени хабардарлығы дамытылады; етістіктің болымсыз түрінің жасалу жолдары түсіндіріледі; ауызекі сөйлеу тілі, ойлау қабілеттері кеңейтіледі. Оқушыларға терісі бағалы аңдар туралы тың мәліметтер беріліп, білімдері молайтылады.

Сабақтың міндеттері:

<p>1. Білімділік: мәтінмен, сөздікпен жұмыс жүргізе білулеріне; терісі бағалы аңдарды ажыратуға, олардың сипаттары мен мінез ерекшеліктерін салыстыра білуге үйретіледі.</p>	<p>мәтінді оқу, сөздікпен жұмыс жүргізген, сөйлемдер құрастырылған кезеңдерде.</p>
<p>2. Дамытушылық: оқушылардың тіл байлықтары, әңгімелей, мазмұндай, аудары, салыстыра білу қабілеттері дамытылады.</p>	<p>жаңа сөздермен танысу, мәтінді аударып, мазмұндау, топпен жұмыс жүргізу барысында.</p>
<p>3. Тәрбиелік: топпен жұмыс жүргізулеріне, бір-бірін сыйлап, тыңдай білулеріне, табиғатты, аңдар мен үй жануарларын қорғауға тәрбиеленеді.</p>	<p>қорыту бөлімінде, әңгімелеу, жұмбақ шешу кезінде.</p>

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, география, биология.

Сабақтың көрнекілігі: плакат, аңдардың, жануарлардың суреттері, үлестірмелі қима қағаздар, схема.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдері: жеке және топтық сараптау, сөздікпен, мәтінмен жұмыстар, аудару, сұрақ-жауап әдістері, ойын, сайыс элементтері.

Сабақтың жоспары:

I. Кіріспе бөлімі:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Тіл дамыту кезеңі.
3. Үй тапсырмасын тексеру, бағалау.

II. Негізгі бөлім:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.
2. Жаңа сабақты түсіндіру, мәтінді оқу.
3. Қазылар алқасы мен топ басшыларын сайлау.
4. Сайыс жүргізу.

III. Қорытынды бөлім:

1. Ұпай санын есептеу.
2. Сайысты қорытындылау.
3. Бағалау.
4. Үйге тапсырма беру.

Сабақтың барысы:

1. Оқушыларды топқа бөлу, сәлемдесу, түгендеу.
2. Тіл дамыту: Бүгін қандай күн? Табиғат қандай? Қазір қандай жыл мезгілі? Табиғатта қандай өзгерістер болады? Ауа райы қалай өзгереді?

3. Үй тапсырмасын сұрау. «Қазақстан таулары. Еліміздегі қорықтар».

4. Бүгін біз еліміздегі терісі бағалы аңдарды өтеміз, олардың пайдасын анықтаймыз. Ол аңдардың мінез ерекшеліктерін, қай жерлерде мекендейтіндерін білетін боламыз. Етістіктің болымсыз түрі қалай жасалатынын үйренеміз.

5. Әр топ өз басшысын сайлап алады. Сонымен қатар, топтардың

Етістік.

Болымды	Болымсыз
кел, бар	1. -ма, -ме: барма, келме; -ба, -бе: жазба, сүзбе; -па, -пе: айтпа, сүртпе; <i>жоқ, емес</i> сөздері арқылы: <i>келген емес, көрген жоқ.</i>

Сөздер жазылған қима қағаздар тарату арқылы оқушылардың болымсыз етістіктің жасалу жолдарын қалай түсінгендерін анықтап білу.

Мысалы: сөйле, айт, іш, бер, жаса, күт.

Күлген .., алдаған ..., білген..., басқан... .

1. **Сайыс жүргізу барысы. Командалар таныстырылады:**

1 команда – «Жолбарыстар», 2 команда – «Арыстандар».

1. **«Мәнерлеп оқу»** сайысы. Әр командадан 2-2 оқушыдан ортаға шығып, мәтінді мәнерлеп оқиды.

Терісі бағалы аңдар.

Біздің ормандарымызда терісі бағалы аңдар көп. Олардың бірі – түлкі. Түлкінің бірнеше түрі болады. Қазақстанда қызыл және қарақүрең түлкі ғана мекендейді.

Ал түлкінің ең асылы – қарасұр түлкі. Бұл суық жақтағы ормандарда, Енисей өзені бойында тіршілік етеді.

Қарсақ – түлкінің бір тұқымы. Ол түлкіден кішірек, түсі сұрғылт. Қарсақтың құйрығы қысқа, құлағы тік, көзі дөңгелек болады. Қазақстанда қарсақ көп.

Күзен – жыртқыш аң. Күзеннің аяқтары қысқа. Күзеннің терісі жылы болады. Оның тісі өте өткір. Қазақстанда күзен де көп.

Тиін – терісі бағалы кішкентай аң. Тиіннің құйрығы ұзын болады. Ол қысқа көп қор жинайды.

2. **«Мәтінді толықтыр»** сайысы. Әр топтан 2 оқушы ортаға шығып, берілген мәтінді толықтырып жазады.

А) Бұл - Африка мен Оңтүстік Шығыс Азияда ғана.... Бұлар Африка және Үнді пілі деп екі түрге.... Піл нан, қант, жем, бор..., су... Қазіргі кезде пілді аулауға тыйым салынды.

Б) Бұл -.... Ол өте күшті.... Ол Қиыр Шығыста.... Жолбарыс басқа аңдармен Кейде мал мен адамға да шабуыл....

В) Бұл -.... Қазақстанда түлкінің... түрі бар. Түлкі өте қу, айлакер... Оның терісі өте бағалы. Ол..., тауық, құстармен....

Г) Бұл - Қоянның түсі.... Қыста..., жазда... болады. Құлағы..., қорқақ аң. Қазақстанның барлық орманды жерлерін Ол қыста ағаш бұтақтарымен ...

3. «Шешуін тап» сайысы. Жұмбақ шешу сайысы.

1. Өзі - айлакер, өзі - бір қу,

Жүрген жері - айқай да шу.

2. Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады.

4. «Енесі мен баласы» сайысы. Оқушылар суреттер бойынша алма-кезек тақтаға шығып, берілген сөздердің астына тиісті суреттерді орналастырады.

Құлын - бие.

Бөлтірік – қасқыр.

Қозы – қой.

Қонжық – аю.

Бұзау – сиыр.

Бота – түйе.

5. Капитандар сайысы. «Жекпе-жек» сайысы. Берілген етістіктерден болымсыз етістік жаса.

Бар, кел, бұр, ал, жүр, көр, кес, жаз, қайт, ойлан.

Қоректен, бол, қу, қаш, ат, тірке, қорға, күт, ұз, жырт.

6. Әділқазылар алқасына сөз беріледі. Қорытынды жасалады, жеңімпаздар анықталып, бағаланады.

7. Үйге тапсырма беріледі: «Жануарлар» тақырыбына сөзжұмбақ жасап келу.

ОТБАСЫЛЫҚ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫ

Мақсаты: сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын байыту.

Біліктілік: отбасының атауларын қазақша тереңдете меңгерту, яғни, ата-дәстүр үрдісіне жол ашу.

Дамытушылық: мақал-мәтелдегі қасиетті сөздер арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан қазақтың салт-дәстүр, тарих, мәдениетіне тереңірек үңілуіне жан-жақты машықтандыру.

Көрнекілік: интербелсенді тақта.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу. Сабаққа психологиялық дайындық.

Жаңа сабақтың мақсатын ашу.

(Грамматикадан салалас құрмалас сөйлемді нысықтау).

Нәресте анадан екі түрлі мінезбен туады.

1. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп, себебі, бұлар - тән құмары.

2. Екіншісі – білсем, көрсем, естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді, өйткені, мұның бәрі - жан құмары. *(Абай Құнанбайұлы).*

Сөздікпен жұмыс жүргізу.

Ата – әкенің әкесі.

Әже – әкенің шешесі.

Әке-шеше, ата-ана – дүниеге ұрпақ әкелген ерлі-зайыпты адамдар.

Бала – ата-анадан туған ұрпақ, олар **ұл, қыз** деп аталады.

Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы.

Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ ана.

Немере – ұлдың баласы.

Шөбере – немеренің баласы.

Жеңге – ағаның әйелі.

Ағайын – бірге туған туыстар.

Аға, апа(әпке), қарындас, сіңлі – бір әке-шешеден туған немесе туыстың балалары, үлкен болса – **аға**, кіші болса – **іні**, үлкен қыз – **апа(әпке)**, кіші болса – **қарындас**, қыздар үшін **сіңлі** болады.

Туыстықтың үш бұтағы. (Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып жаз).

Бабамнан басталар

«Өз жұртым» мыналар:

Ең жақын адамдарым – мен бар.

Әкемнің әкесі – Ақ басты бар.

Әкемнің шешесі – Ақ шашты бар.

Ұлдардың үлкені – Бір туған бар.

Қыздардың үлкені – Бір туған бар.

Ұлдардың кішісі – Бір туған бар.

Қыздардың кішісі – Бір туған (ұл балаға)

Әпкеге бар.

Отбасы туралы мақал мәтелдер.

1. Он үште отау иесі.

В тринадцать лет глава семьи.

2. Жеті атасын білмеген – жетімдіктің салдары.

Незнание своей родословной до седьмого колена – следствие сиродства.

3. Жеті атасын білмеген – жетесіз.

Кто не знает своей родословной до седьмого колена – тот бестолковый, неразумный.

Білгендерің артық болмас.

Жеті ата: 1. Әке; 2. Бала; 3. Немере; 4. Шөбере; 5. Шөпшек,

6. Немене; 7. Туажат.

(Жеті атаның орнын тап).

Әкеме мен

Атама мен

Немере баласы болады.....

Шөбере баласыдеп аталар.

Шөпшектің баласы саналар.

Немененің баласы деп аталып,

Осындай ұрпақ жалғасы «Жеті ата» бола алар.

3- тапсырма:

Мына сұрақтарға жауап бер:

1. Отбасында неше адам бар?
2. Олар кімдер? Әрқайсысын жеке-жеке ата.
3. Олардың мамандықтары қандай?

4- тапсырма:

а) мына сөздіктерді пайдаланып, мақалды аудару.

ә) Бір мақал-мәтел бойынша әңгіме құрап жазу.

асқар тау – неприступная гора; **жаға** – берег;

бұлақ – родник; **құрақ** – тростиник;

сыншы – критик; **қу мазар** – одинокая могила.

1. Әке – асқар тау. 3. Әке балаға сыншы.

Ана – бауырыңдағы бұлақ. 4. Балалы үй – базар,

Бала – жағасындағы құрақ. Баласыз үй – қу мазар.

2. Әкеге қарап ұл өсер,

Шешеге қарап қыз өсер.

Сабақты бекіту: жаңа сөздер мен сөз тіркесін екі тілде қайталап бекіту.

Рефлексия: әр оқушы өз біліміне өзі баға береді.

Үй тапсырмасы: жаңа сөздер мен мақалдарды жаттау.



СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ - ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРЫ

Сабақтың мақсаты :

1. Білімділік: оқушыларға мәдениет пен ұлттық аспаптар туралы мәлімет беру, жинақталған білімдерін пайдалана отырып, сөздік қорларын толықтыру.

2. Дамытушылық: сөйлеу тілін дамыту, өз ойын жеткізе білуге дағдыландыру.

3. Тәрбиелік: оқушылардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру.

Түрі: жаңа сабақ .

Әдістері: түсіндіру, топтық жұмыс, өз бетімен жұмыс, сұрақ-жауап.

1. Оқушылардың құзыреттілігін дамытуын қолдануда оқу үрдісінің интерацияға құрылуында коммуникативтік әдістерді қолданды. Атап айтқанда:

пікірсайыс әдісін;

рефлексия негіздеу әдістерін;

сөйлеу мен ойлау;

көрнекілік құралдармен жұмыс әдісі;

шығармашылық білім қалыптастыру тәсілдері қолданылды.

2. Оқушылардың оқу үрдісінде белсенді жұмыс істеу

формасы. Топ бойынша жеке жұмыс.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ әдебиеті

Көрнекілік: буклет, портреттер, домбыра, магнитофон, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу , оқушыларға жақсы тілек айту.
2. Сынып оқушыларын екі топқа бөлу.

II. Жаңа сабақты түсіндіру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Балалар, біз бүгін қазақ халқының ұлттық аспаптарымен танысамыз.

Буклет арқылы таныстыру.



Қазақ музыкасы өз бастауын қайдан алады? Бізге жеткен аңыз бойынша, оның бастауында қазақ музыкасының атасы, қобызды, домбыраны дүниеге келтірген ұлы сазгер, шежіреші, ақындардың, сазгерлер мен бақсылардың қамқор пірі, сонау VIII-IX ғасырлардың шебінде өмір сүрген Қорқыт ата тұрған. Ұлы даладосодан кейін де көптеген дарын иелерін таныған. Кең даладағы көшпенді қазақтардың қай-қайсысы да домбыраның үніне жан-тәнімен беріліп, оны өзінің бүкіл асыл ойы мен қазынасындай сезінеді. Қазақ музыкасының керемет білгірі академик Ахмет Жұбанов домбыра туралы былай деп жазып кетті: «... Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыка аспабы - домбыраның бірде күмбірлеп, бірде тыңк-тыңк шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей

сыңғырлаған үні ...».

Халықтық музыкалық классиканың, ұлттық мәдениеттің мақтанышы болған өкілдері — Сүгір Әлиұлы, Тәттімбет, Ықылас, т.б. Олардың арасында Құрманғазы Сағырбаевтың алатын орны ерекше. Оның бір басында сазгерлік, орындаушылық, ұстаздық, бой бермес «бүлікшілік» түгел болды. Ұлы күйшінің өмір сүрген кезінің өзінде-ақ оның шығармашылық және адами бейнесі аңызға айнала бастаған еді.

Құрманғазының шығармалары: «Түрмеден қашқан», «Қызылқайың» күйлерін шығарды. Ол өзінің «Түрмеден қашқан» күйін орындаған кезде: « Мен бұл күйді бостандықты аңсаған, осы күндерді күткен, армандаған кезде шығарған едім» депті. Құрманғазы күйлерінде әйелдердің бейнесі де суреттеледі. «Назым», «Қайран шешем», «Адай» сияқты күйлер.

Құрманғазының «Адай» күйін тыңдау.

- Балалар, қандай белгілі адамдарды білесіңдер? Кім айтып береді?



1. Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1860)
2. Дина Нұрпейісова (1861 - 1955)
3. Нұрғиса Тілендиев(1925 - 1999)

Жаңа сөздермен жұмыс:

Ішекті аспап – струнный инструмент:

Үрмелі аспап – духовой инструмент.

Дабылды-шулы аспап - тревожно-музыкальный инструмент.

Сарнамалы аспап – заунывный инструмент.

а) мәнерлеп оқу.

ә) дауыстап бірге оқу.

б) жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыру.

в) жаңа сөздерді сөздік дәптерлеріне жазғызу.

III. Сабакта алған білімдерін қорыту кезеңі.

1. Топтық жұмыс .

- қызығушылықты ояту (сұрақтар қойылуда).

- әр шәкірттің жеке ерекшелігі ескеріліп, шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік беріледі (жауаптар іздеу мәселелері).

Тапсырмалар бойынша оқушылар әңгіменің мазмұнын айтады.

Әр топтан 1-2 оқушыдан мазмұнын айтса, басқа топтан сұрақтар қойып, топ мүшелері де жауап бере алады.

«Қобыз» тобы. Қобыздың тарихымен таныстырады. Қобыз туралы өлеңдер оқылады .

«Домбыра» тобы. Домбыраның тарихымен таныстырады. Домбыра туралы өлең оқылады. «Домбырасыз ән қайда» өлең.

(Күй тыңдау.)

2. Пікірлесу кезеңі.

Өз ой-пікірлерін ортаға салады.

Енді, дауылпаз, жетіген туралы аңыздарды тамашалайық.

Бірінші оқушы:

ЖЕТІГЕН

Ертеде өмір сүрген бір шалдың жеті ұлы болыпты. Бір жылғы жұтта әлгі шалдың қолындағы бар малы қырылады. Суық үйдің берекесі кетеді. Киіз үйдің шаңырағына бақытсыздық орнап, жеті ұлы бірінен соң бірі өледі.

Өлгеннің артынан жоқтау айтып, ас беруге еш қаржысы жоқ шал кепкен ағаштан ойып аспап жасапты. Үлкен ұлы өлгенде оған ішек тағып, тиек орнатады. «Қарағым» деп атап, жоқтау күйін тартады. Екінші ұлы өлгенде екінші ішек тағып, «Қанат сынар»

күйін орындайды. Әрбір ұлына арнап «От сөнер», «Бақыт көшті», «Күн тұтылды», «Жеті баламнан айырылдым» деген жаңа күйлер шығарыпты. Сөйтіп, жетігенге жеті ішек тағылатын болыпты дейді аңыз.



Екінші оқушы:

ДАУЫЛПАЗ

Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарының тұрпаты жағынан көз тоқтатарлық көлемді түрі - дауылпаз. Дауылпаз қазақпен көршілес көптеген халықтардың музыкалық аспаптар қорында бар. Оны туысқан қырғыз халқы **доолбас**, әзербайжандар - **тэбльбаас**, ұйғырлар - **тевилваз** деп айтады.



3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

а) қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер ?

ә) қандай ұлттық аспапта ойнайсыңдар ?

б) қандай музыкалық аспаптарды ұнатасыңдар ?

VI. Рефлексия. Оқушылардың сабақ туралы пікірі.

- Балалар, біз бүгін не білдік? Оқушылардың жауаптары.

Қорытынды.

Бағалау.



Гүлжан ҚАЗБЕКОВА,
Астана қаласындағы
№30 мектеп – гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒА БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Тіл үйренуші тұлға мен ұстаз арасындағы байланыс жеке тұлға белсенділігін арттыруға міндетті. Бұл жолда оқу үрдісінің тиімді де қарапайым жақтарын пайдалану керек. Мен сабақты: «Сен қазақ тілін үйренуің керек, - деген ой тастаудан бастаймын. Сондай-ақ әр өзге ұлт өкіліне:

- Сен қазақ елінің азаматысың.
- Сенің отансүйгіштігің мемлекеттік тілді білуден бастау алады.
- Сен Қазақстанда тұрасың.
- Сен қазақ тілін білуге міндеттісің.
- Қазақ тілі – сенің екінші ана тілің болуға тиіс.
- Бүгінгі таңда қазақ тілін меңгермесең биікке қол жеткізу мүмкін емес, – деп әр жеке тұлғаның таным белсенділігінің дамуына бағыт беремін, ой тастаймын. Мұны түсінген оқушы мұғалімнің әр айтқан сөзін түсініп, үйренуге тырысады. Мұндай ой тастауды үнемі қолдану әр жеке тұлғаның бойында, біріншіден, патриоттық сезімді оятады, екіншіден, жеке тұлға белсенділікпен жұмыс жүргізуге әрекет жасайды. Бұл тұста мұғалім әрекеті - әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жеке танымдылық белсенділікті дамыту.

Жеке тұлға белсенділігі – мұғалім сыныптағы оқушыларға тақырыпты толық түсіндіріп болғаннан кейін пайда болатын құбылыс. Себебі: сынып ішіндегі оқушылардың таным белсенділігі әр түрлі.

Жеке тұлға белсенділігінің пайда болу жолдары.

1. Оқушылардың ақпаратты түйсігінде қабылдауынан кейін.
2. Қабылдаған ақпараттың көмегімен проблеманы шешу жолында туындаған қиындықтардан кейін.
3. Өткен тақырыпты жаңа тақырыппен байланыстыру кезеңінде.
4. Өз бетінше әрекет ету кезеңінде.

Қазақ тілі сабақтарында жеке тұлға белсенділігін арттырудың тиімді жолдары.

Өзге ұлт өкілінің қазақ тілін үйренуі балабақша мен мектептен бастау алады. Қоршаған орта дегеніміз – ол жеке тұлғаның ата-анасы, достары, ол оқитын мектеп ұжымы. Осы қоршаған орта жеке тұлға мен мұғалім еңбегіне әсер етеді, яғни, оқушы досымен бір ауыз қазақша сөйлесе, оны ешқашан да ұмытпайды. Мектеп ұжымы директордан бастап, асханадағы аспазшы да, мектептегі дәрігер де қазақша ауызекі тілде сөйлесе, әр оқушы қазақ тілін білуге тырысады. Қазақ тілін білгенін өзіне мақтан етеді. Осы мақсатпен біздің №30 мектеп-гимназиясында «Мен қазақша сөйлеймін» атты кеш өтті.

Жеке тұлға белсенділігін арттырудағы ата-ананың әрекеті. Бүгінгі таңда өз баласы қазақ тілін білсе екен деген ата-аналар қатары көбейіп келеді. Бастауыш сынып оқушылары үй тапсырмасын орындау барысында ата-анасынан көмек күтеді. Ата-анамен біріге жұмыс істеу мақсатында әр жеке тұлғаның ереже дәптері болады. Бұл дәптерсіз әр оқушы тіл сабақтарында жұмыс істеу мүмкін еместігін түсінуі керек. Әрбір жеке тұлға үшін бұл дәптер қазақ тілінен анықтама кітапшасы болып саналады. Бұл дәптерде:

- Дыбыс жүйесі. Дыбыстың түрлері.
- Буынның түрлері.
- Үндестік заңы.
- Жалғау түрлері.
- Сөз таптарын ажырату.
- Тұйық етістік.

- Шақ түрлері.


- Етістіктің болымды, болымсыз түрлерінің қолдану ерекшеліктері түсіндіріледі. Мұны «Жеке тұлғаға қазақ тілін үйрету жолындағы грамматикалық жүйелілік» деп атап өттім. Осы жүйені негізге ала отырып, әр оқушы сөз–сөз тіркесі–сөйлемдерді орындап береді. Ата-ана да ереже дәптерінің көмегімен баланың үй тапсырмасын орындаудағы түсінбеген тұстарында көмекке келе алады. Осылайша жеке тұлға үйде де, сыныпта да өз бетінше тапсырма түрлерін орындай алады. Жеке тұлғаның білімін тексерудің әдістері көп. Соның бірі тақтада жұмыс жүргізу барысында орындаған тапсырмасын ашық ереже дәптерімен өзіне тексертемін, бағалатамын. Жіберген қатесіне ұқсас тапсырманы қайтадан орындатамын. Қатесі аз немесе мүлде болмайды. Оқушы миына шабуыл жасап, өз қатесін өзі көрсету әрекетімен мұғалім жұмысына бағыт береді. Берілген тапсырманы орындауынан жеке тұлға деңгейіне дейін сараптама жасап отырамын. Мұндай жүйе қазақ тілі сабақтарында жеке тұлға белсенділігін арттыру жолында өте тиімді. Осылайша жеке тұлға мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнатылады. Мұғалім жанашырлығын сезген жеке тұлға білмегенін сұрап алуға тырысып, өз бетінше әрекет етуге бағытталады. Үлгерімі жақсы оқушылар бір сәтке мұғалім рөлін атқарады. Ереже дәптеріне сүйене отырып, оған көмектесе алады. Өзара оқыту жеке тұлғаға оқушы мен мұғалім рөлін кезек орындауға, өзара қарым-қатынастағы білімін бекітуге мүмкіндік береді. Өзара көмек нәтижесінде жеке тұлға деңгейі өсіп отырады. I деңгейдегі тұлға II деңгейге, II деңгейдегі тұлға III деңгейге көтеріледі. Нәтижесінде тілдік құзыреттілік молайып, өзара қазақша сөйлесуге тырысады. Мұндай өзара оқыту әрекеті жеке тұлға белсенділігін арттыруда өте тиімді.

Жеке тұлға бойында қазақ тіліне деген қызығушылықты қалыптастырудағы ұстаз шеберлігі және ақпаратты технологияның әсері.

Қазақ тілін үйрету жолында ақпаратты технологияны пайдалану

жеке тұлғаның танымдық қызығушылығын арттырады. Ақпараттық технологияның көмегімен жеке тұлға танымдық қиыншылықты жеңуге бағыт алады. Мұғалім көмегіне сүйене отырып, біліктілігін арттырады. Осылайша жеке тұлға бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Бәсекеге қабілетті тұлға өзіндік білім алу жолында әрекеттенеді. Жеке тұлға белсенділігін арттыру жолында тіл маманы:

- жеке тұлғаны қазақ тілінде таза сөйлету үшін қалай оқыту керек;
- оқыту үрдісінің тиімділігін қалай арттырсам деген ізденіс үстінде болады.



Мұндағы оқушы - ортаңғы сатыдағы тұлға, мұғалім өзін-өзі жетілдіруші, жеке тұлға - ізденіс үстіндегі тұлға, яғни, менің қайтсем де қазақ тілін үйреніп, қазақша сөйлеуім керек деген ой жетегіндегі тұлға. Осындай ой жетегіндегі жеке тұлға үнемі ақпараттар технологиясын негізге ала отырып, мұғалім көмегіне жүгінеді. Себебі, мұғаліммен қарым-қатынасқа түскен жеке тұлға ақпаратты технологиядан алған білімін нақтылай түседі.



АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ҒИБРАТЫ

Ұлы данышпандардың бірі – Абай ағамыздың кейінгі ұрпақтарына қалдырған мұрасы өте көп. Абай өлеңдері тұнып тұрған тәрбие, ақыл-ой десек те болады. Ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерінің ғибраты, оқушыға берер тәрбиесі өте зор. Мен мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан, әр кезде оқушы санасына Абай өлеңінің маңызын, мәнін түсіндіріп отырамын.

Абайдың атаған бес асыл ісін оқушылар алдында талдап көрсетейін.

Бірінші талап. Қазақта «Талаптыға нұр жауар» деген мақал бар. Әрбір адамзаттың өмірде алдына қойған талабы, мақсаты болуы керек. Бұған қоса халқымыз «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» дейді. Абай өзінің 44-ші қарасөзінде талап жайында былай дейді: *«Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Талаптың өзі де түрлі-түрлі. Ғәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де бірінен-бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні керек қылмайтұғыны болмайды әрнешік, орынсыз ба, орынды ма» бәрекелді деуміші көңіл іздеп тұрады...*

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына кәдір іздеп, сол талапта болады. Біреуі мал қуып жатыр. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдының беті жарық» дейтұғын, мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит тек болса, малдыны сөге алмайды

деп, бұл Һәм пайда, Һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысырас, қазақтың өз құлқына қарағанда, көңіл жиіркендіретұғын іс... Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңдықыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап қайдан оқып, ұмтылған талап екенін білерсің.»

Міне, оқушы осы қағиданы оқып-үйрену арқылы сана - сезімде талаптың құдіреттілігін сезінеді. Оның өміршендігін түсінеді.

Екінші - еңбек. 2-ші қарасөзінде қазаққа көршілес жатқан өзбек, татар, ноғай, орыс халқынан шаруа жасауды, еңбек етуді үйрен дей отырып, Абай «Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда, үйрен» деп терең өсиет айтады.

Еңбектің адам өміріндегі атқаратын рөлін ақын жеткізе түсіндіреді.

Үшіншісі – терең ой. Адамның қоршаған ортадағы жан-жануар, құстардан айырмашылығы – оның ой - өрісі, сөйлеуі «Өнер алды – қызыл тіл» деп Абай анық, дәл басып айтып тұр. «Басында ми жоқ, өзінде ой жоқ» деп ақын дәл айта білген.

«Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, алайда бітіргендігінен емес.

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық: сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық», - деп ақын 37-ші қарасөзінде шынайы көрсете білген.

Төртіншісі – қанағат.

Бұл туралы ақын 15-ші, 17-ші, 18-ші, 19-шы қарасөздерінде дәлелдеп берген.

Мысалы, 18-ші қарасөзінде: *«Адам баласында жыртықсыз, кірсіз сыпайы киініп Һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза киюі - дұрыс іс. Өз дәулетінен артық киінбек не киімі артық болмаса да көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің»*

ісі», - дейді.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: Бірі- бет пішінін, сақал – мұртын, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзеп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі – атын, киімін, «айран ішерін» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардың ішін кердіріп, өзінен кейінгіге «Әттең дүние- ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?» дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық.

Мұны адам бір ойламасын, егер де бір ойласа қайта адам болмағы - қиын іс....

Бесіншісі – рақым. Қазақта Рақым, Рақман, Рақымжан есімді адам есімдері жиі кездеседі. Бұл есімдердің берілуі тегін емес. Оған тағы да Абай сөзі дәлел бола алады. Абай 17–ші қарасөзінде былай депті: – Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғалымға жүгініпті. Сонда ғалым:

- Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы депті.

Рақымшылық жасау - әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Рақымшылық - тек өзіне ғана емес, алыс пен жақынға, үлкен мен кішіге, жас пен кәріге, еркек пен әйелге жасайтын қайырымдылық. Оның астарында жүрек жылуы мен шынайы сезім жатыр. Адамға көмектесу, жәрдемдесу, яғни, қол ұшын беру – рақымшылықтың белгісі. Ендеше:

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым - ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз,- деп ұлы ақын айтқандай, біздің болашақ ұрпағымыз осы асыл қасиеттерді бойына сіңіріп, адамгершіліктің кәусар суымен сусындап, халқының баласы болып өсе берсе екен деймін.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖОҒАРЫ, САПАЛЫ ДЕҢГЕЙДЕ ОҚЫТУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ - ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазіргі кезде әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағдарланған жаңа білім беру жүйесі құрылуда. Заманауи білім беру жүйесі мемлекет мәртебесін, оның мәдени деңгейін, ғылымы мен білімі жоғары ел ретіндегі халықаралық беделін айқындауда маңызды фактор болып саналады. Жаңа ғасыр: жаңа мазмұн, жаңаша көзқарас, икемді мінез-құлық, озық педагогикалық менталитетті талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім беру процесіне жай ғана оқушы емес, әлемдік деңгейде орын алатын түлектерді дайындауға мүмкіндік беретін инновациялық және интерактивті технологияларды енгізудің қажеттілігі күрт өсіп отыр. Сондықтан өз бетімен білім алу тақырыбымды «Қазақ тілін жоғары, сапалы деңгейде оқытудың басты факторы – интерактивті технологиялар» деп белгілеп алдым.

Мақсаты: Интерактивті технологиялар және техникалық объектілердің көмегімен ақпаратты шығармашылықпен жеткізетін, материалды іріктей, талдай алатын, өз бетінше ізденетін жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту.

Міндеттері: 1. Интерактивті технологиялардың мүмкіндіктерін жан-жақты ашу; 2. Тақырыптың теориялық және практикалық тәжірибесін талдау; 3. Сабақта интерактивті технологиялардың қолдану деңгейін анықтау.

Өз жұмысымда инновациялық технологияларды ертеректен қолданып отырмын, бірақ 2007 жылдың сәуірінен бастап мектепте шетелдік PROMETHEAN International PASCO scientific және қазақстандық NUREKOM LTD компаниялары бірігіп жасаған, жалпы білім беруге арналған интерактивті оқыту әдістері мен құрал-жабдықтары орнатылды..

Алдымен интерактивті оқыту әдістері мен құрал-жабдықтары неден тұрады екенін анықтап алдым. Олар:

1. ACTIVboard интерактивті тақта.
2. Aktivstudio бағдарламасы.
3. АКТИVvote тестілеуші құрылғысы.
4. АКТИVSLATE сымсыз радиобасқарушы құралы.
5. MERITZ бағдарламасы.

Осы интерактивті технологиялармен жұмыс жасау бірнеше кезеңнен тұрды:

Теориялық:

- Бағдарламалық қамтамасыз ету және құрал-жабдықтармен жұмыс жасау бойынша 2007 жылы «Қазақ тілі сабақтарында MERITZ бағдарламасын қолдану», 2009 жылы «Интерактивті технологияларды қолдану мүмкіндіктері» атты үйретуші курстарға қатыстым.

Практикалық:

- Тақырыптық флипчарттар жасау.
- MERITZ бағдарламасы бойынша жұмыс жасау.
- МАБ және ҰБТ-ге дайындық көзі ретінде АКТИVvote тестілеуші құрылғысын пайдалану.

Мониторинг:

- Ашық сабақтар, шығармашылық шеберханалар өткізу, тақырыптық жинақтар жасау.

Осы интерактивті технологияларды қолдану арқылы мен төмендегідей қорытындыға келдім:

1. ACTIVboard интерактивті тақтасын пайдаланып, интерактивті оқытудың артықшылығы сол, сабақ жоспарлау

барысында оқытушыға оқу жоспарындағы әрбір тақырып бойынша қызықты оқу-танымдық интерактивті сабақтарды дайындауға мүмкіндік береді;

2. Мұғалім қолда бар Aktivstudio бағдарламасының дайындамаларын пайдаланып, оларды өздігімен үйде, өзінің дербес компьютерінде немесе оқушылармен бірге тікелей сабақ үстінде құрып алуына болады. Aktivstudio бағдарламасының мүмкіндігі - кітапхана қоры арқылы оқушы өзі белгілі тақырыпқа материал жасай алады және Microsoft Power Pointті флипчатқа өзгертіп, тек демонстрация ретінде қолданбай, суреттерге, сұрақтарға қалам, маркер, виртуалды клавиатураны пайдаланып түсіндірме жасай алады.

3. Сабақ сонында мұғалім тақырыптың қаншалықты табысты өткендігін және материалдың қаншалықты меңгерілгендігін ұсынылған жауап нұсқаларының біреуін таңдап алуға арналған алты кнопкалы интерактивті сымсыз АКТИVvote тестілеуші құрылғысы көмегімен жылдам тексеріп шығып, сұралғандардың қайсысы дұрыс, қайсысы қате, қанша уақытта жауап бергенін анықтайды, сондай-ақ сұрақ нәтижелерін кесте немесе диаграмма режимінде принтерден басып шығара алады.

4. АКТИVSLATE сымсыз радиобасқарушы құралы арқылы мұғалім сабақты кабинеттің әр жерінен басқара алады, әр оқушыға жеке тапсырма беріп, түзетулер енгізе алады.

5. MERITZ бағдарламасы дайын сабақтарды ұсынып отыр, тек мұғалім күнтізбелік жоспар арқылы өзіне бір жүйе құрап алады. Бұл бағдарламада сөздік жұмыс, сөздерді бекітуге арналған жаттығу, сөйлесулер, қызықты видеоматериал, мәтіндер, мәтіндерді қорытуға ұсынылған ойындар, жаттығулар, ережелер, тестілер бар. Осы бағдарламада ұсынылған ережелер, ережелерді бекітуге арналған жаттығу мен тестілерді бір базаға жүйелеп алдым. Мультимедия кабинетінде әр оқушыға жеке компьютеріне түсіріп, оқушы өз бетімен ережелерді қайталап, тестілерді орындап, қателерін түзету арқылы олардың ҰБТ-ге сапалы

дайындалуына үлкен септігін тигізді.

Осы интерактивті технологиялармен жұмыс жасау нәтижелері:

1. Тақырыптық флипчарттар жасалды.

2. MERITZ бағдарламасы бойынша мәтіндер, ережелер, жаттығулар базасы құрылды.

3. МАБ және ҰБТ-ге дайындық көзі ретінде АКТИVvote тестілеуші құрылғысын пайдалануға арналған тақырыптық тестілер базасы құрылды.

Қорытынды.

Интерактивті технологияларды қолдануда бірнеше мүмкіндіктер ашылады. Мұғалім үшін: қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тақырып мазмұнын жан-жақты ашу мүмкіндігі, оқушылардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру мүмкіндігі. Оқушылар үшін: ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі, істелген жұмысы үшін жауапкершілік сезімдерін нығайту мүмкіндігі, интерактивті технологияларды қолдануда шығармашылығын көрсету және өз білімдері мен дағдыларын практика жүзінде қолдану мүмкіндігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», 2007.

2. Қазақстан Республикасында орта жалпы білім берудің 12-жылдық Концепциясы, 2004.

3. Қазақстан Республикасының «Білім беруді дамытудың 2004-2015 жж.» тұжырымдамасы, 2004.

4. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы»

5. «Мектептегі ғылыми жұмыс» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, 2010. №5, №7.

6. «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы» журналы, 2010.

7. «Управление современной школой», Республиканский научно-методический журнал, 2009. №3.

Айгүл САДЫҚОВА,
Семей қаласындағы
№9 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АБАЙ МЕН МҰХТАР

Мақсаты: Мұхтар Әуезовтің Абай тақырыбын, оның өмірі мен өнерінің мән-мағынасын бар ынта-ықыласымен, асқан сүйіспеншілікпен терең зерттегенін көрсету.

1-жүргізуші: - Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар!

2-жүргізуші: - Біздің бүгінгі әдеби кешіміз Ұлы Абай мен Мұхтарға арналған!

1-жүргізуші: - Қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейін әдебиет саңлағы, қазақ прозасының негізін салушы –Мұхтар Әуезов деп дөп басып айта аламыз. Біз Мұхтарды жазушы, драматург , қоғам қайраткері, ғалым, академик деп танысақ, бүкіл әлем оны Абайдың ізін жалғастырушы деп біледі. 50 жылдық тарихты қамтыған «Абай жолы» эпопеясы - әдебиет әлеміндегі баға жетпес құндылықтардың бірі.

2-жүргізуші: - Бұл күнге лайық алыпсың,

Ол күнге қалай сыйғансың?!

Бір өзің – бүкіл халықсың,

Қалдырмай бәрін жиғансың.

Жарылып кете жаздапты-ау

Жырламай тынсаң жүрегің.

Айтпаған сөзің аз қапты-ау,

Бөлек бір туған кім едің?!...

Атаның ұлы емессің,

(Кешіре жатар Кеңгірбай),

Халықтың ұлы боп өстің,

«Ибраһим» демей, деді «Абай».

Абай десе Абайсың,

Абайладың жан-жақты.

Риза еттің, жарайсың,

«Қалың елің - қазақты!». (Қасым Аманжолов, «Абайға айтарым»).

1-жүргізуші: - Атасы Әуездің жәрдемімен, бір жағынан, сол кезде ел арасына көп таралған қиссалар мен аңыздарды, өлең-жырларды, екінші жағынан, Абайдың шығармаларын көп тыңдап, жаттап өскен Мұхтардың бойында көркем әдебиетке деген ықылас, құмарлық ерте оянды. «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаянында Мұхтар Әуезов: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да - Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз қазақ деген сөзбен теңбе-тең түскендей кездері бар сияқты. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен бара бар болатыны бар» деп жазды.

2-жүргізуші: - Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық пен сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. «Өнер тап, оқы, қарекет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол» деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Абай - философ, данышпан.

1-жүргізуші: «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында автор әйелдің қоғам өмірінде атқарар рөлін дәлелдеп, ашып танытады. Әйелді қоғамдық ортаның ұйтқысы ретінде бағалайды. Әйел басындағы тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Өйткені, адам қоғамындағы адамгершілік – ана тәрбиесінің нәтижесі.

2-жүргізуші: М.Әуезовтің драматургиялық шығармаларының

катарында «Абай» трагедиясы айрықша орын алады. Бұл пьеса тек М.Әуезовтің ғана айтулы туындысы емес, бесжылдықтар дәуіріндегі жалпы қазақ драматургиясының жетістігі.

Абай

(Либреттодан үзінді)

Қатысушы адамдар:

1. Абай.
2. Айдар.
3. Әзім.
4. Есбай.
5. Нарымбет.
6. Ажар.
7. Қарлығаш.
8. Жиренше.
9. Сырттан.
10. Мес.

Автор: – Жартасты, тоғайлы шатқал. Алысырақта - көл. Жаңа туған ай сәулесі су бетіне сұлаған. Жым-жырт кеште бар дүние мүлгіп, түн тыныштығына бейімдеп барады..... Кенеттен тастақ жолда тасырлата шапқан ат тұяғы естіледі.

I акт.

1-сурет.

Ажар: – Жар бола гөр, Жасаған – ай!

Айдарым, жаным, қайдасың?!

Айдар (жүгіріп шығады): – Қуғын жақын

Мертікті атым!

Ажар: – Сен қаш, мені-ақ байласын.

Айдар: – Не дейсің, жаным?

Тастап сені тажалға,

Амандық сәтін

Қашқын болып табам ба?

Одан да ажал алсын!

От боп жалған жансын!

Ажар: – Қош, Айдар, жарым!

Жер тар, жалғыз антым -

Серт, осы - барым,

Тосамын тағдыр артын!

Арман есте қалсын,

Жаным бірге жансын!....

Автор: – Сыртта тарсылдаған аттылар... Айдар мен Ажарды қоршалай жан-жақтан қуғыншылар жүгіріп шығады. Ұйқы-тұйқы ұмтылыс.

Топ ортасында Нарымбет, Жиренше, Мес: – Ұста ! Сой! Байла! (Айдар мен Ажарды байлатады).

2-сурет.

Жиренше: – Аяма.

Айдар: – Әлсіз қолын байласаң да, Ақ жүрегін байламассың.

Нарымбет: –Доғар, тоқтат тіліңді, өшіремін үніңді.

Ажар: – Өлсем Айдар қасында өлем.

Нарымбет: – Сал арқанды мойнына.

(Айдар мен Ажар екеуінің мойнында арқан).

Айдар: – Қош, Ажар жаным!

Ажар: – Бақыл бол, жарым!

Нарымбет: –Тарт, сүйрет!

Айдар: – Абай, Абай аға, қайдасың?

Жиренше: – Сенгенің құдай емес, Абай екен.

Айдар: – Абай!.... Абай аға!

Мес жөнеле береді. Абай шауып шығады, қасында Есбай мен Әзім.

Абай: – Тоқтат!

Есбай: – Тоқта!

Абай: –Кес арқанды! (Есбай ұмтылады).

Мес: – Тиме арқанға! Есбай кесіп жібереді.

3-сурет.

Айдар: – Абай аға!....

Ажар: – Қайран аға!

Жириенше (Абайға): - Неге келдің, не деп келдің?

Кім шақырды сені мұнда?

Абай: - Жат жаза, жалған намыс қостамаймын,

Көпті алдап, жамандыққа бастамаймын.

Айыбын жаза басса, бірге тартам,

Айдардай асыл бауыр тастамаймын.

Есбай: – Сал ағайын алдына!

Әзім: – Сал атаның салтына!

Жириенше (Абайға): - Жауабыңды айт ендеше,

Қанды мойын қасымды

Паналатқан сен десе,

Төсермісің басыңды?

Абай: - Аяп қалар түгім жоқ

Салдым қалған жасымды!

Жириенше: - Жауапкер Абай болды ғой!

Абай: - Болдым, қайтар жерім жоқ.

Жириенше: - Жауды тапқан мен болсам,

Ара түсер сен болсаң,

Арманым жоқ, белдестім.

Кінә өзінде жар болсаң!

Абай: - Ара бидің алдында

Жеңсең бітер таласым,

Шеш қолдарын, азат ет!

Жириенше: - Шеш!

4-сурет (*Айдар мен Ажардың қолдарын шешеді*).

Абай: – Аядым, аянышпен ара түстім,

Жалғыз жол - адал жолым бұрылмаған!

Жау - Абай! Жалғыз - Абай, жауым - Абай!

Нарымбет, Жириенше, Мес: - Жау - Абай! Жалғыз - Абай!

Жауың - Абай!

Жириенше: – Айдарға өлім. Жауым - Абай!

Әзім: – Болмайды.

Жириенше: – Қорғап көрсін,

Бүгін ойран ойнатам,

Аман қалсын өз басың!

Әзім: - Не тілейсің менен өзің?

Жиренше: - Көндіріңдер Ажарды,

Қайтсын кеткен ауылына.

Айдар тисін қолыма,

Айт аралық дос сөзін.

Әзім: - Тыныштық табамыз ба?

Жиренше: - Сен тыныштық табасың,

Жауласарым - жалғыз Абай...

Әзім: – Жалғыз Абай. (Жиренше кетеді)

II акт.

1-сурет.

Халық, Сырттан, Жиренше, Әзім, Абай.

Дауыстар: - Токта! Әне!

- Шықты билер!

- Абай, әне!

- Сырттан, әне!

Сырттан: - Сөйле, Әзім, кезек ал!

Әзім: - Әніне ерді Айдардың,

Аңсаған жан айыпсыз

Ажардай жан қайда жоқ?

Жиренше: - Ал, айтқаның жөн болсын,

Алданған Ажар жер болсын,

Қайтсын қазір ауылына!

Бірақ Айдар өледі,

Көнбесіне көнеді!

Арқан тағып мойнына,

Өлтіремін сүйретіп,

Ұл мен қызым көреді.

Сырттан: - Сөйле!.. Бар ма сөйлер?

Жұрт: - Абайды несіне айтты екен?!

Абай: - Жиренше, өткенге өктеп зар қағасың,

Тіріден тамтық қоймай мін тағасың,
Барға қас, жоққа жала жапқан биді
Білдің бе нәсіл ұрпақ қарғамасын?
Нарымбет: - Барыңды айтып бол,
Найзаменен, шоқпармен
Айтысармын жиып қол!

Абай: – Найзалы жау - оңай жау,
Сенің жауың ол емес,
Қаранғының - кара тау!
Батыр болсаң соны бас,
Болсын десең есің сау!
Жиреншеге келейін,
Асырам деп өктеді
Кеңгірбайдың мерейін.

Өлген күні екі жас
Ессіз таудың басында -
Жөргекте жылап үні өшкен
Ұлан зарын тыңдаумен
Егілген-ді қара тас!
Еңіреген-ді кәрі-жас!
Ата-анаңнан сұрашы,
Қарғап па екен Кебекті?
Жоқ... Кеңгірбайдан көрген-ді
Барлық бәле себепті.

Шықпақпысың бүгін сен
Арам құстай қан көксеп,
Қарғыспен алып кезекті?
Ал, Айдар тисін қолыңа,
Сонда шыдап тұрар ма
Мына отырған халайық?!

Халық: – Шықпақ емес ондай жан,
Ақпақ емес адал қан...
Айт білікті, ақсақал.

Сырттан: – Сөйлер бар ма, ағайын?

Халық: – Сөз жоқ.

Сырттан: – Айтылар сөз айтылды.

Сөз аяғы сарқылды!

Уа, Ағайын!

Айттым мына нарқымды (Абайларға қарап).

- Айыпты ма сол екеу?

Айыбында күмән жоқ,

Айыбын, Абай, тартасың.

Ит те болса өлмесін, (Жиреншеге)

Қарғыс алып қара боп,

Шулата алман халқымды!

Жұрт ду етеді (Есбай: - Уа! Сүйінші! Сүйінші!)

Халық: – Алдияр, құлдық, қария,

Айдар, Айдар қайдасың?!

Жүгіреседі (Нарымбет, Жиренше, Мес оңаша қалады).

Нарымбет: – «Аталы жауым - Абай» деп

Ант етемін ендеше!

Нарымбет (жанынан у алып):

– Жан болмайсың егер де

Мынадан Абай өлмесе!

Жиренше: – Осы-ақ болсын байлауым!

(У сауытын алып өз қойнына салады).

Тек берік бол!

Нарымбет: - Берік бол, Серт беремін, ант етемін!

III акт.

1-сурет. Той күні. Қанаттаса тігілген үйлер. Бір жақта дала көрінеді Алыста жайлау. Үйде Әзім, Жиренше.

Жиренше: – Жетті, Әзім, жауап айт,

Уәдең қайсы байлаған?

Әзім: – Нені талап етесің?

Жиренше: – Аяғын тындыр мынамен! (уды ұсынады)

Әзім: (алып) – Қандай сұмдық айтасың,

У берем бе Абайға?

Жиренше: – Сұмдық емес, шошыма.

Әзім: – Қаңғымаңдар далаға,

Абай - елдің Абайы.

Бергізбеймін Абайға,

Енді қайтып жолама!

Халық (тыстан сыймай): – Айдар, шықсын ортаға,

Жырын тыңдай жиылдық.

Айтсын әнін халқына,

Бұлдамасын қолқаға !

Шықсын Айдар ортаға!

(Айдар қозғалады. Әзім Айдарды тоқтатады)

Әзім: – Айдар! Аласың ба тілімді?

Айдар: – Не демек ең, айта ғой?

2-сурет.

Әзім: – Айтпа, тоқтат жырыңды,

Көрмедің бе әлгіні,

Тағы да жұрт бүлінді!

Айдар: – Айтам, Әзім, бөгеме!

Әзім: – Бар, ендеше, мейлің,

Ел намысын жаралап,

Жат екенің білінді.

Көріп жүрсең қайтесің

Бұзған үшін дініңді?!

Халық: – Айдар? Қайдасың Айдар!

Айдар кетеді.

Әзім: - Кеттің бе аямай асқақ жолға,

Кеттің бе мені санап әлсіз қорға,

Кеттім бе Абайды ертіп, ата жау боп,

Кеттім де, ал, ендеше, қалың сорға!

(У алып қымыз құяды. Үйге Айдар алқынып кіреді).

Айдар: – Дау айтқам жоқ жаңа мен,

Бірақ мынау елді көрші...

Сусын! Сусын бар ма?

Әзім: – Мә, қымыз! (Айдар ішеді. Әзім кетеді. Ажар кіреді).

Айдар: – Ажар, жаным!

(«Айттым сәлем, Қаламқас» әні ұнтаспадан беріледі).

3-сурет.

Ажар: – Абай, Абай аға! (Абай мен халық жиналады).

Халық: – У! У! Берілген Айдарға!

Неткен сұмдық!

Елің - досың, Абайжан,

Қасындамыз бәріміз.

Абай: – Алыста емес, жау жақын,

Кім бұл, Айдар?

Сырттан: – Асыл Айдар, қарағым,

Жау алыстан алмапты,

Міне, қастық жасаған. *(Әзімді нұсқап).*

Әзім: – Жалған! Жала!!

Айдар: – Сенбе! Сақ бол осыдан!

Осы лағнет! Осыдан! *(Әзімді әкетеді. Айдар өмірі үзіледі).*

Ажар: *(Жоқтау)* – Қош, жазықсыз арыстаным!

Ғазиз жаным арманды,

Жолын жарқын алысқанның

Елі етіп қалғанды!

Жараң жанға жара салды,

Зарын төгер алғаның.

Шер жүрегін жалын шалды,

Қасірет білер қалғанның!

4-сурет. Осы кезде Абай жалғыз күңіреніп далаға кетеді.

Абай: – Бауырым - жара, сөзім - нала,

Дертпен келем мен бүгін.

Аямас жау мені айнала

Салды салмақ сұмдығын!



Гүлзада КӘРІМОВА,
Көкшетау қаласындағы
№4 орта мектептің
қазақ тілі мұғалімі.

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІГЕ АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ СҰРАҚТАР

1-Үлгі:

1. Қазақтың тұңғыш балеті? / **Қалқаман –Мамыр** /
2. Қазақтың тұңғыш пьесасы? / **Еңлік - Кебек** /
3. Қазақтың тұңғыш фильмі? / **Амангелді** /
4. Тұңғыш қазақ театры қай қалада болды? / **Қызылорда** /
5. Қазақтың тұңғыш театры қай жылы ашылды? / **1926 ж.** /
6. Қазақтың тұңғыш ғалымы? / **Ш. Уәлиханов** /
7. Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушы? / **Ә. Қастеев** /
8. Ахмет Жұбановтың туған жері? / **Ақтөбе** /
9. Қазақтың батыр қыздары? / **Әлия, Мәншүк** /
10. Қазақстанның ең терең көлі? / **Алакөл** /
11. Дәулет Тұрлыханов кім? / **балуан** /
12. Наурыз көже неше тағамнан жасалады? / **жеті** /
13. И.В.Панфилов кім? / **Генерал** /
14. Отырар қаласы қай облыста орналасқан?
/ **Оңтүстік Қазақстан** /
15. Қазақ фольклорын кім зерттеген? / **В.В.Радлов** /
16. Алғашқы астана? / **Орынбор** /
17. Тілдер мерекесі қай айда? / **қыркүйекте** /
18. Неше жыл мезгілі бар? / **төрт** /
19. Отырар қалай аталды? / **Фараб** /
20. Тәуелсіздік күні қашан? / **16 желтоқсан** /
21. Шешесінің әкесі кім? / **нағашы ата** /

22. Жамбыл Жабаев қай жылы туған? / **1846ж.** /
23. Ұлы жүздің биі кім? / **Төле би** /
24. Ұлттық валюта қашан қабылданды? / **1993ж, 15 қараша** /
25. Тудың ені, ұзындығы неше метр? / **ені-1, ұзындығы-2** /
26. Әбілда Ақшораев спорттың қай түрінен 6 рет чемпион?
/ **тоғызқұмалақ** /
27. Киіз үй кімнің баспанасы? / **қазақтың** /
28. 1 - мамыр қандай мереке?
/ **Қазақстан халқының бірлігі күні** /
29. Шахмат қай елде пайда болды? / **Үнді** /
30. Орта жүздің биі кім? / **Қазыбек би** /
31. Киімді кім тігеді? / **тігінші** /
32. Талғат Бигельдинов кім?
/ **Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш** /
33. Қалибек Қуанышбаев кім? / **әртіс** /
34. Талғат Бигельдинов қайда туған? / **Ақмола облысында** /
35. Бауыржан Момышұлы кім? / **жауынгер, жазушы** /

2-Үлгі:

1. Түркістан қалай аталды? / **Иассы, Шабғар** /
2. Көмір қай жерде өндіріледі? / **Қарағандыда** /
3. «Адай», «Сарыарқа» кімнің күйлері? / **Құрманғазы** /
4. Музыкалық аспапты кім жасайды? / **шебер** /
5. «Невада- Семей» қозғалысын кім басқарды?
/ **О.Сүлейменов** /
6. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш?
/ **Т.Бигельдинов** /
7. Халықаралық әйелдер күні? / **8 наурыз** /
8. Қазақтың бұлбұл әншісі? / **Күләш Байсейітова** /
9. Мұсылман мәдениетінің орталығы? / **Түркістан** /
10. Конституция күні? / **30 тамыз** /
11. Шәкен Айманов кім? / **әртіс, режиссер** /
12. Қыста ауа райы қандай? / **суық** /
13. Шоқан Уәлиханов кім? / **ғалым, саяхатшы, зерттеуші** /

14. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? / **түркі** /
15. Спорт қай елде пайда болды? / **Грекия** /
16. Елтаңбаның жоғарғы жағында не бар? / **жұлдыз** /
17. Құрманғазы Сағырбаев кім? / **күйші** /
18. Асыл тастармен кім жұмыс істейді? / **зергер** /
19. Әкенің шешесі кім болады? / **әже** /
20. «Қазақфильм» киностудиясы кімнің атында? / **Ш.Айманов** /
21. Мизам мейрамы қай кезде болады? / **күзде** /
22. Мұқан Төлебаев кім? / **композитор** /
23. Тоқтар Әубәкіров кім? / **ҚР тұңғыш ғарышкері** /
24. Күріш қайда өсіріледі? / **Қызылордада** /
25. Шетелде өнер көрсеткен әнші? / **Әміре Қашаубаев** /
26. Қажымұқан кім болды? / **балуан** /
27. Конституцияда неше бап бар? / **98** /
28. «Аз и Я» кітабының авторы кім? / **Олжас Сүлейменов** /
29. Шоқан Уәлиханов қай қалада баяндама оқыды?
/ **Петербургте** /
30. Шоқанның шын аты кім? / **Мұхаммедханафия** /
31. Тудың авторы кім? / **Шәкен Ниязбеков** /
32. Елтаңбаның авторлары кім? / **Ж.Мәлібеков, Ш. Уәлиханов** /
33. Әнұранның авторлары кім?
/ **Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев** /
34. Тұңғыш роман-эпопея қалай аталады? / **«Абай жолы»** /
35. Сидней олимпиадасының чемпионы? / **Бекзат Саттарханов** /

3-Үлгі:

1. «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша» кімнің әні? / **Әміре Қашаубаев** /
2. Медеу қайда орналасқан? / **Алматыда** /
3. Араб жазуымен жазылған тұңғыш кітап? / **«Құтадғу білік»** /
4. Неше пайыз халық араб алфавитін пайдаланады? / **10 пайыз** /
5. Қазақстанның жер көлемі? / **2,7 шаршы шақырым** /
6. Қазақстанда неше облыс бар? / **14** /
7. Күләш Байсейітова кім? / **қазақтың бұлбұл әншісі** /
8. Соңғы қоңырау қай айда? / **мамырда** /

9. Қабанбай батырдың шын аты? / **Ерасыл** /
10. Парижде ән салған қазақ әншісі кім? / **Әміре Қашаубаев** /
11. Кіші планетаға аты берілген ғалым ? / **Қ. Сәтбаев** /
12. Апта сөзі қалай аударылады? / **неделя** /
13. Ядролық қаруға қарсы қозғалыс аты? / **«Невада- Семей»** /
14. Конституция неше тараудан тұрады? / **9** /
15. Шахмат қалай аударылады? / **патша өлді** /
16. «Полярная звезда» - аудармасы қалай? / **темірқазық** /
17. Әбілхан Қастеевтің «Қарындасым» портреті қай өнерге жатады? / **графика** /
18. Айша бибі кесенесі қай қалада? / **Таразда** /
19. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы кім?
/ **Ы. Алтынсарин** /
20. Бір тәулікте неше сағат бар? / **24** /
21. Елтаңбада қандай жазу бар? / **«Қазақстан»** /
22. Олжас Сүлейменов кім? / **ақын, қоғам қайраткері** /
23. Рейхстагқа ең алғаш ту тіккен кім? / **Р.Қошқарбаев** /
24. «Музыканың ұлы кітабының» авторы кім? / **әл Фараби** /
25. Барсакелмес қорығы қайда орналасқан? / **Арал теңізінде** /
26. Бала мектепке барғанда жасалатын той? / **тілашар** /
27. Екі қыз бір-біріне кім болады? / **апалы-сіңлілі** /
28. В.В.Радлов кім? / **әйгілі түрколог, зерттеуші** /
29. «Гэкку» әні қай операда қолданылған? / **«Қыз Жібек»** /
30. Тұңғыш қазақ гроссмейстері? / **Болат Асанов** /
31. Қазақстан қай жылы БҰҰ-ға мүше болды?
/ **1992ж. 2 қазан** /
32. «Тамыр» деген кім? / **дос** /
33. Әкесінің әкесі кім? / **ата** /
34. Қазақстанның ең тұщы көлі? / **Марқакөл** /
35. Қазақ музыкасын зерттеуші, композитор? / **А.Затаевич** /
- 4-Үлгі:**
1. *Мереке* сөзі қалай аударылады? / **праздник** /
2. Ойлауға үйрететін ойын? / **тоғызқұмалақ** /

3. Кіші жүздің биі? / **Әйтеке би** /
4. «Диуани-лұғат-ат-түрк» авторы? / **Махмұд Қашқари** /
5. «Ленинградтық өрендерім» толғауының авторы? / **Ж.Жабаев**/
6. Қазақстанның Швейцариясы? / **Көкшетау, Бурабай**/
7. Қазақтың тұңғыш газеті? / «**Түркістан уәлаяты**»/
8. Дина Нұрпейісованың ұстазы? / **Құрманғазы** /
9. Орхон-Енисей жазуларын кім зерттеді? / **В.В.Радлов** /
10. Ғұбайдолла Айдаровтың неше еңбегі бар? / **250-ден астам** /
11. Өскемен қайда орналасқан? / **Шығыста** /
12. «Түркіб» суретінің авторы? / **Ә. Қастеев** /
13. А.Байтұрсынұлы қай газеттің редакторы? / «**Қазақ**» /
14. Мемлекеттік рәміздер қашан қабылданды? / **04.06. 1992ж.**/
15. Абайдың шын аты кім? / **Ибраһим** /
16. Күнпарақ қалай аударылады? / **календарь** /
17. Аптаның соңғы күні? / **жексенбі** /
18. Бала жүре бастағанда қандай той жасайды? / **тұсаукесер** /
19. Ғарышқа ұшқан тұңғыш қазақ азаматы? / **Т.Әубәкіров** /
20. Е.Брусиловский жазған опера? / «**Қыз Жібек**» /
21. Қазақстанда қанша қорық бар? / **9** /
22. Алғашқы қоңырау қашан соғылады? / **қыркүйекте** /
23. Сан есім мен екі зат есімнен тұратын жалқы есім?
/ **Екібастұз** /
24. Киіз үйдің бөліктері? / **кереге, уық, шаңырақ** /
25. Әбілхан Қастеев мұражайы қайда орналасқан? / **Алматыда**/
26. Қазақстанмен қандай елдер шектеседі?
/ **Қытай, Ресей, Өзбекстан.** /
27. Астана күні қашан? / **6 шілде** /
28. Қаныш Сәтпаевтың қанша еңбегі бар? / **640- тан астам** /
29. Қазақ хандығының билеушісі кім? / **хан** /
30. Бейжің олимпиадасының жеңімпаздары?
/ **Б.Сәрсекбаев, И.Ильин** /
31. Жетісу өлкесінің облыстары? / **Алматы, Талдықорған** /
32. Солтүстік аймақ қалалары?

/ Петропавл, Қостанай, Павлодар /

33. Ш.Қалдаяқовтың ең танымал әні? /«Менің Қазақстаным»/

34. 22- қыркүйек қандай күн? /Тілдер мерекесі/

35. «Екінші Аристотель» атанған ғалым? / Әл Фараби /

5-Үлгі:

1. Әбу Насыр әл Фараби туған қала? / Фараб /

2. Қазақтың ұлттық аспаптары? / домбыра, қобыз /

3. Әлия Молдағұлова кім болған? / мерген /

4. Тәуелсіздікті білдіретін нышандар? / елтаңба, ту, әнұран /

5. Ұлттық Ғылым Академиясының тұңғыш президенті?

/ Қ. Сәтбаев /

6. Наурыздың ең басты тағамы не? / наурыз көже /

7. Қазақ-қырғыздың әдеби мұраларын зерттеуші?

/ Ш.Уәлиханов /

8. Шәкен Айманов еңбек еткен сала? / кино /

9. Түркістанның алғашқы атауы? / Иассы /

10. Қазақтың тұңғыш журналистері?

/ Е. Абылайханов, Д. Сұлтанғазин /

11. «Пырақ»сөзінің аудармасы? / мифический конь /

12. Қазақ музыкасын әлемге тұңғыш танытқан әнші?

/ Әміре Қашаубаев /

13. Қазақстанның орналасқан жері? / Еуразия құрлығында /

14. ХІХ ғасыр басында «Ақмешіт бекінісі» атанған қала?

/ Қызылорда /

15. Мектеп бітіргенде оқушы қандай білім алады? / орта /

16. 1925 жылы Парижде ән шырқаған кім?

/ Әміре Қашаубаев /

17. Күзден кейін келетін жыл мезгілі? / қыс /

18. Шабғар деп қай қаланы атаған? / Түркістан /

19. «Отырар сазы» оркестрін ұйымдастырушы композитор?

/ Нұрғиса Тілендиев /

20. Еліміздің Ата заңы қашан қабылданды? / 1995 ж /

21. Алғашқы «Алтын адам » қай жерде табылған? /Есік обасы/

22. «Екінші Мекке» атанған қала? / **Түркістан** /
23. «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жазуға кімдер қатысты?
/ **Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би** /
24. Қазақтың қасиетті күні? / **жұма** /
25. Жер бетіндегі тұщы су көлемі қанша? / **2, 5** /
26. Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтары қанша пайыз?
/ **40 пайыз** /
27. «Қазақстан-2030» бағдарламасы қашан жарияланды?
/ **1997 ж.** /
28. 1921 жылдан бастап Верный бекінісі қалай аталды?
/ **Алматы** /
29. Әлия Молдағұлова қайда туған? / **Ақтөбе** /
30. Этимология нені зерттейді? / **сөздің шығу төркінін** /
31. Синтаксис нені зерттейді? / **сөйлем мүшелерін** /
32. Морфология нені зерттейді? / **сөз табын** /
33. Фонетика нені зерттейді? / **тіл дыбыстарын** /
34. Жоғарғы оқу орнына түсушіні кім дейді? / **талапкер** /
35. Абайдың мұражай үйі қайда? / **Семей өңіріндегі Жидебайда** /

6-Үлгі:

Мақал- мәтелдер.

1. Жаңбырсыз жер - жетім, басшысыз ел - жетім.
2. Ақылы көпті дау алмайды, досы көпті жау алмайды.
3. Басқа пәле - тілден.
4. Біреудің сырын білгің келсе, баласынан сұра.
5. Бақ кейде тауып қонады, кейде ауып қонады.
6. Төзім мен еңбек бәрін де жеңбек.
7. Ақыл азбайды, білім тозбайды.
8. Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл-көсір.
9. Еңбек етсең, емерсің.
10. Туған жер – тұғырың.
11. Ел іші – алтын бесік.
12. Тазалық - денсаулық кепілі.
13. Білім – арзан, білу- қымбат.

14. Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді.
 15. Ер дәулеті – еңбек.
 16. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа;
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
 17. Тәрбие басы – тіл, өнер алды – тіл.
 18. Ғылыммен жақын болсаң, қолың жетер,
Залыммен жақын болсаң, басың кетер.
 19. Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын.
 20. Әлін білмеген - әлек.
 21. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
 22. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
 23. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл.
 24. Ер – елінде, гүл – жерінде.
 25. Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады.
 26. Жеті атасын білмеген – жетесіз.
 27. Еңбексіз өмір – сөнген көмір.
 28. Мектеп – кеме, білім – теңіз.
 29. Тілге құрмет – елге құрмет.
 30. Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас.
 31. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.
 32. Ердің атын еңбек шығарады.
 33. Ағаны көріп іні өсер, апаны көріп сіңлі өсер.
 34. Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.
 35. Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.
-
-

Күлбарам ҚАЙМАҚОВА,
Қарағанды облысының
Осакаров ауданындағы
Садовое ауылының
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Барлық пәндер сияқты қазақ тілінен де тоқсан сайын әр жарты жылдың соңында жазбаша тексеру жұмыстары (диктант, мазмұндама, бақылау жұмысы, шығарма, тест) өткізіледі. Себебі, жүйелі жүргізілген бұл жұмыстар оқушылардың тоқсан бойы, жыл бойы игерген білімдерінің нәтижесін көрсетеді. Ал әр жұмысты белгілі бір нәтижеге бағыттау бүгінгі күннің талабы екенін мұғалімдер жақсы білуі тиіс.

Орыс мектебіндегі орыс тілінен, қазақ мектебіндегі қазақ, орыс тілдерінен әр тоқсан сайын өткізілетін жазбаша тексеру жұмыстарының түрлері мен мөлшері оқу бағдарламасында анық көрсетілген. Ал орыс мектебіндегі қазақ тілі пәні бойынша бұл мәселе қарастырылмаған.

Жазбаша тексеру жұмыстарының түрлері:

Сөздік диктант. Оқушылардың сөздік қорын, сауаттылығын тексеру мақсатымен жүргізілетін тексеру жұмысы сыныптар арасында жүйелі түрде өткізіліп тұрса, пайдасы зор. Тек белсенді лексикадан тұратын бұл диктанттағы сөз саны сыныптан сыныпқа ақылға қонымды мөлшерде көбейе береді. Бастауыш сыныптарда тақтаға қазақша жазылған сөздерді орысшаға аудару, кейінірек орысша сөздердің қазақша аудармасын дұрыс жазғызу. Орта буындарда қазақша сөздерді жатқа жазғызып, орысшаға аударту, кейін жатқа оқылған орысша сөздердің қазақша аудармасын қолма-

қол жазып беруді талап ету. Жоғары сыныптарда осы жұмыс реті бойынша сөз тіркестерін жазғызу, олармен сөйлемдер құрғызу, түрлі талдау жұмыстарын беру сияқты т.б. тапсырмаларды қосып, сөздік диктантты күрделендіре беруге болады.

Тест. Ежелден келе жатқан дәстүр бойынша оқушының, көбінесе, оқуды тек баға алумен шектеп, келешек мамандығына қажет болатын дүниелерді жинап алуға аса көңіл бөлмейтіндігі әлі де жиі кездеседі. Осындай көлеңкелі жағдайларды өзгерту бағытында оқушылардың білім деңгейін тексеріп, бағалау рейтинг-тест арқылы іске асырылып жүр.

Тест дегеніміз - оқушының жеке бір немесе бірнеше тақырып бойынша алған білімін сұрақтар арқылы бағалау немесе бақылау.

Бүгінгі таңда кең тараған уақыт үнемдейтін және тексеруге өте қолайлы жазбаша бақылау жұмыстарының түрі. Ол орындалу формуласына қарай ашық тест, жабық тест, сәйкестендіру тестісі, т.б. болып аталса, мазмұны мен тексеру мақсатына байланысты қарым-қатынастық тест, грамматикалық тест, лексикалық тест, аралас тест болып бөлінеді. Тест арқылы оқушылардың тілдік, танымдық және қарым-қатынастық біліктерінің деңгейі анықталады. Тест өткізуде барлық оқушыларға берілген тапсырмалар топ бойынша әр түрлі болғанмен, орындалуына бірдей талап қойылуы және білімдерін мейлінше әділ бағалауына жағдай жасалатындығымен ыңғайлы.

Әр сыныпқа байланысты тест сұрақтары беріледі. Мысалға алатын болсақ, **5-сыныпқа арналға тест сұрақтары:**

1. Тәуелдік жалғауы бар сөз бар ма?

а) балалар;

ә) қаламым;

б) ұяға.

2. Жіктік жалғауы бар сөзді табыңыз.

а) көйлегім;

ә) борым;

б) оқушымын.

3. Ұяң дауыссыздар қайсысы?

а) к, қ;

ә) **ж, з;**

б) р, л.

4. Етістіктің болымсыз түрін тап.

а) бар;

ә) барады;

б) **барма.**

5. Абай Құнанбайұлы кім?

а) **ақын;**

ә) суретші;

б) күйші.

6-сыныпқа арналған тест сұрақтары:

1. Ұяң дыбысқа біткен қай сөз?

а) намыс;

ә) **әнұран;**

б) елтаңба.

2. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз:

а) балаға;

ә) баланың;

б) **балалық.**

3. Өткен шақтың жұрнағын көрсетіңіз.

а) -ның, -нің;

ә) -ға, -ге;

б) **-ды,-ді.**

4. Абайдың туған жері қалай аталады?

а) Алматы;

ә) Көкшетау;

б) **Семей.**

5. Сөйлемді аяқтаңыз: Кітап - жақсы ...

а) аға;

ә) құрбы;

б) **дос.**

Осылайша әр сыныптың сұрақтары беріліп, оқушының сабақты қаншалықты меңгергенін анықтайды.

Мазмұндама (аудирование). Оқушылардың тыңдап түсінуден икем дағдысын тексеру мақсатында жүргізілетін мазмұндама жазғызу жұмысы жеңіл түрінен басталып, күрделі түрімен аяқталады.

Мазмұндама жұмысының түрлері:

Орыс тілді оқушыларға оқылған мәтін мазмұны бойынша

- орысша сұрақтарға жауап жазу; мәтін мазмұнын орыс тілінде жазып беру (5 сынып);

- қазақша жазылған сұрақтарға қазақ тілінде жауаптар жазу (6-7 сыныптар);

- мазмұнын қазақ тілінде жазып беру (8-11 сыныптар) тапсырмалары беріледі:

Шығарма. Жазба жұмысының бұл түрі арқылы оқушылардың өз ойын, пікірін қазақ тілінде жеткізе білу дәрежесі, лексикалық, грамматикалық білімдерін қолдана алу деңгейі анықталады. Шағын шығарма көрген суретті немесе фильмді, оқыған қызықты әңгімесі, барған экскурсиясы, өткізген демалысы, сүйікті адамдары, т.б. туралы жазылып, оқушылардың шығармашылық икем-дағдылары тексеріледі, танымдық қызығушылығы байқалады.

Бақылау жұмысы. Ол ірі блокты тақырыптардан соң немесе тоқсан аяғында оқушы білімінің қорытындысын шығару мақсатында өткізіледі. Мазмұнына байланысты лексикалық, грамматикалық немесе аралас бақылау жұмыс болып бөлінеді. Осымен қатар әр оқушының оқу жылын қандай біліммен бастап, жыл арасында ол білімін қандай дәрежеге көтергенін, ал жыл соңында оны қандай деңгейге жеткізгенін байқау үшін алғашқы, аралық және қорытынды бақылау жұмыстарын тек бір ғана түрінен жүргізілсе, нәтижелерін салыстырып, оқушы білімінің жоғарылағанын, төмендегенін немесе бір деңгейде тұрғанын анықтауға болады. Ал алғашқы бақылау жұмысы лексикадан, аралығы грамматикадан, қорытынды бақылау жұмысы - аралас

түрінен болса, нәтижелерді салыстыру мүмкін болмай қалады.

Жазбаша тексеру жұмыстарын орындау ұзақтығына көңіл аударсақ, ол жұмыстың мақсатына, мазмұны мен көлеміне, түріне байланысты. Көшіріп жазу, сөздік диктант, тест жұмыстарын 15-20 минутқа да, 40-45 минутқа да шақтап өткізуге болады. Ал шағын шығарма, бақылау жұмысы қолайлы екенін тәжірибе дәлелдеп отыр. Жазбаша жұмыстарының мөлшері туралы сөз қозғасақ, алдымен олардың шамадан тыс көп болып кетуінен сақтану керек (11,15).

Жазбаша жұмыстарының бұл мөлшері оқушылар жүйесіне салмақ түсірмейтінін мектеп тәжірибесі көрсетеді. Тек ол жұмыстардың жүргізілу ұзақтығы әр түрлі екендігін үнемі есте сақтау керек. Мақсатты да жүйелі жүргізілетін жазбаша тексеру жұмыстарына бойлары үйреніп, қорқып-үрку, қобалжу сияқты жағымсыз сезімдері азаяды. Керісінше, олар жұмыстың қажет екенін түсініп, әр бақылау, тексеру жұмысын күтіп, білімдерінің деңгейі мен сапасын анықтауға асығады. Жазба жұмыстарының нәтижелі болуына талпынады.



Сәуле ҚАЙЫРБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№ 30 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕМЛЕКЕТТІК АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН 150 СҰРАҚ

(9 сынып)

Құрметті әріптестер! Өз іс-тәжірибеммен бөлісу мақсатында осы жинақталған сұрақтарды сіздерге ұсынып отырмын. Сұрақтар орыс мектебінің 5-9-сынып аралығында өтетін барлық лексикалық

тақырыптарды қамтыған. Бұл сіздерге оқушыларды мемлекеттік аралық бақылауға дайындауға азды-көпті көмегін тигізер деп ойлаймын.

1. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы. /**Ы.Алтынсарин**/
2. Мұсылман мәдениетінің орталығы болып саналатын қала. /**Түркістан**/
3. Жасынан ұшқыш болуды армандаған екі мәрте Кеңес Одағының Батыры. /**Т. Бигелдинов**/
4. Астанаға дейінгі Қазақстанның астанасы. /**Алматы**/
5. Парижде «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша» әндерін орындаған әнші. /**Ә. Қашаубаев**/
6. Жәңгір ханның хан болып, тарихта қалған баласы. /**Тәуке**/
7. Қазақстандағы ең терең көл. /**Алакөл**/
8. Рейхстагқа ең алғаш Жеңіс туын тіккен батыр. /**Р. Қошқарбаев**/
9. Қазақстанның оңтүстік шығысында шектесетін ел. /**Қытай**/
10. «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын еңбекті жазған ғалым. /**әл Фараби**/
11. «Қазақфильм» киностудиясы кімнің атында екенін белгіле. /**Айманов**/
12. «Аз и Я» зерттеу кітабының авторы, белгілі қоғам қайраткері. /**О. Сүлейменов**/
13. Ұлы жүздің төбе биі. /**Төле би**/
14. Қазақ фольклорын зерттеген орыс ғалымы. /**В.В.Радлов**/
15. Қазақтың батыр қыздары. /**М.Мәметова, Ә.Молдағұлова**/
16. Алматы және Талдықорған өңірлерінің атауы. /**Жетісу**/
17. Қожа Ахмет Иассауи кесенесін салдырған адам. /**Ақсақ Темір**/
18. Көмір өндірілетін жер. /**Қарағанды**/
19. «Қазақстан бұлбұлы» атанған әнші. / **К.Байсейітова**/
20. Құрманғазы Сағырбайұлының шығармалары. /**«Сарыарқа», «Адай», т.б** /
21. Қабанбай батырдың шын аты. /**Ерасыл**/

22. «Невада-Семей» қозғалысының басшысы. /**О.Сүлейменов**/
23. Е.Г.Брусиловскийдің жазған операсы. /**«Қыз Жібек»**/
24. Қазақстанның ең алғашқы астанасы. /**Орынбор**/
25. Ядролық қаруға қарсы қоғамдық қозғалыстың атауы.
/«**Семей-Невада**»/
26. Соңғы Конституцияның шыққан жылы. /**1995 ж**/
27. Астана қаласы Қазақстанның елордасы болған жылы.
/1997 ж/
28. «Қазақстан-2030» Жолдауының жарияланған жылы.
/1997 ж/
29. Латын алфавиті қолданылған жылдар. /1929-1939 ж.ж/
30. Қазақстан тәуелсіз республика болып жарияланған жыл.
/1991 ж/
31. Қазақстан облыстарының саны. /14/
32. Киіз үй неден тұратынын белгіле. /**шаңырақ, уық, кереге**/
33. Әбілхан Қастеев кім? /**суретші**/
34. Бауыржан Момышұлы кім? /**батыр, жазушы**/
35. Қыран құс баулитын адамды қалай атайтынын анықта.
/күсбегі/
36. Шешесінің әкесі балаға кім болатынын тап. /**нағашы ата**/
37. Көшпелілердің баспанасы. /**киіз үй**/
38. Құрманғазыдан бата алған күйшіні ата? /**Дина**/
39. Тұңғыш қазақ ғалымы? /**Шоқан Уәлиханов**/
40. Тіл білімінің негізін салушы? /**А.Байтұрсынұлы**/
41. Балалар әдебиетінің негізін салушы? /**Ы.Алтынсарин**/
42. Жазба әдебиетінің негізін салушы? /**Абай**/
43. Тұңғыш педагог? /**Ы. Алтынсарин**/
44. Тұңғыш қазақ балеті? /**«Қалқаман-Мамыр»**/
45. Тұңғыш көркем фильм? /**«Амангелді»**/
46. Тұңғыш спектакль? /**«Еңлік-Кебек»**/
47. Шахматтан халықаралық дәрежедегі гроссмейстр.
/Болат Асанов/
48. Қазақстандағы ең тұщы көл? /**Марқакөл**/

49. Қалибек Қуанышбаев кім? /**әртіс**/
50. Тұңғыш қазақ газеті? /**Түркістан уәлаяты**/
51. Семей полигоны қашан жабылды? /**1991 ж**/
52. Шетелде тұңғыш ән салған әнші? /**Ә. Қашаубаев**/
53. Жүз жасаған ақын? /**Жамбыл**/
54. Тоқтар Әубәкіровтың туған жері? /**Қарағанды**/
55. Шәкен Аймановтың туған жері? /**Павлодар**/
56. «Қазақ» газетін шығарған кім? /**А.Байтұрсынұлы**/
57. Тұңғыш қазақ оқулығын ата? /**«Қазақ хрестоматиясы»**/
58. Тұңғыш қазақ әліппесін жазған кім? /**А.Байтұрсынұлы**/
59. Қазақ музыкалық аспаптары нешеге бөлінеді? /**4-ке**/
60. Тұңғыш қазақ балеті қай жылы қойылды? /**1938 ж**/
61. Қай ханның тұсында «Жеті жарғы» заңы жасалды?
/ **Тәуке хан** /
62. Алакөл шайқасына қатысқан батыр? /**Қабанбай**/
63. Тұңғыш қазақ көркем фильмі қай жылы түсірілді? /**1938 ж**/
64. «Отырар сазы» оркестірін ұйымдастырушы? /**Н.Тілендиев**/
65. Бейнелеу өнерінің негізін салушы? /**Ә. Қастеев**/
66. Әбділда Ақшораев кім?
/ **тоғызқұмалақ ойынынан республика чемпионы** /
67. «Алтын Адамды» тапқан кім? /**Кемел Ақышев**/
68. Спорт алғаш қай елде пайда болды? /**Грекия**/
69. Ж.Жабаевтың өмір сүрген жылдары? /**1846-1945 ж.ж**/
70. Шоқанның өмір сүрген жылдары? /**1835-1865 ж.ж**/
71. Сидней олипиадасының чемпиондары?
/ **Б.Саттарханов, Е.Ыбырайымов** /
72. Күрестен әлемнің екі дүркін чемпионы? / **Д.Тұрлыханов** /
73. Күрестен олимпиада чемпионы? / **Ж.Үшкемпіров** /
74. Тұңғыш қорық? / **Ақсу-Жабағылы** /
75. Қазақстанда неше қорық бар? /**9**/
76. Ішекті аспаптарды ата?
/ **домбыра, қобыз, сазген, жетіген, адырна** /
77. Шешендік өнер нешеге бөлінеді? /**3-ке**/

78. Әйтеке бидің шын аты? /**Айтық**/
79. Шоқанның шын аты? /**Мұхамедханафия**/
80. Абайдың шын аты? /**Ибраһим**/
81. Жеті ырысты ата?
/ақыл-ой, денсаулық, ақ жаулық, бала, көңіл, жер, ит/
82. Жеті қазынаны ата? /**жүйрік ат, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік**/
83. Шаңырақты жабатын киіздің атауын ата? /**түндік**/
84. Керегені жабатын киіздің атауын ата? /**туырлық**/
85. Уықты жабатын киіздің атауын ата? /**үзік**/
86. Қазақстанның астаналары?
/Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана/
87. «Түрік тілінің сөздігін» кім құрастырды? /**В.В.Радлов**/
88. Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттеген ғалым? /**Н.Сауранбаев**/
89. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалым?
/**Ғ.Айдаров**/
90. «Құтадұғу білік» кімнің еңбегі? /**Ж.Баласағұн**/
91. «Диуани луғат-ат-түрік» кімнің еңбегі? /**М.Қашғари**/
92. Зергерлік бұйымдарды ата? /**Сақина, білезік, алқа, жүзік, шолпы, белдік, сырға, қапсырма**/
93. Тұңғыш қазақ академигі? /**Қ.Сәтбаев**/
94. «Екінші Швейцария» атанған жер? /**Бурабай**/
95. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданған жыл? /**1992 ж, 4 маусым**/
96. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің авторы кім? /**Абай**/
97. Иассы деп IX-X ғасырларда қай қала аталды? /**Түркістан**/
98. Түркістанның бұрынғы атаулары?
/IV-X, Шабғар; IX-X, Иассы; XV, Түркістан/
99. Конституция неше бөлімнен тұрады? /**9**/
100. Конституция неше баптан тұрады? /**98**/
101. Тұмар патша қай тайпаның қызы? /**сақ**/
102. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған жыл? /**1989 ж**/

103. «Тіл құрал» оқулығының авторы? /**А.Байтұрсынұлы**/
104. Арал теңізінің қасындағы қорық? /**Барсакелмес**/
105. Астана қаласының жанындағы қорық? /**Қорғалжын**/
106. Тұңғыш қазақ журналын ата? /«**Айқап**»/
107. «Талапкер» деген сөздің аудармасын тап. /**Абитуриент**/
108. Шахмат алғаш рет қай елде пайда болды? /**Үндістанда**/
109. Әміре Қашаубаевтың туған жері? /**Абыралы**/
110. Тудың авторы? /**Ш.Ниязбеков**/
111. Елтаңбаның авторы? /**Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов**/
112. Әнұранның авторы?
/ **Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев**/
113. Алматы қай жылдары Қазақстанның астанасы болды?
/1991-1997 ж.ж./
114. «Жетісу тарихының шежіресі» еңбегін жазған ғалым?
/Бартольд/
115. Шоқанның саяхатқа барған жері? /**Қашғари**/
116. Байтұрсынұлы кімнің шығармаларын аударды? /**Крылов**/
117. Ұлттық теңгеміздің дизайнын жасаушылардың жетекшісі.
/Т.Сүлейменов/
118. Тоғызқұмалақ спорты бойынша алты рет Республика чемпионы болған кім? /**Ә.Ақшораев**/
119. Қазақ хандығында ең жоғарғы блеуші кім болғанын айт?
/Хан/
120. Кіші планетаға аты берілген қазақтың ғалымы? /**Қ.Сәтбаев**/
121. Т.Әубәкіровтың ғарышқа ұшқан жылы? /1991 ж./
122. Ешмұхамед Абылайханов, Дінмұхамед Сұлтанғазин кім болған?
/тұңғыш журналистер/
123. Еділ батыр қай тайпадан шыққан? /**ғұн**/
124. Арыстанбаб ғимараты қай қалада? /**Отырар**/
125. Көне қалаларды ата. /**Отырар, Түркістан, Тараз**/
126. 2000 жылы Атыраудан «Алтын Адамды» тапқан кім?
/Зейнолла Сапашев/
127. Тұңғыш қорық қай жылы ашылды? /1926 ж./

128. Қазақтың тұңғыш театры қашан ашылды? /1926 ж/
129. Алматыдағы опера және балет театры кімнің атында?
/Абай/
130. Қазақ тілі тарихында неше алфавит болды? /3/
131. Айша бибі кесенесі қай қалада? /Тараз/
132. «Ұлылар мекені» деп қай жерді атайды?
/Шыңғыстау мекені/
133. Абайдың туған жері? /Қасқабұлақ/
134. Қазақстанның жер көлемін ата? /2,7 шаршы шақырым/
135. Ұлттық валюта қай жылы айналымға енді?
/1993 ж. 15 қараша/
136. Көне түркі жазуын ата? /Орхон-Енесей/
137. Тұңғыш ұлттық театрдың режиссері кім? /Ж.Шанин/
138. Орта жүздің биін ата? /Қазыбек би/
139. Алғашқы деректі фильмдер қай жылдан бастап түсірілді?
/1920 ж/
140. Еділ есімі тарихта қалай аталып кеткен? /Атилла/
141. Тәуке ханның тұсындағы үш жүздің биін ата?
/Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би/
142. Қырғыздың «Манас» дастанын алғаш рет кім зерттеді?
/Шоқан/
143. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастанын алғаш рет хатқа
түсірген кім? /Шоқан/
144. Тұңғыш қазақ газеті қай жылы шықты? /1870 ж/
145. «Айқап» журналын шығарған кім?
/Мұхамеджан Сералин/
146. Елімізде жаңа әнұран қашан қабылданды? /2006 ж/
147. Орталық Қазақстан қалай аталады? /Сарыарқа/
148. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі қай қалада?
/Түркістанда/
149. Алғашқы кәсіби театр қай қалада ашылды?
/Қызылордада/
150. Ахмет Жұбановтың туған жері? /Ақтөбе/

**Айгуль САПАРОВА,
преподаватель КГУТиИ
им. Ш.Есенова г.Актау.**

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСОВ

В настоящее время не вызывает сомнения актуальность и востребованность интеграции Интернета в процесс обучения иностранному языку. Главным предметом обсуждений при этом становится не вопрос для чего, а как применять современные компьютерные технологии в процессе обучения.

Использование Интернета в значительной степени расширило бы спектр реальных коммуникативных ситуаций, повысило бы мотивацию обучающихся, позволило бы применять полученные знания, сформированные навыки, речевые умения для решения реальных коммуникативных задач.

Интернет помогает приобретению глубоких и осознанных знаний иностранного языка, обучению студентов самостоятельной деятельности по овладению этими знаниями, а также повышению мотивации и интереса к изучению иностранного языка, в условиях индивидуализации обучения и в спокойной с психологической точки зрения обстановке.

Обучение иностранным языкам имеет свою специфику, поскольку оно предполагает, в первую очередь, формирование речевых навыков и развитие речевых умений, а не усвоение знаний, с одной стороны, а с другой - для обучающегося система языковых знаков важна не только как представляющая объекты действительности, но и сама по себе. Аудиовизуальная наглядность может взять на себя функцию источника информации о языковых знаках и референтной им действительности.

Мультимедийные средства обучения объединяют все

положительные свойства визуальных и вербальных средств обучения и в силу своей универсальности реализуют их с гораздо большим эффектом. Они как бы переносят реальный мир в учебную аудиторию, давая возможность обучающимся воспринимать человеческое общение на изучаемом языке таким, каким оно есть в действительности, во всей сложности взаимоотношений и обстановки, окружающей людей.

Интернет-технологий обучения не только значительно обогащают содержание обучения языковым материалом, но и обеспечивают аудиовизуальную наглядность употребления речевых образцов реальной коммуникации. Таким образом, одновременно снимаются трудности, связанные с предметом общения и средствами общения, препятствующими реализации коммуникативной потребности обучающихся.

Известно, что в процессе усвоения знаний обучающиеся опираются на память (слуховую, зрительную, моторную и др.), мышление, речевую догадку, способность анализировать и синтезировать и т.д. Преобладание тех или иных особенностей мыслительной деятельности студентов определяет темп и качество усвоения учебной информации. Их учет является необходимым условием интенсификации учебного процесса. При коллективном обучении учесть индивидуальные особенности усвоения студентами знаний и формирования у них языковых навыков и речевых умений без мультимедийных технологий обучения не представляется возможным.

Так, каждому обучающемуся при использовании Интернет-ресурсов предоставляется возможность работать в своем (индивидуальном) темпе и в наиболее благоприятное для него время. На протяжении всего занятия сохраняется максимальная активность обучающегося, и создаются условия для спокойной с психической точки зрения работы над усвоением знаний и формированием и развитием речевых навыков. Наличие обратной связи позволяет не только выявлять ошибки при выполнении

различных заданий и упражнений, но также предоставляет возможность учащемуся скорректировать неправильно решенные задания и сформировать навык правильного выполнения действия. Студенты получают незамедлительный сигнал о правильности каждого речевого действия, что практически невозможно в условиях коллективного обучения. С точки зрения дидактики, Интернет-ресурсы являются: полифункциональными, интерактивными, характеризуемыми диалоговым взаимодействием, многообразием режимов и форм работы. По отношению к обучающемуся Интернет выполняет несколько функций, выступая в качестве:

- обучающего (преподавателя и репетитора);
- эксперта;
- партнера в конкретном виде деятельности;
- партнера по коммуникации.

Неоценимую помощь оказывает учителю компьютер и Интернет в подготовке и проведении уроков по страноведению. Доступ к сети Интернет практически снял проблему недостатка аутентичных мультимедийных ресурсов, необходимых для подготовки и проведения интересных и эффективных занятий, учитывающих современные тенденции развития английского языка, страноведческие реалии и требования, предъявляемые к учебному материалу в условиях нового содержания образования.

Полученная в Интернете информация может быть использована преподавателем как для подготовки занятий, так и в качестве иллюстрационного и учебного материала. Помимо использования мультимедийных обучающих программ, компьютер является незаменимым помощником для подготовки и проведения тестирования, мониторинга учебного процесса, компьютерных уроков, подготовки дидактического материала, использования ресурсов и услуг Интернета для аудиторной и самостоятельной работы, а также проектной деятельности учащихся. Компьютер можно использовать и при групповой работе над проектом, где учащиеся с разным уровнем компьютерной грамотности

объединяются, и работа организуется так, чтобы каждый мог усовершенствовать уже имеющиеся навыки, освоить новые операции. В основе метода проектов лежит развитие познавательных, творческих навыков участников проекта. Основные этапы работы над проектом:

- развитие необходимых навыков для работы по теме проекта;
- ознакомление с новой лексикой;
- отработка лексических единиц в речевых упражнениях, диалогах;
- ознакомление с грамматическим материалом и отработка грамматических навыков в упражнениях на воспроизводство, подстановку, трансформацию;
- работа с текстом (аудирование, чтение, пересказ, написание изложений и т.д.);
- Сбор информации по проекту (работа с дополнительной литературой, с Интернет-ресурсами, проведение опросов, подготовка необходимых иллюстраций);
- Составление текстов, рекламных заголовков, коррекция материала, обсуждение в какой форме будет представлен проект.

Имея возможность получить немедленную помощь и разъяснение, не отвлекаясь на поиск дополнительной информации в книгах, словарях и других печатных изданиях, не мешая друг другу, обучающиеся могут использовать компьютер, не обращаясь к преподавателю. Но для этого преподавателю необходимо тщательно продумывать каждый этап занятий, с четко поставленными целями и средствами достижения.

В последние годы остро встал вопрос о применении новых информационных технологий в обучении в целом, и в изучении иностранных языков – в частности.

Главенствующим методом при обучении иностранным языкам является метод коммуникативной направленности, который требует непосредственного контакта с носителями языка. Ввиду же того, что, как правило, у студентов нет такой возможности, то следует

привлечь современные технические средства, позволяющие заполнить этот пробел. Одно из таких действенных средств – Интернет. Основа функционирования Интернет – межкультурное взаимодействие. Вне общения Интернет не имеет смысла – это международное, межкультурное общество, чья жизнедеятельность основана на электронном общении миллионов людей во всем мире, говорящих одновременно – это самый гигантский по размерам и количеству участников разговор на всех языках мира.

Поэтому, использование Интернет на уроках иностранного языка создает модель «реального» общения. Общаясь в живой языковой среде, обеспеченной Интернет, студенты оказываются в настоящих жизненных ситуациях. Вовлеченные в ситуацию, они вынуждены реагировать на нее спонтанно и адекватно, что стимулирует создание неожиданных оригинальных высказываний, а не просто манипуляцию шаблонными языковыми формулами. Но это лишь одна из возможностей Интернет. Вообще же возможности использования Интернет ресурсов огромны. Глобальная компьютерная сеть создает условия для получения любой необходимой информации по любой теме.

Это и интересный страноведческий материал для ознакомления студентов с нравами и обычаями стран изучаемого языка (в частности, английского) с фотографиями государственных гербов и флагов; это и оригинальные тестовые задания по всем видам речевой и языковой деятельности; это и возможность скачать необходимые в работе журналы, которых уже нет в продаже, такие, как «Speak English» издательства «Маршалл Кавендиш» из Великобритании и м.д.

С целью повышения интереса к изучаемому языку, студенты могут принимать участие в разнообразных конкурсах, викторинах, олимпиадах, проводимых по сети Интернет; могут вести долгосрочную переписку со сверстниками из других стран, совершенствуя при этом навыки письма; могут участвовать в видеоконференциях и т.д. Некоторые из моих студентов

переписываются с американскими сверстниками и, в случае затруднения, советуются, как лучше ответить на электронное письмо в том или ином случае. При сотрудничестве Интернет и урока часто используется проектная форма учебной деятельности.

Проект предполагает самостоятельную исследовательскую работу студентов, в процессе которой они ищут способ решения определенной комплексной многоуровневой задачи. Кроме того, есть возможность создания совместных учебных проектов с зарубежными сверстниками.

Студенты не просто делятся информацией с партнерами из разных стран, а целенаправленно работают над каким-либо проектом. Вначале выбирается интересующая тема, как правило, весьма актуальная: СПИД, наркотики, взаимоотношения с родителями, поиск работы и т.д. Затем разрабатываются методы исследования этой темы, создается свой стенд, куда помещаются полученные результаты.

Тему проекта можно выбрать и из уже предложенных кем-то на лист-сервере. Можно же поместить туда свою и ждать ответных контактов. По завершении проекта студенты представляют полный отчет о проделанной работе: что сделали, каким образом, что из этого получилось, что нового и полезного для себя узнали, как оцениваете результаты проектной работы. Ни один год обучения не обходится без написания рефератов. Студенты активно участвуют в мини-конференциях на английском языке, которые проводятся один-два раза за семестр, чтобы показать свою языковую компетентность и заработать дополнительные баллы для зачета, либо экзамена. И в данном случае первый помощник – Интернет.

Современный интересный страноведческий материал, оригинальные статьи по изучаемой специальности – выбор велик и многообразен, на любой вкус и уровень владения иностранным языком. При работе с компьютерными технологиями меняется и роль педагога, основная задача которого – поддерживать и направлять развитие личности студентов, их творческий поиск и

энтузиазм. Отношения в такой ситуации строятся на принципах сотрудничества и совместного творчества.

В этих условиях неизбежен пересмотр сложившихся сегодня организационных форм учебной работы. Во-первых, это увеличение самостоятельной индивидуальной и групповой работы студентов. Предпочтение отдается работе в небольших группах, без жесткого контроля со стороны преподавателя. Наилучшие результаты достигаются за счет возможности обучающихся самим выбрать тему для обсуждения, а не следовать беспрекословно указаниям учителя и большинству группы (в таком случае просто образуется новая группа). Во-вторых, это отход от традиционного построения занятия, где преобладает объяснительно-иллюстративный метод обучения и фронтальный контроль знаний. В-третьих, необходимо увеличение объема практических и творческих работ поискового и исследовательского характера, что повышает мотивацию студентов к данному предмету и способствует развитию коммуникативной культуры.

Таким образом, использование безграничных Интернет-ресурсов помогает реализовать лично-ориентированный подход в обучении, обеспечивает индивидуализацию и дифференциацию обучения с учетом уровня подготовки, способностей и склонностей студентов. Можно выделить задачи, которые можно выполнять с помощью Интернета:

- включение материалов сети в содержание урока (интегрирование их в программу обучения);
- самостоятельный поиск информации учащимися в рамках работы над проектом;
- углубленное самостоятельное изучение первого или второго иностранного языка, ликвидация пробелов в знаниях, умениях, навыках;
- самостоятельная подготовка к сдаче квалификационного экзамена экстерном;
- систематическое изучения определенного аспекта

иностранного языка дистанционно под руководством преподавателя;

- повышение мотивации и создание потребности в изучение иностранного языка посредством живого общения;

- формирование и развития умений и навыков чтения, непосредственно используя материалы сети разной степени сложности;

- формирование и развития умений и навыков аудирования на основе аутентичных звуковых текстов сети Интернет, также соответственно подготовленных преподавателем;

- совершенствование умений монологического и диалогического высказывания на основе проблемного обсуждения представленных преподавателем или кем-то из учащихся материалов сети;

- совершенствование умений письменной речи, индивидуально или письменно составляя ответы партнерам по переписке;

- пополнение словарного запаса, как активного, так и пассивного, лексикой современного иностранного языка, отражающего определенный этап развития культуры народа, социального и политического устройства общества, используя аутентичные тексты из страны изучаемого языка;

- знакомство с культуроведческими знаниями, включающими в себя речевой этикет, особенности речевого поведения различных народов в условиях общения, особенности культуры, традиций страны изучаемого языка.

Можно воспользоваться и услугами чата или электронной почты, чтобы получить мнение носителей языка. Затем обсудить на уроке разные точки зрения на одну и ту же проблему (например, выборы президента страны, события в разных точках мира, мнения о прочитанной книге, особенности образования в разных странах, традиции празднования одних и тех же праздников в разных странах, например Рождества, и т.д.). При этом можно подобрать необходимые и очень интересные иллюстрации.

Таким образом, происходит диалог культур непосредственно

на занятии, стимулированный реальными контактами с представителями этой культуры. Интернет -- превосходное средство для получения информации о последних событиях в мире. Таким образом, можно с помощью Интернет превратить классную комнату в агентство новостей, а своих студентов - в первоклассных репортеров. **BBC World Service** предоставляют возможность не только прочитать, но и прослушать новости, на многих языках, причем можно даже выбрать для себя подходящий уровень владения английским и прослушать новости в режиме **LEARNING ENGLISH**.

Интересной может показаться двойная классификация статей - по темам и по континентам. Можно предложить обучающимся работать по двое или по трое, исследовать статьи, охватывающие все стороны жизни: передовицы, спорт, погоду, культуру. Преимущество такой работы заключается в полной вовлеченности всех студентов в сочетании с дифференциацией заданий: сильные студенты могут заняться исследованием более трудных статей, в то время как более слабым ученикам можно поручить отчет о погодных условиях или что-нибудь из области культуры. В дополнение к работе над навыками чтения и говорения, можно пополнять словарный запас. Для этого надо предложить студентам составить словарные статьи, опираясь на прочитанную информацию. Для развития межкультурной компетенции исследование статей на определенную тему лишь одного из новостных агентств на протяжении длительного промежутка времени имеет также свои преимущества: досконально изучив проблему, студенты будут в состоянии не только определить позицию данной страны к изучаемой проблеме, но и выявить основания для такой точки зрения, и, соответственно, смогут прогнозировать развитие событий. После проделанной работы необходима дискуссия или телеконференция, где работа каждого ученика или группы будет являться отдельным сектором общей проблемы. Поделившись результатами своей работы и сложив их в единое целое, ученики

получат многогранную картину события, которая позволит им понять причины происходящего и, вполне вероятно, нацелит их на поиск оптимального решения - ведь понимание, установление причинно-следственных связей - это единственно правильная основа для выхода из конфликта.

Овладение коммуникативной и межкультурной компетенцией невозможно без практики общения, и использование ресурсов Интернет на уроке иностранного языка в этом смысле просто незаменимо.

Использованные литературы:

1. Андреева Н.В. Компьютерные технологии в обучении иностранному языку / Н.В. Андреева; Калинингр.гос.ун-т.-Калининград: Изд-во Калинингр.гос.ун-та, 2002. - 101 с.
2. Африна Е. ЦОР, ИИСС, ИУМК - что это такое и как их использовать в школе?//Народное образование.-2007.-№9.С.146-150.
3. Григорьева Т.В. Компьютер в преподавании иностранных языков / Т.В. Григорьева, О.А. Мерцалова // Иностр. яз. в шк. - 1991. - № 3. - С. 99-111.
4. Бухаркина М.Ю. Мультимедийный учебник: что это?: [сопоставление электронных учебников по иностранным языкам с традиционными видами изданий] // Там же. -2001. -№4. -С. 29-32.
5. Есенина Н.Е. Обзор электронных образовательных и информационных ресурсов для обучения иностранному языку// Информатика и образование. -2006. -№ 12. -С.103-105.
6. Муковникова Е.В. Эффективное использование цифровых образовательных ресурсов при работе с одаренными детьми на уроке английского языка//Одаренный ребенок.-2007. -№4.-С.92-99.
7. Недбай В.В. Активная работа с медиа-информацией как одно из условий развития умения опосредованного общения учащихся при обучении иностранному языку // Язык и время. – Красноярск, 2004.–С.184-189./Р.К.Потапова.–М.: МГЛУ, 2002.–576 с.

Мейрамгүл ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
Семей қаласындағы
№29 орта мектептің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

2006-2007 оқу жылында өзге тілді мектептерде қазақ тілін оқыту Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне арналған «Жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты» негізінде «Қазақ тілі» пәні, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі №693 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Екінші тіл ретінде оқытылатын мемлекеттік тіл мазмұны қоғамда болып жатқан өзгерістерге сәйкес үнемі жаңарып, жетілдірілу үстінде. Сондықтан білім беру жүйесінің барлық сатысында, соның ішінде өзге тілді мектептерде де қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан міндетті пән ретінде оқытылып келеді.

Мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты – оқу орыс тілінде жүретін мектеп оқушыларының бастауыш мектепте алған білімін жалғастырып, 5-7 сыныптағы білім мазмұнын «қоршаған орта» тақырыптары арқылы грамматикадан практикалық түрде алған білімдерін теориялық жүйелеу, сөз қорын байыту.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі қазақ мектептеріндегіден басқаша. Өйткені орыс сыныптарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше.

Орыс сыныптарында сөз байлығын молайту негізінен сөздік жүргізу, суретпен жұмыс, мәтін оқыту жұмыстарына қатыстыру әдістері арқылы жүргізіледі.

Орыс сыныптарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін

мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеде жеткізу. Былайша айтқанда, орыс мектебін бітірген оқушылар кейін еңбекке араласқан кезінде жергілікті халықпен қазақша сөйлесіп, түсінісе алатындай болуға тиіс.

Бұл мақсатқа жету үшін орыс сыныптарында қазақ тілі алғашқы сабақтан бастап сөйлем түрінде үйретілуге тиіс. Өйткені жеке атау тұлғалы сөздерді, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіре алады. Адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бір-бірімен түсінісіп, пікір алыса алады. Орыс сыныптарында өтілетін әр сабақ тіл дамыту сабағы деуге болады.

Екінші бір тілді меңгеру – сөз үйренуден, мәтін оқудан, сол тілдің грамматикасын білуден басталады.

Орыс мектебінің оқушыларына күнделікті өмірде қазақша сөйлесе білу, өз ойын сауатты жаза білу міндеттеледі. Ол үшін бағдарлама көлемінде көрсетілген жаңа сөздерді үйреніп, грамматикалық ережелерді меңгеріп, сурет, жаттығу бойынша жұмыс жүргізу арқылы сөз байлықтарын молайтып, сөйлем жаза білуге жаттықтыру керек.

Оқушыларға тіл үйрету дегеніміз – кезкелген сөзді құрғақ жаттап алу емес, жаңа сөздің мағынасын түсініп, саналы түрде жаттау, ауызша, жазбаша сөзді орынды қолдана білу.

Тіл үйретудің негізі – оқушылардың сөздік қорын байыту және сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің бастауыш – орта буын сыныптарындағы оқушыларға жаңа сөздерді үйретуде мынадай әдістемелік талаптар ескерілуі тиіс.

1. Жаңа сөздер жеке-дара алынбай, басқа сөздермен байланысты мәнінде алынып, қолданыстағы жағдайда беріледі.

2. Оқушының белсенді түрде меңгеретін жаңа сөздері 6-7 сабақ бойы еске түсіріліп, қайталанып отырылады.

3. Сондай-ақ жаңа сөз оқушының түсінуіне ыңғайлы, жеңіл

түрде беріледі.

4. Оқушы жаңа сөзді тиянақтап еске сақтау үшін сабақта түрлі көрнектіліктер қолданылады.

Жаңа сабақ өткен сабақтың жалғасы ретінде өтілуге тиіс. Әсіресе, оқушылардың тілін дамыту үшін өткен сабақтарда үйренген сөздерді қайталап, сол сөздерден ауызша да, жазбаша да сөйлем құратып жаттықтыру керек және жаңадан үйретілген бұрынғы сөздермен өзара байланыста алынғаны орынды.

1. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздердің мағынасын түсініп есте сақтаумен бірге, дұрыс айтып үйренудің мәні зор. Ол үшін алдымен үйретілетін сөздердің дыбысталуын айтып, одан кейін оқушылар сынып болып қайталайды. Әр оқушының сөзді дұрыс айтуына бақылау жасалынады, ол сабақ сайын жалғасып отырылуы керек.

2. Заттың өзін көрсету арқылы меңгерту. Затты нақты көрсету арқылы оқушы сөздің мағынасын түсінуі керек. Есте сақтау қабілетімен қатар, көру қабілетінің де мүмкіндігі артады. Затты көрсету барысында оқушы сөзді нақты деректік негізде қабылдайды.

3. Жаңа сөзді оқушылардың естерінде тұрақтандыру жолдары.

а) Мұғалім әр мәтін арқылы үйретілген жаңа сөздерді сөздікке жазғызып қоюмен шектелмей, оларды естеріне тұрақтандыруға арналған жаттығулар жүргізу қажет. Онда мына сияқты жұмыстар орындалады: сол сөздерді қатыстырып, бір-біріне сұрақ қойғызу, оған жауап бергізу, ол сұрақ-жауаптарын жазғызу, сол сөздерді дұрыс оқуға көңіл бөлу, сурет бойынша сөйлем құрату, орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аударту, т.б. Әрине, бұдан бұлақ айтылғандарды бір сабақта жүргізу керек деген ұғым тумау керек.

ә) Сабақ сайын үйретілген сөз сол сабақпен тынбай, кейінгі сабақтардағы жұмыстарда да қайталанып отырғанда ғана оқушылардың сөздік қорын тұрақтандыруға болады.

б) Оқушылардың сөздік қорын байыту үшін, заттың өзін немесе суретін, мүсінін көрсете отырып, атын айтқызу, сол сөздер арқылы

в) Оқушылардың сөздік дәптері болуын мұғалім бірінші күннен бастап қадағалап отыруы қажет. Осы сөздік жұмыс арқылы олардың сөздік қорының шамасы қандай дәрежеде екенін білуіне мүмкіндік туады.

Оқушының сөздік дәптерін мұғалім аптасына бір рет жинап алып, сауаттылығын тексеру керек, баға қойып отырса, сөздік жұмысын мұқият жазып отыруына ықпал ете алады. V-VI сынып оқушыларының белгілі дәрежеде сөздік қоры болғандықтан, жаңа сөздерді үйреткенде, әрине, төменгі сынып оқушыларына қарағанда басқаша әдіс қолданылады. Мысалы, төменгі сынып оқушылары үшін үйретілетін сөздерді мұғалім дайындап алып келетін болса, жоғары сыныптарда мәтінді оқу, оны талдау барысында айқындайды.

II-IV сыныптар оқушыларына грамматикалық анықтамаларды, ережелерді жаттатып үйретудің қажеті жоқ. Бірақ мұғалім оқушыларға сөздердің бір-бірімен байланысу жолдарын практикалық жолмен білдіруі керек. Мысалы: «Қалам партада жатыр» деген сөйлемді алып, «партада» сөзін талдау арқылы мұның қайда? деген сұраққа жауап беріп, қаламның орнын білдіретіндігін үйрету қажет. Басқада грамматикалық формаларды осы әдіспен практикалық түрде үйреткен дұрыс. Орыс сыныптарының оқушыларына қиын тиетіні, әсіресе, етістік формалары. Мысалы, орыс тілінде өткен шақтың бір ғана түрі болса, қазақ тілінде оның бірнеше түрі бар. Бастауыш сынып оқушыларына мұның жедел өткен шақ түрін ғана практикалық жолмен түсіндірген жөн. Мұнда да екі не бірнеше сөйлем алып, соларды салыстыру әдісі қолданылады. Мысалға, «Асқар, сен оқы. Асқар кітап оқыды.» деген екі сөйлем алып, оқы-читай, оқыды – читал деген мағына беретіндігін түсіндіргеннен кейін, оқушылардың есіне нық сақтауы үшін біркелкі лайықты жаттығу жұмыстары молынан жүргізіліп, олардың қайталанып отырғаны абзал. Оқушылар «оқыды» сөзінің өткен шақта екендігін түсінгеннен кейін, осыған ұқсас «Айша сыныпқа кірді. Еркебұлан бор алды. Мағжан тақтаға

жазды.» сияқты біртектес сөйлемдерді талдау, аудару арқылы жаттықтырған орынды.

4. Сурет арқылы жаңа сөздерді үйрету.

Қазақ тілі сабағында сөз үйретудің тиімді тәсілдерінің бірі – суретті пайдалану. Бала табиғатында көрнекілікке өте бейім келеді. 5 жаңа сөзді құрғақ суретсіз түсіндірсе, оқушы ұзақ және нәтижесіз қиналысқа түседі. Әр түрлі сурет арқылы 20 сөз үйретсең, оқушы оны сол сәтінде қабылдап, үйренеді.

Оқушыларға тіл үйретуде ең басты құрал – оқулық. Оқушылар төменгі сыныптарда үйренген сөздеріне, сөз тіркестеріне жалғастыра отырып, сыныпта жаңа сөздерді үйреніп, сөз байлығын арттырады. Жаңа сөздерді үйрену арқылы оқиғаларын қысқаша болса да айтып беруге дағдыланады.

Төменгі сыныптарда меңгерілген сөздер мен сөз тіркестері ауызекі сөйлеуде, жазу жұмысы және мәтіндер оқу арқылы тіл ұстарту жұмыстарымен байланысты жүргізіліп, пысықталады. Осындай тәсілдермен оқушылардың сөздік қоры молая береді.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйретуде әріптері түсіріліп жазылған сөздері бар сөйлемдерді толықтырып жаздыру әдісі көбірек қолданылады. Мысалы: Бізді ... сынып б...р...ші қабатта. Мен...ызық к...тап оқ...дым.

Оқушылар көбінесе сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін ауыстырып алады. Сондықтан орыс сыныбының оқушыларына әр сабақ сайын қазақ тілінде баяндауыш пен етістік сөйлемнің соңында тұратынын айтып отыру керек. Мысалы: Бала алды кітап. Асқар берді дәптер. Ойнады доп Әсет.

Орындары ауысып келген сөздерден сөйлемдер құратып жаздыру керек.

5. Мәтінді оқумен байланысты тіл ұстарту. Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс – кітаппен жұмыс. Мәтінмен жұмыс дегеніміз – сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар: дыбыстармен жұмыс, сөздіктермен жұмыс, сөздік қорын жетілдіру, тіл дамыту

ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар, сұрақ-жауаптар балаларды қазақша сөйлетіп үйретуге, сұраққа жауап беруге, өздерін бір-бірімен сөйлестіруге, оқығандарын ауызша, өз бетінше істеуге дағдыландырады.

Көрнекі құралдарды пайдалану арқылы тіл ұстарту

Сабақ үстінде оқушылардың тілін ұстартуда сабақты құрғақ сөзбен түсіндіргеннен гөрі, көрнекі құралдарды пайдаланып түсіндірген тиімді.

Баланың сөздік қорын байытып, тілін дамытудағы тиімді жолдардың бірі – суретпен жұмыс.

Ойын элементтерін сабақта пайдалану жолдары

1-3 сыныптарда оқушыларды қазақша сөйлеуге үйретуде ойын элементтерінің үлкен ықпалы бар. Ойындарды пайдалану арқылы оқушының бірте-бірте сөйлей білуге, сондай-ақ ойын ситуациялары арқылы олардың ынтасы мен зейінін арттыруға болады.

Дидактикалық ойын түрлерін сыныптардағы сабақтарда қолдану барысында оқушыларға сұрақтар беріп, оған дұрыс жауап қайтару талап етіледі.

1) - Дүкенде не бар?

- Дүкенде нан, сүт, май бар.
- Дүкенде балмұздақ бар ма?
- Дүкенде балмұздақ бар.

2) - Бағдаршамда неше түс бар?

- Бағдаршамда үш түс бар.
- Олар қандай?
- Қызыл, жасыл, сары.
- Қызыл жанғанда тұр.
- Жасыл жанғанда жүр.
- Сары жанғанда абайла, дайындал.

Сабақ ортасында «Сергіту» ойынын жүргізу керек.

3) **Ойын «Қажетті буынды қос».** Мақсаты: оқушылардың есту, тез ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қазақ тіліне қызығушылықтарын тудыру.

Ойын барысы: Мұғалім бірінші буынды айтады, оқушы қажетті буынды қосып, сөзді аяқтайды. Мысалы: са-бақ, сы-нып, дөп-тер, кі-тап, о-қу-шы, жел-тоқ-сан және т.б.

4) **Ойын: «Ә» дыбысын тап.**

Көрнекі құралдар: «А» және «Ә» дыбыстары жазылған кәртiшкелер.

Ойын барысы: Мұғалім осы дыбыстары бар сөздерді араластырып айтады. Оқушылар қайталайды, «Ә» дыбысы бар сөздер айтылғанда кәртiшкелерін көтереді.

Аға, адал, әже, апа, алма, әліппе, алтын, әтеш, әдемі, ақ, әке, әріп, адам.

5) Сөздегі дыбысты ата. Ұ және Ү дыбыстарын қайталау.

Ойын барысы: Мұғалім ү және ұ дыбыстары бар сөздерді айтады, оқушылар қайталап, «ұ» дыбысы бар сөз айтылғанда алақандарын шапалақтайды.

Бір оқушы тұрып сөзді қайталайды. Жүр, жұмыс, күн, үлкен, ұя, үзіліс, жүзім, ұшақ, ұзын, үй, ұлу, үстел, үйрек.

6) Жеміс-жидектерді өткеннен кейін білімдерін бекіту үшін ойналатын ойын.

Мақсаты: Оқушылардың жеміс-жидектер туралы алған білімдерін қорытындылау, сөйлеу тілдерін дамыту.

Көрнекі құралдар: жемістер мен жидектердің суреттері.

Ойын барысы: Мұғалім жемісті көрсетеді. Оқушы қазақша оның атын, түсін, дәмін, көлемін айтады.

Мысалы: Мынау - алма. Алма үлкен. Алма қызыл. Алма тәтті.



Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе”
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.**

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – **Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 30.11.2010ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 1483.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Алматы – Болашақ» акционерлік
қоғамы**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
Алматы, №1, 2011 ж. 144 бет.